

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Қыркүйек айы 2022жыл 1 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі 01.09.2022	Жұма 02.09.2022
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (пазлдар, домино). Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) Балалармен жеке жұмыс.				
Таңертенгі жаттығу	Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбері Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту) Ұйымдастырылған іс әрекет тақырыбына сай жұмбақтар жасыру. Жаттаған тақпақты есіне түсіріп, қайталап айту				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	Музыка
				Білім күні туралы әңгімелесу, кітаптар қарау (көркем әдебиет) Мерекелік шарларды салу (сурет салу) Конструкторлардан мектепті құрастыру. (құрастыру) Балаларды ортаға жинап сергіту сәтін жасау. Әр баланың салған шарларын санау, салыстыру (математика негіздері) Таңдауы бойынша орталықтарда ауысып жұмыс жасау.	Ғажайып сәт «Тасша бала» қонаққа келеді. Балаларға әртүрлі сыйлықтар алып келгенін айтады. Әр түрлі кітаптар қаламдар, түрлі түсті қағаздар, желім және ермексазды береді. Балалардың қалауы бойынша кітап қарауға (сөйлеуді дамыту) , әр бала таңдауы бойынша кітаптың суретін салуға (сурет салу) , жаспыруға, мүсін жасауға бөлу. (жапсыру, мүсіндеу)

Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.				
Серуен				Білім күніне арналған таза ауадағы мерекелік концерт. Балалардың бірге ән айтып би билеуін ұйымдастыру. (музыка) Балалардың еркін ойындары. (дене белсенділігі), Ауа райы: күн әсері мен шуағына бақылау жасау (қоршаған ортамен таныстыру)	Кітаптарды серуенге алып шығып, тамашалап тақпақтар жаттау (көркем әдебиет) Балалардың еркін ойындары. (дене белсенділігі), Табиғат: Балалабақша аймағын аралап, балабақшада өсетін көкөністерді тамашалау, атау. (қоршаған ортамен таныстыру) Қимылды ойын «Кім жылдам»
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ереже: Тамақ ішер кезде енді, Сөйлемейміз күлмейміз. Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. (сөйлеуді дамыту)				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Түлкі мен қоян ертегісін оқып беру (көркем әрекет)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)				Ауа райы: туралы күнтізбеден табиғат бұрышында тапсырмаларды орындау. Балалардың қалауы бойынша орталықтарда жұмыс. отбасы мүшелерінің мектептегі білім күні мерекесіне қалай дайындалғандары туралы әңгімелесу (сөйлеуді дамыту) . Еркін тақырыпта шығармашылық (Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) іс әрекеттерін балалардың қалауы бойынша ұйымдастыру	Психологиялық ойын «Өз күлкіңмен бөліс» Балалардың қалауы бойынша құрастыру материалдарынан балабақша, мектеп құрастыру. (құрастыру) Кітаптардың пішінін атау, салмағын анықтау, ауыр жеңілін, үлкен кішісін топтастыру (математика негіздері)
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) .				
Серуен				Қ/о «Үрпек төбет» Желдің қай жақтан соғып тұрғанын бақылау. Балалардың қалауы бойынша жеке жұмыстар, еркін ойындар	Қ/о «Қоймадағы тышқандар» Өсімдіктерге жасаған күтім нәтижесін көрсету. Балалардың қалауы бойынша жеке жұмыстар, еркін ойындар
Балалардың үйге қайтуы				Ата-аналармен баланың балабақша бейімделуі жайында сұхбат	Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру

Тексерген әдіскер:
Тәрбиеші:




Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Қыркүйек айы 2022жыл 2 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 5.09.2022	Сейсенбі 6.09.2022	Сәрсенбі 7.09.2022	Бейсенбі 08.09.2022	Жұма 09.09.2022
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Пазлдармен үстел -үсті ойыны. «Кішкентай көмекшілер» ойыны Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, (сөйлеуді дамыту) Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) Балармен жеке жұмыс.				
Таңертенгі жаттығу	Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. Аумин десең маған, Алтыннан-жағаң, Күмістен тағаң Оң жағыңнан кетпесін, Тілеуің қабыл, Мұратың асыл болсын, Аумин (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Балалар жаңалықтарымен бөліседі, жақсы тілектер тілеу. «Кітап қайдан келеді?» тақырыбында әңгімелесі. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	Музыка
	Балалар қалаулары бойынша іс әрекеттерді таңдап, орталықтарға барып жұмыс жасайды. Бірінші орталықта біздің топта қандай кітаптар бар? Кітаптарды қалай ажыратуға болатынын анықтау. Кітап неден жасалған? (Қоршаған ортамен таныстыру, зерттеу әрекеті) Өзіміз кітап жасаймыз. Балаларға қағаздарды желімдеу арқылы кітап	Кітап дүкені және кітапхана туралы балардың ойларын тыңдау, кітапханада және кітап дүкенінде рөлдік ойынын ойнау. Айырмашылықтарын білу. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Ертегі кітап суретін салу (сурет салу)	«Менің сүйікті кейіпкерім» әңгімелесу. кітаптардан суреттерін қарау. Өз ойымен бөлісу. Ойыншығы арқылы іс әрекетін көрсету. Сахналау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Сүйікті кейіпкерінің суретін салу, мүсінін жасау немесе қиып бейнесін жапсыру. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)	«Менің алғашқы кітабым» тақырыбында балалармен әңгімелесу. Сурет кітаптарын бояу. Жазушымен кездесу. (сөйлеуді дамыту) Топтағы кітап орталығын шарлармен әр түрлі суреттермен сәндеу. (сурет салу) «Кітап сөреге қалай келеді» тақырыбында әңгімелесу. Қандай мамандар кітап шығару жолында қызмет ететінін	Кітапқа қамқор боламыз. Кітаптарды қалай күтіп ұстау керектігі туралы әңгімеслесу. (сөйлеуді дамыту) Балаларға жыртылған кітаптарды түптеп, жапсырып жөндеуге беру. Өз қолдарымен жасаған кітаптармен сөрені толтыру. (жапсыру)

	жасату. (жапсыру) Өз қалаулары бойынша кітап мұқабасын сәндеп сурет салу. (сурет салу)			фильм арқылы тамашалау. (қоршаған ортамен таныстыру) Рөлдерге еніп ойнау. (Көркем әдебиет)	
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Кітап жасау үшін ағаштарға қамқор болу керектігі туралы әңгімелесу, ағаштарға қамқорлық жұмыстарын жүргізу. Желілі ойын Еркін тақырыпта балалардың қалауы бойынша ойын ұйымдастыру	Мектеп кітапханасына экскурсия жасау. Қимылды ойын: «Өз түсінді тап», балалардың еркін ойындары	Сүйікті кейіпкерлерін серуенге алып шығу, еркін ойындар. «Құстар біздің досымыз» балабақша ауласында ұшып жүрген құстарға бақылау жасату, қамқорлық жасау үшін ұя жасауды жоспарлау	Киімдерге бақылау Күз мезгілінде адамдардың киімдерінде болатын өзгерістерді байқау, ерекшеліктерін атау.	Мультфильм Балалардың қалауы бойынша таза ауада немесе муз залда басқа топ балаларымен бірге мультфильм тамашалау
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ереже: Тамақ ішер кезде енді, Сөйлемейміз күлмейміз. Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз.				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Қазақ халық ертегілерін оқып беру (көркем әрекет)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітаптан ертегі оқып беру. Балалардың өздері құрастырған ертегісін тыңдау. (көркем әдебиет) Кітаптарын жасау бойынша жұмыстарын жалғастыру. (сурет салу, жапсыру) Кітаптарды санау, өлшеу, салыстыру (математика негіздері)	Кітапхана немесе кітап дүкенін құрастыру материалдарынан құрастыру. (құрастыру) Еркін рөлдік ойындар. Өз кітаптарын жасау жұмыстарын жалғастыру	Кітаптан ән жаттау, айту (музыка) Еркін іс әрекеттер. Өз кітаптарын жасау жұмыстарын жалғастыру	Балалардың өз қолдарымен жасаған кітаптарынан көрме ұйымдастырып, басқа топтың педагогтарымен балаларын шақыру.	Балалардың таңдауы бойынша кітаптағы ертегілерді сахналау. Еркін рөлдік ойындар. (сөйлеуді дамыту)
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Қ/о «Трамвай» Бүгінгі күн жайында әңгімелесу.	Қ/о «Үрпек төбет». Кешкі табиғатты тамашалау.	Қ/о « Күн шуақ және жаңбыр » Үйде қандай ойын ойнайтыны жөнінде сұрау. Сол ойынды топпен ойнату.	Қ/о Ойыншықты алып кел. Күзгі киімдерді атап, тауып көрсету. Ерекшеліктерін айтқызып пысықтау.	Бүгін көрген мультфильмі жайында әңгімелесу. Сюжеттерін сомдап ойнату (сөйлеуді дамыту) Қ/о Өз түсінді тап
Балалардың үйге қайтуы	Ата аналарды кітаптар бойынша жүргізілетін жұмыс жоспарымен таныстыру	Үйде кітап оқып беруге кеңес беру	Сүйікті кітабын алдырту	Баланың жасаған кітабын таныстыру	Сүйікті кейіпкерін сомдап ойнауын ұсыну

Тексерген әдіскер:
Тәрбиеші:




Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Қыркүйек айы 2022жыл 3 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 12.09.2022	Сейсенбі 13.09.2022	Сәрсенбі 14.09.2022	Бейсенбі 15.09.2022	Жұма 16.09.2022
Балаларды қабылдау	Балалардың көтеріңкі көңіл-күйде болуын ұйымдастыру. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді пысықтау. Баладан бақшаға келгенше не көргенін, қандай көңіл күймен келгенін сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында және болған жаңалықтар жайлы ата-анамен әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. (сөйлеуді дамыту) Дидактикалық ойын:« Ойыншықты тап, сана», «Қуыршақ қонаққа дайындалуда», «Орнын тап» Мен ертегі кейіпкерімін сюжетті ойын Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) Балармен жеке жұмыс.				
Таңертенгі жаттығу	Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. Аумин десең маған, Алтыннан-жағаң, Күмістен тағаң Оң жағыңнан кетпесін, Тілеуің қабыл, Мұратың асыл болсын, Аумин				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Балалар жаңалықтарымен бөліседі, жақсы тілектер тілеу. «Менің сүйікті ойыншығым» тақырыбында әңгімелесі. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	Музыка
	Топтағы сүйікті ойыншықтарын атау, алып келу. Ойыншықтары не үшін сүйікті екенін айту, суретін салу немесе мүсінін жасауды ұсыну. (сөйлеуді дамыту, сурет салу, мүсіндеу) Кітаптарда ойыншығының суреті барма қарау. Ертегіде ойыншығы туралы	«Ғажайып ойыншық жасау шеберханасымен» балаларды таныстыру. Балалар қалаған табиғи заттарды алып өз ойыншығын жасайды. (құрастыру) Ойыншық жасау үшін қажетті заттар тізімін дайындау. (қоршаған ортамен танысу) Ол ойыншықпен қалай ойнауға болатынын	Менің ата анамның ойыншығы тақырыбында әңгімелесу. Олар қандай ойыншықпен және қалай ойнағаны туралы сұрау. Балалардың ойын тыңдау. (сөйлеуді дамыту) Сол ойыншықтардың суретін салу. (сурет салу) Қуыршақ туралы тақпақ жаттау (көркем әдебиет)	Дидкатикалық ойын «Ойыншық неден жасалған» Ойыншықтарды биіктігіне қарай топтастыру санау,жұптастыру «Бестемше» ойын құралы негізінде ұлттық ойыншығымен таныстыру. Қосу кемейту амалдарын үйрету	Ойыншықтар жәрмеңкесі. Балалардың жасаған ойыншықтарын басқа топтың балаларына тамашалату. Қонақтарға музыкалық ойыншықтарды пайдаланып концерт ұйымдастыру. (музыка)

	айтыла ма анықтау. (көркем әдебиет) Дидактикалық ойын «Кім екенін тап» көздерін жұмып, қолдарымен қоржындағы ойыншықты тауып, атау. Ретімен, кері қарай санау (математика негіздері)	әңгімелеу. (сөйлеуді дамыту) Ол ойыншықтың қандай болып шығатынын ойланып суретін салу. (сурет салу)		(математика негіздері) «Асық» ойыны (дене белсенділігі,мате матика) Орамалдан бөпе жасау. (кұрастыру)	
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Ұжымдық сурет салу. Плакатқа сөредегі ойыншықтарды санатып, суретін салдырту.	Дидактикалық ойын «Кім екенін тап»	Сахналау (ойыншықтардың қимылын сомдау)	Еңбек Күзде ересектерге ауласыпырушыға балабақша ауласын тазартуда көмек беру	«Ойыншықтар әлемі» балабақша ауласындағы ойын құралдарын атау, санау, пішіндерін салыстырып атау .
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» (сөйлеуді дамыту). Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ереже: Тамақ ішер кезде енді, Сөйлемейміз күлмейміз. Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз.				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Орыс халық ертегілерін оқып беру (көркем әрекет)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.				

	(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топтағы ойыншықтарды санау, биік аласа өлшемі бойынша топтастыру, салыстыру Сөрелерге кеңістікті бағдарлай отырып жайғастыру (математика негіздері)	Өз ойыншықтарын жасауды жалғастыру. Балалардың таңдауы бойынша шығармашылық жұмыстар	Өз ойыншықтарын жасауды жалғастыру. Ойыншық зауыттары туралы фильм, мультфильм тамашалау.	Музыкалық ойыншықтармен танысу. Концерттік қойылымға дайындалу	Жәрмеңкені ата аналар үшін дайындау. Балалардың әсерлері туралы әңгімелесу
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Қ/О «Допты қағып ал» Еркін ойындар Жеке әңгімелесулер	Қ/о «Орамал тастамақ». Кешкі табиғаттың ерекшеліктерін атау.	Қ/О «Соқыр теке». Ойыншық жасау бойынша жеке жұмыстар	Қ/о ««Хан талапай»» Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу	Қ/О «Ұшты-ұшты» Жәрмеңкені ата аналарға таныстыру, концерттік бағдарлама
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналармен балалардың сүйікті ойыншығы туралы әңгімелесу	Ата анасының қандай ойыншықпен ойнағынын баласына айтып беруін сұрау.	Баласының жасап жатқан ойыншығына көмектесуін сұрау.	Ата анасымен ұлттық ойындарды ойнауын ұйымдастыру	Баланың үйдегі күн тәртібінде ойынның маңыздылығы тақырыбында әңгімелесу.

Тексерген әдіскер: 

Тәрбиеші: 

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Қыркүйек айы 2022жыл 4 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 19.09.2022	Сейсенбі 20.09.2022	Сәрсенбі 21.09.2022	Бейсенбі 22.09.2022	Жұма 23.09.2022
Балаларды қабылдау	Балалардың көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жайлы жағдай жасау. Тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуін қалыптастыру. Баладан өз отбасында қандай шаруамен айналысқаны жайлы айтып беруге тарту (сөйлеуді дамыту) .				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың мінезіндегі өзгерістер туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты сипап сезу арқылы анықтау,атын атау), «Ғажайып сандық», «Үйшік құрастыр» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) Балармен жеке жұмыс.				
Таңертенгі жаттығу	Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Балалар жаңалықтарымен бөліседі, жақсы тілектер тілеу. «Менің отбасым», «Менің атам мен әжем», «Мен анама қалай көмектесемін» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	Музыка
	Балаларға өз отбасы мүшелерінің есімдерін атату, олар бізді қалай еркелетіп атайды, біз оларды қалай еркелетеміз әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту) Отбасы мүшелерінің суретін салу. (сурет салу) «Отбасы» рөлдік ойындарын ойнау. Отбасында ойналатын сүйікті ойынды ойнау. (көркем әдебиет)	«Біз тұратын үй» туралы әңгімелесу. Отбасы мүшелері бір біріне қандай жақсы сөздер айтады. Бір бірін қалай сыйлайды. Отбасы мүшелерінің суреттерін көріп танысу. Отбасы мүшелерін санау. Оларды сипаттау. (сөйлеуді дамыту) Балалардың қалауы бойынша сурет салу, мүсіндеу, жапсыру жұмыстарын жүргізу. (сурет салу) Құрастыру материалдарынан үйшік құрастыру. (құрастыру)	«Отбасылық демалыс» қалай өтеді. Кім қайда барады? Несімен ұнайды. Кітаптар қарау. (сөйлеуді дамыту) «Анасының көмекшілері» аспаздық шеберлік. Балаларға қамырдан бауырсақ жасату. (мүсіндеу) Құрастыру материалдарынан қандай ғимаратқа барғанын жасау. (құрастыру)	«Анаға сыйлық» балалардан аналары не жақсы көретінін сұрау. (сөйлеуді дамыту) Өз қолдарымен сыйлық жасау. Балалардың таңдауы бойынша табиғи материалдардан моншақ, білезік (жүннен) жасау. Гүлдердің (немесе басқа да сурет) суретін салу. (сурет салу) Ермексаздан сувинир жасау. Қағаздан гүл себетін құрастыру. (құрастыру)	«Құрметті қонақ» топқа отбасы мүшелерін қонаққа шақыру. Арнайы дайындалған әндерді, тақпақтарды айтып беру. Анама арналған сөздер. Өз сезімдерін аналарына жеткізу. Дайындаған сыйлықтарын беру. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, музыка)

Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Ұжымдық сурет салу. Біздің тобымыз үлкен отбасы. Әр бала өзінің балабақшадағы бейнесін салады. (сурет салу) Күз мезгілінің ерекшеліктеріне назар аударту. Ағаштарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу) Еркін ойындар	Отбасы дүкенге, емханаға, ойын сауық орталығына барғанда тақырыбында сюжеттік рөлдік ойындар ойнату. (көркем әбедиет) Желдің бағытын анықтау. Гүлдердің өзгергенін байқау. (қоршаған ортамен танысу) Еркін ойындар, жеке жұмыстар	«Менің анамның және апайымның көмекшісімін» аулада тазалық жұмыстарын ұйымдастыру. Аула сыпырушысының еңбегімен танысу. Айналадағы тазалықты байқау. (қоршаған ортамен танысу) Еркін ойындар.	Аналарға дайындалатын сыйлыққа табиғи материалдар жинау. Жұмыстарын таза ауада жалғастыру. Ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу) Еркін ойындар	Аналарына сыйлық бергендегі сезімдері туралы сұрау. Жақсы көретін әндерін қайталап айту. Еркін ойындар Бақша ауласындағы ағаштар мен гүлдерді санау. Биіктігін өлшеу. (математика негіздері)
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ереже айту. (сөйлеуді дамыту)				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Электронды кітаптан ертегі қойып беру (көркем әрекет)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Апатаның соңғы күні аналарға арналмен кездесу өтетінін хабарлау. Сол кездесуде	Өлеңдер мен тақпақтарын қайталау. Би үйрену. (көркем әдебиет, музыка)	Отбасылық саяхат рөлдік ойынын ойнау. Саяхаттау үшін бізге не керек ойынын ойнату.	Әндер мен тақпақтар және билерді қайталау. (көркем әдебиет, музыка)	Апата бойы немен айналысқандарын естеріне түсіру. Ұнаған ойындарын қайта ойнау. Демалыс

	айтылатын әндер мен тақпақтар жаттату. (көркем әдебиет, музыка) Балалардың қалауы бойынша дамытушы орталықтарда еркін іс әрекеттер	Отбасы жайлы әңгімелесу. Өнер орталықтарында еркін іс әрекеттер	Орталықтардағы еркін іс әрекеттер Әндер мен тақпақтар және билерді қайталау. (көркем әдебиет, музыка)	Аналарға берілетін сыйлықтарын аяқтау жұмыстары Еркін іс әрекеттер	күндері аналарына қалай немен көмектесетіні жайлы жоспар құру. (сөйлеуді дамыту) Еркін іс әрекеттер
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Қ/о ««Трамвай»» Еркін ойындар Жеке әңгімелесулер	Қ/О «Шымшықтар мен мысық» Кешкі табиғаттың ерекшеліктерін атау.	Қ/О «Кішкене маймылдар» Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу	Қ/о ««Хан талапай»» Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу	Қ/О «Ұшты-ұшты» Еркін ойындар.
Балалардың үйге қайтуы	Отбасылық сурет беріп жіберуін сұрау.	Отбасылық саяхаттар туралы естелік фотолар бар болса беріп жіберуін сұрау.	Отбасындағы баланың рөлі туралы сұрау.	Ашық есік күніне шақыру	Іс шарадан алған әсерлерін сұрау.

Тексерген әдіскер: 
Тәрбиеші: 

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Қыркүйек айы 2022жыл 5 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 26.09.2022	Сейсенбі 27.09.2022	Сәрсенбі 28.09.2022	Бейсенбі 29.09.2022	Жұма 30.09.2022
Балаларды қабылдау	Балалардың көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жайлы жағдай жасау. Тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуін қалыптастыру. Баладан өз отбасында қандай шаруамен айналысқаны жайлы айтып беруге тарту (сөйлеуді дамыту) .				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың мінезіндегі өзгерістер туралы, ауа райының өзгеруіне байланысты киінуі туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Күн және жаңбыр», «Бақшада не өседі?», «Ұшты ұшты» (сөйлеуді дамыту) Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) Балармен жеке жұмыс.				
Таңертенгі жаттығу	Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) .				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнына отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыруды пысықтау				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Балалармен жаңалықтарымен бөлісу, жақсы тілектерін айтқызу. Терезеден табиғатты бақылау, күнделікті ауа райына байланысты табиғат бұрышында суреттерді ауыстыру. «Алтын күз» дегінді қалай түсінетіні, неге жапырақтар түсін өзгертеді, неге олар түседі тақырыбында әңгімелесу (Қоршаған ортамен таныстыру) . Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	Музыка
	Серуенді бақша ауласын аралап, күзгі табиғатты тамашалап бақылаумен бастау. Ағаштардың биік аласа қасиеттерін атап, түскен бұтақтар мен жапырақтар, дәндерді жинап, түсін түрін атап,санап ,топқа алып келу. (қоршаған ортамен танысу,математика негіздері) Балалармен бірге жапырақты бояп таңбалап қағаз бетіне	«Нан қайдан келеді?» Күнделікті қандай тағамдарды қолданамыз. Олардың пайдасы қандай? Соның бірі нан қалай қайдан келді? Балалардың пікірін тыңдау. Ал нанның дастарханға қалай келетінін білу үшін Ендеше кітаптардан жауабын іздейік. (сөйлеуді дамыту) Балалардың тандауына мүмкіндік беріп нанның суретін салуға болады. (сурет салу) Нанды қамырдан жасауға	Балалардан күз туралы қандай ертегі немесе тақпақ білетінін сұрау. (сөйлеуді дамыту) Ендеше тақпақ жаттайық және өзіміздің күз туралы ертегі кітабымызды жасайық. (жапсыру) Балалардың таңдауы бойынша екі орталыққа бөлу. Балалар жұмыстарын аяқтаған соң сергіту сәті. Балалардың жасаған кітапшаларын тамашалап, тақпақтарын тыңдау. Сосын барлығына	Бақша ауласына серуен жасау, құстарды бақылау, бақша ауласында өмір сүретін жануарларды бақылау. Өздері не білетін айтқызу. Құстарға жем, су беру. (қоршаған ортамен таныстыру) Құстардың суретін салу. (сурет салу) Құрастыру материалдарынан үйшік жасау. (құрастыру)	Балалардан еңбек пен демалыс жайында сұрау. Күзде қалай демаламыз, жазда қалай демаламыз айырмашылықтарын білуін сұрау. (сөйлеуді дамыту) Ауылшаруашылық мамандықтарымен таныстыру. Олардың пайдаланатын құралдарын таныстыру. (қоршаған ортамен таныстыру) Балалардың қалауы бойынша кітап көруге, мамандардың құрал саймандарын мүсіндеп

	басу әдісімен сурет салу Жапырақтар мен шағын бұтақтардан икебано жасап безендіру заттарын жасап, топты безендіру. (жапсыру) Кітаптардан күзгі табиғат туралы суреттер қарап, ертегі тыңдау. (сөйлеуді дамыту)	болады деп іс әрекеттермен айналысуын қарастыру. (мүсіндеу)	күз туралы ән жаттатып, би билеуін ұйымдастыру. (музыка)		жасауға үйрету (мүсіндеу) және бидайдай тұқымдарын егуді жасап көруді ұсыну. Сергіту сәтін жасау арқылы орталықтардағы орындарын ауыстырып жұмысты жалғастыру.
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) .				
Серуен	Күзгі бақта пісетін жемістер мен көкөністерді бақылау. «дәмін татып біл» ойынын ойнату. Жемістер мен көкөністерді дәміне қарай тану, ата, санау. Күзгі жапырақтардан ауланы тазарту. Кім қанша жапырақ жинайды санау салыстыру Еркін ойындар	Бидайды сабағымен көрсету. Оның ішінен дәндерді қалай алуға болады, балаларға өздеріне дәндерді алып жинату. Алынған дәнді, қол диірменіне салып, ұн жасау. Ұнға су, тұз қосып қамыр жасауға болатынын көрсету. Қамырдан кулшелер жасатып аспазға беру. Аспазшы балаларға өздері беріп жіберген нанның піскенін айтып, таратып беруін ұйымдастыру	Жаттаған әнін, тақпағын айтқызу. Жеке балалармен жұмыс. Күз туралы ауызша ертегілер құрап, оны сахналау. Балалардың дербес ойындары	Құрастырып жасаған үйшіктерін сынақтан өткізу. Басқа да жануарлар туралы кітаптар қарау. Қыстайтын және жылы жаққа ұшып кететін құстар туралы фильм қарау. Неге олар ұшып кетеді деген сұраққа балалардың пікірін тыңдау.	Балабақша ауласына күзде отырғызылатын ағаштар мен гүлдерді отырғызуға қатыстыру жұмыстарын жүргізу. Балабақша ауласындағы ағаштар мен гүлдерге күтім жасау.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті) .				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ереже айту				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Электронды кітаптан ертегі қойып беру (көркем әрекет)				

Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар) .				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Жапырақтардан, гүлдерден дестелер жасап, аналарына сыйлауға дайындау. Кітаптар қарау, балалардың еркін іс әрекеті (мүсіндеу, сөйлеуді дамыту)	Балаларға ұннан тұзды қамыр жасауды үйрету. Әр балаға әр түрлі түсті бояу қосып, қамырдың түсін өзгертіп қамыр жасату. Жасалған қамырдан нан, бауырсақ, торт т.б балалардың қалауы бойынша мүсіндер жасату. (мүсіндеу)	Күз бейнесін салу, ағаштарды жасау, күзгі жапырақтардан жапсыру арқылы композиция жасау. (жаспыру)	Жануарлардың күзгі тіршілігіне қандай жағдайлар жасау керектігі туралы әңгімелесу. (қоршаған ортамен танысу) Құмнан қоралар жасау. (құрастыру) Ойындар ойнату.	Ағаштар мен гүлдерге геометриалық пәшәндерді қолданумен жол табу Роботтар арқылы кеңістікті бағдарлау. (математика негіздері)
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) .				
Серуен	«Бестемше» ойынын үйрету.	Ойынды пысықтау	Балалардың ойындыөз бетінше ойнауына жағдай жасап ойнату	«Бестемше» ойынын негізгі ережелерін пысықтау.	Ойынды меңгермеген балалармен ата аналармен ойнауын ұйымдастыру.
Балалардың үйге қайтуы	Күзгі табиғат туралы баласымен әңгіме жүргізуді ұсыну	Табиғи материалдарды жинауға көмектесу.	Сурет салу, кітап қарауды ұсыну.	Құстарға үйшік жасауды ұсыну	Балалармен апта бойы жасаған жұмыстардан алған әсерлерін сұрау.

Тексерген әдіскер: 

Тәрбиеші: 

ТАҢЕРТЕҢГІ САУЫҚТЫРУ ЖАТТЫҒУЛАРЫНЫҢ КАРТОТЕКАСЫ

Қыркүйек айы I-II апта

- I. Жүру. Әртүрлі бағытта жүру, жәй жүру, шеңбер болып тұру.
- II. 1б.қ Аяқ бірге, қол төмен.
1- қолды алға созу, 2 – төмен түсіру. 5-6 рет қайталау.
2 б.қ Аяқтың арасын ашып, қол иықта
1 қолды жоғары көтеру, 2б.қ оралу. 5-6рет қайталау.б.қ Аяқтың арасы алшақ, қол белде.
1 отыру. 2 тұру. 5-6 рет қайталау.
4 б.қ аяқтың арасы алшақ, қол белде1. —оңға бұрылу, 2б.қ оралу 3-солға бұрылу, 4 б.қ оралу. 4-5 рет
5 «қояндарша секіреміз» аяқты бірге, қол бүгулі кеудеде. Секіру.7-8секунд
- III еркін тыныс ал

Қыркүйек айы III-IV апта (Қағаз жапрақтармен жаттығулар)

- I Жүру, Аяқтың ұшымен, өкшемен, қолды жоғары көтеріп жүру, жүгіру, жәй жүру, шеңбер болып тұру.
- II 1б.қ Аяқ бірге, қол төмен.
1- қолды алға созу, 2 – қолды айқастыру. 3-ажырату. 4б.қ оралу. 4-5рет қайталау.
2.б.қ. аяқтың арасы алшақ, қол төменде.
1қолды көтеру, 2оңға қарай тербелу, 3 солға қарай тербелу. 4б.к. оралу. 5-6рет қайталау.
3б.қ аяқтың арасын алшақ қою, қол төменде 1 қолды алға созу,2 отыру, 3 тұру. 4 б.қ оралу.
4б.қ аяқтың арасын алшақ қою,қол төменде.1 тізені бұгу, 2 қолды алға созу. 3б.қ оралу. 4-5рет қайт.
5б.қ аяқты алмастырып секіру. 7-8 секунд
- III Еркін тыныс алу.

ҚИМЫЛДЫ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫ

Күн шуақ және жаңбыр

Балалар залдың қабырғасынан бір шама алысырақ қойылған орындықтардың арт жағына жүрелерінен отырады да, терезеден қарайды (орындықтың артындағы саңылаудан) Тәрбиеші «Күн шуақ! Ойнап келіңдер!»-дейді. Балалар алаңда жүгіреді. «Жаңбыр, тезірек үйге қайтыңдар!» -деген белгісі бойынша барлығы өз орындарына қарай жүгіреді және орындықтардың арт жағына келіп отырады.

Ойыншықты алып кел.

Ойыншықтарды (сылдырмақ, кішкене кубиктер) бөлімінің, алаңның карама қарсы жағына орналастырады. Тәрбиеші балаларды өзіне шақырып алады да, ойыншықтарды алып келуін өтінеді. Оның нұсқауы бойынша балалар ойыншықтарға қарай жүреді немесе жүгіреді. Ойыншықтарды тәрбиешіге алып келеді. Ол балаларды мадақтайды, ойыншықтарын қайтадан апарып қоюын өтінеді.

Нұсқау

Ойынды тапсырмалар қосып, күрделенуге болады.Ойыншықтарға тар жолмен немесе онша биік емес заттардың үстімен алып өту.

Кешікпе

Кубиктер мен сылдырмақтарды еденге шеңбер бойымен орналасады. Балалар кубиктердің жанына тұрады. Тәрбиешінің белгісі бойынша олар бірін-бірі қағып, соқпай және кубиктерге тиіп кетпей бөлмені айнала жүгіреді. «Кешікпе!» белгісі бойынша балалар өз кубиктеріне қарай жүреді және кубикерге тиіп кетпей бөлмені айнала жүгіреді. «Кешікпе!» белгісі бойынша балалар өз кубиктеріне қарай жүгіреді.

Тышқандар мен мысықтар

Балалар- тышқандар өз індерінде отырады.(бөлменің қабырғасын жағалай немесе алаңның жан-жағына қойылған орындықтарға) Алаңның бір бұрышында мысық отыр. Мысықтың рөлін тәрбиеші атқарады. Мысық ұйықтап кеткенде тышқандар бөлмеде жүгіреді. Бірақ, мысық оянады, керіліп созылады, мияулайды және тышқандарды ұстай бастайды. Тышқандар тез қашып кетеді және індеріне тығылып (орындықтағы өз орындарына отырады) қалады. Барлық тышқандар індеріне қайтып келген соң мысық қайта ұйқыға кіріседі. Ойын 5-6 рет қайталанады.

Нұсқау

Мысық көзін жұмып, ұйықтаған соң ғана, тышқандардың інінен жүгіріп шығуларына болады. Ал індеріне мысық оянып, мияулай бастағанда ғана оралады. Тәрбиеші барлық тышқандардың індерінен жүгіріп шығуын бақылайды. Ойынға ойыншық мысықты да қолдануға болады. Балалар өрмелеп шыға алатын кубиктерді де індері ретінде пайдалануға болады.

Жалауға қарап жүгіру.

Тәрбиеші балаларға екі түсті кішкене жалаушаларды таратып береді. Қызыл және көк түсті. Тәрбиеші бір қолына қызыл, екінші қолына көк жалаушаны алып, екі қолын екі жаққа жаяды. Түсіне қарай балалар екі топқа бөлініп тұра қалады. Бұдан кейін тәрбиеші балаларға алаңның ішінде қыдыруды, жүгіруді ұсынады. Балалар қыдырып жүргенде, Тәрбиеші бөлменің екінші жағына өтеді де: «Бір, екі, үш маған қарай жылдам ұш!» -дейді.Бұл кезде қолындағы жалалаушаларды екі жаққа сермейді. Балалар оған қарай жүгіреді және өз қолдарындағы жалаушалардың түстеріне қарай жалаушаның жанына жиналады. Балалардың бәрі жиналып болған соң, тәрбиеші жалаушаларды жоғары көтеріп, бұлғауды ұсынады.

Ойын 3-4 рет қайталанады.

Нұсқау.

Тәрбиешінің белгісі бойынша бұрын алаңның жан-жағына жүгіріп кетпеуі керек. Ол жалаушаларды бір қолынан екінші қолына ауыстырып отырады, өйткені балалар өз жалаушаларының түсіне қарай оның бірде сол жағына қарай жиналуы керек. Ойынға қосымша белгілермен тапсырмалар енгізуге болады. Мысалы: «Токта!» белгісі бойынша ойнаушылардың барлығы тоқтай қалуы, көздерін жұмуы немесе орындарына тұырып шыр көбелек айналуы немесе секіріп билеуі тиіс. Ал, бұл кезде тәрбиеші байқатпай басқа орынға кетіп қалады. Белгі бойынша тәрбиешінің жанына қайтадан жиналады. Жалаушалардың орнына балалардың қолына қол орамал немесе түстеріне сай кубиктер, ленталар беруге болады.

Өз түсінді тап

Тәрбиеші балаларға 3-4 түсті кішкене жалаушаларды таратып береді.: қызыл, көк, сары, жасыл. Түсі бірдей жалаушасы бар балалар жалаушаның белгілі бір түсімен алдын ала белгіленген бөлменің әр бұрышына жиналады. Тірбиешінің «ойнап келіндер!» деген кезде балалар өз түстері бар жалаушаның қасына жиналады. Тәрбиеші қай топ бұрын жиналғанын белгілейді. Сонан соң ойын қайталанады.

(5-6 рет)

Нұсқау.

Бірнеше рет қайталанып, балалар ойынды жақсы игерген соң тәрбиеші серуен кезінде тоқталып, көздерін жұмғызып, сол уақытта бөлменің бұрышында тұрған жолаушыларды ауыстырып қояды.

Трамвай

Балалар бір-бірінің қолдарынан ұстап, екі-екіден калонаға тұрады. Бос қолдарымен олар ұшы байланған жіптен ұстайды. Яғни, кей бала жіпті оң қолмен, кей бала жіпті сол қолмен ұстайды. Бұл трамвай. Тәрбиеші екі қолына үш түрлі –сары, қызыл, жасыл жалау ұстап, бөлменің бір бұрышында тұрады. Ол жасыл түсті сигнал болғанда қозғалуға, қызыл, сары, түсте тоқтауға тиіс екендігін түсіндіреді. Тәрбиеші жасыл жалауды көтергенде- бұл трамвай келе жатыр деген белгі, балалар бөлмені, алаңды айнала жүгіреді. Тәрбиешіге, бағдаршамға дейін жүгіріп келіп, қай түс жанғанын бақылайды. Егер бұрынғыдай жасыл түс болса жүрісті жалғастыра береді. Ал егер сары мен қызыл жанса олар тоқтайды, жасылдың жануын күтеді.

Нұсқау

Ойын кезінде балаларды көшеде жүру ережесімен таныстыру. Егер ойынға балалар аз қатысса екі-екіден немесе бір калонаға тұрғызуға болады. Ойынның сюжетін дамыта түсуге болады; жолшыбай трамвайдың келуін күтіп отырған жолаушылардың аялдамасын ұйымдастырады, аялдамаға жақындағанда трамвай жүрісін баяулатады және тоқтайды. Жолаушылардың бір сыпырасы трамвайдан шығып, біраз жолаушы қайтадан мінеді. Трамвайға шығып-түсу үшін жіпті көтереді. Жіптің ұшына кішкене қоңырау байлаулы. Жүрер

кезде бір бала (кондуктар) қоңырауды соғып, белгі береді.

Поезд

Балалар калонаға бір-бірден тұрады. (бір-бірімен қол ұстаспай) Біріншісі паравоз ал қалғандары вагондар. Тәрбиеші гудок береді де, поезд алға жылжи бастайды, ең әуелі баяу, кейін жылдам, жылдамырақ және ең соңында балалар жүгіуге айналады. «Поезд станцияға жақындап келеді» -дейді тәрбиеші. Балалар жүрісті бірте – берте баяулатады да, поезд тоқтайды. Балалар серуендеуге шығады. Олар жан-жаққа тарап, гүлдер, жеміс, саңырауқұлақтар тереді. Гудокты ести сала олар қайтадан калоннаға тұрады да, поезддің қозғалысы жаңадан басталады. Ойын 4-5 рет қайталанады.

Нұсқау

Алғашында балалар калоннаға кез-келген ретпен тұрады, ал жылдың аяғында өз орындарын есте сақтауды - өз вагоныны табуды үйретеді. Ойынның сюжетін өзгертуге болады. Мысалы: поезд көлдің жанына тоқтайды, онда балалар қайықта серуендейді, балық аулайды. т.б. бейнелейді.

«Ұшты-ұшты»

Педагог балаларға ұшты-ұшты қарлығаш ұшты дегенде балалар қолдарын көтеріп ұшады, педагог ұшты-ұшты орындық ұшты десе отыра қалады.

«Хан талапай»

Ойынға 5-10 балаға дейін қатыса береді. Асық көп болу керек. Көп асықтың ішінен үлкенірек біреуін алып қызыл түске бояңдар. Осы асық «хан» болады. Алдымен санамақ арқылы ойын бастаушыны тағайындап алыңдар. Осы бала асықтың бәрін уысына жиып алып, отырған балалардың алдына шашып жібереді. Сендер «ханның» қалай түскенін байқап отырыңдар. Егер «хан» бүк, шік, тәйкі түссе, ойын бастаушы бала «ханның» түсуіне қарай жақын жатқан асықтарды бас бармақтың көмегі арқылы сұқ саусағымен итере-ыршытып біріне-бірін дәлдей отырып тигізеді. Тигізген асықтарды өзіне алады.

Орамал тастамақ

Балалар шеңбер жасап тұрады. Бастаушы(тәрбиеші) балаларды айнала жүріп бір баланың артына орамал тастап кетеді. Артына орамалды тастағанын сезген бала менің артымда деп жауап береді. Артына орамалдың тасталғанын сезбесе ол өлең, тақпақ айтып немесе билеп беруі керек. Балалар шеңбер бойында көздерін жұмып тұруы керек. Ойын осылай жалғаса береді.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Қазан айы 2022жыл 1 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 03.10.2022	Сейсенбі 04.10.2022	Сәрсенбі 05.10.2022	Бейсенбі 06.10.2022	Жұма 07.10.2022
Балаларды қабылдау	Балаларды арнайы жасалған жүрекшелермен қарсы алу, ыстық мейірімге баулу. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу (сөйлеуді дамыту) .				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Бала денсаулығы туралы сөйлесіп, ауа-райының салқындауына байланысты «тұмау» ауруының алдын-алу жөнінде кеңес беру				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (пазлдар, суретті карточкалар). Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, суреттері бойынша әңгімелесу Табиғат бұрышындағы тірі объектілерге күтім жасауға арналған құралдар туралы білімдерін қалыптастыру (қоршаған ортамен танысу) Балалармен жеке жұмыс.				
Таңертеңгі жаттығу	Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жууды пысықтау. Мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру. Өз-өзіне қызмет жасау дағдыларын қалыптастыру. Кезекшілік ұйымдастыру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбері (видео) бала бала балақан Балалардың сезінген әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту) Күзгі бақ туралы әңгімелесу. Білетін тақпақтарын еске түсіру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру сөздік қорын жалпылаушы мағыналы сөздермен байыту 4-5 сөзден тұратын	Дене шынықтыру	Музыка

			сөйлем айту (Қазақ тілі)		
	Күзгі бақта не өседі? Балалардың ойларын тыңдау. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды үйрету. (сөйлеуді дамыту) Құрастыру құралдарымен күзгі бақ тақырыбында еркін ойындар (құрастыру)	«Түлкі мен қоян» ертегісін оқып беру. Кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың әрекеттерін бағалауға үйрету (көркем әдебиет) Түлкі мен қоян ойыншықтарын салыстырып қою арқылы оларды санамай-ақ жұптарын салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді үйрету. (математика негіздері)	Күзгі бақта өсетін жемістер жидектер көкөністер туралы не білетіндерін сұрау, әңгімелеу, білетін әндер мен такпақтарын айтқызу (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Сөзді дыбыстау мәдениетін тәрбиелеуге арналған дидактикалық ойын. «Бағдаршам» Балалардың ойлау, есте сақтау қабілетін және тілін дамыту. Ертегілер және ертегілер кейіпкерлері туралы түсініктерін кеңейту. (сөйлеуді дамыту) Балалардың қалауы бойынша еркін тақырыпта (сурет салу, қағаздан қиып жапсыру) .	Осы аптадағы айтылған ертегілердің мазмұнын олардың атауымен салыстыруға үйрету. (көркем әдебиет) Ертегі кейіпкерлерінің санын салыстыру. Салыстырылатын топтар: бір көп, бір және екі, екі және үш және төрт, төрт және бес. (математика негіздері)
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдыларын дамыту. Шкафтарынан киімдерін ретімен алып, дұрыс киіну және достарына киінуіне көмектесу дағдыларын қалыптастыру. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) .				
Серуен	Адамдардың күзгі, қысқы әрекеттеріне балалардың зейін аудару дағдыларын қалыптастыру (қоршаған ортамен танысу) Күзгі бақты тамашалап отырып, еркін (сурет салу) Ермексазбен табиғи материалдардан композиция жасау	Үш дөңгелекті және екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға, солға бұрылыстарды орындау; (дене шынықтыру) Ауа райын бақылау. Бүгінгі ауа райының белгілерін танып, атау (қоршаған ортамен танысу)	табиғат құбылыстары: жел, жаңбыр, тұман туралы түсініктерін қалыптастыру. Бүгінгі ауа райында қандай құбылысты көруге болатынын, оны қалай танығандары туралы сұрау. (қоршаған ортамен танысу)	Ауладағы ағаш бұтақтарын теріп салыстыру, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тағы да қалай салыстыруға болады, балалардың ойларын сұрау. (математика)	Табиғаттағы жыл мезгіліндегі маусымдық өзгерістер туралы түсініктерін пысықтау (қоршаған ортамен танысу) Құмда табиғи құбылыстарды бейнелеу (сурет салу)

	(мүсіндеу) Әдемі жапырақтарды теру. Қалғандарын жинап, ауланы тазарту Қимылды ойын: «Кім жылдам»	Жапырақтардан, табиғи заттардан әр түрлі құрылымдар құрастыру (құрастыру) Қимылды ойын «Жалауға қарай жүгір»	Ойын. Сандар белгіленген қорапқа табиғи заттар салу. (бір санына бір бұтақ, екі санына жапырақ, үш санына үш тас және т.б) (математика негіздері) Балалардың жақсы көретінін әнін айтқызу, би билету. (музыка) Қимылды ойын «Тышқандар мен мысықтар»	негіздері) Тастардан ағаштардан әр түрлі құрылыстар құрастыру. (көпір, жолдар, қоралар). (құрастыру) Қимылды ойын «Өз үйіңді тап»	Қимылды ойын «кешікпе»
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды пысықтау. Өз –өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Ас ішуге тұрайық, Қолымызды жуайық, Сабын суды аямай Тазалықты ұғайық. (сөйлеуді дамыту) Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Ұйқыға жатқызу. Балаларға ертегі оқып беру «Қияр мен қырыққабат», «Бауырсақ», «Түлкі мен қоян», «Мақтақызбен мысық» және т.б (көркем әрекет)				

Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар) .				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. Өз өзіне қызмет ету дағдыларын пысықтау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Жиналған жапырақтарды салыстыру, санау. Тең теңемес екенін анықтау. (математика негіздері) Жапырақтарды плакатқа жапсыру арқылы күзгі бақты бейнелеу. Ұжымдық жұмыс (жапсыру)	«Түлкі мен қоян» ертегісін айтып беру дағдыларын қалыптастыру (Сөйлеуді дамыту) Топтық жұмыс, плакатқа «Түлкі мен қоянға арналған жолдар» қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді қалыптастыру, Түзу сызықпен алдымен қысқа содан соң ұзын жолақтарды қиюды үйрету. (жапсыру) Ормандағы ағаштарды бояулармен салу. (сурет салу).	Күзгі бақта өсетін жемістер, жидектер мен көкөністердің суретіне, макетіне қарап не білетіндерін айту. Балалардың қалауы бойынша (сурет салу, жапсыру және мүсіндеу).	көкөністер мен жемістерді ажыратып, атау дағдыларын жетілдіру. Балалардың көздерін байлап, жеміс немесе көкөністің дәмін тату арқылы тану, атауды үйрету. (қоршаған ортамен танысу) халық шеберлерінің еңбектерімен таныстыру, халық бұйымдарының желісі бойынша жемістерге арналған ыдыстарды мүсіндеуге үйрету (мүсіндеу) дөңгелек пішінді жемістермен көкөністерді салу; техникалық дағдылар мен біліктерді игеру. (сурет салу)	Ұсынылған мазмұн бойынша сахналауға үйрету. Апта бойына айтылған ертегілердің киімдерін киіп, рөлдерді сомдауға үйрету. (сөйлеуді дамыту) Балалардың қалауы бойынша күзгі бақ өнімдерін құрастыру материалдарынан (құрастыру, мүсіндеу және жапсыру)
Балалармен жеке жұмыс					

Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылық туғызу. Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Дидактикалық ойын «Бұл қай кезде болады?» Жыл мезгілдерінің әр түрлі бейнесі бейнеленген суреттерді көрсетіп, қай кезде болатынын сұрау. (көркем әдебиет) Ырғақты би қимылдарын жасау, әнге қосылып айту (музыка) Қимылды ойын «Хан талапай»	Ермексаздан түлкі мен қоянның бейнесін жасау (мүсіндеу) Балалар қалауымен түрлі ойындар ұйымдастыру. Еркін ойындар	Балалардың қалауы бойынша сызбаны (карточкаларды) қолданып, ірі және ұсақ құрылыс материалынан құрастыру (құрастыру) Қимылды ойын «Трамвай»	Ырғақты би қимылдарын жасау, әнге қосылып айту (музыка) Балалардың сұранысы бойынша ертегі оқып беру (көркем әдебиет) Еркін ойындар	Үш дөңгелекті және екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға, солға бұрылыстарды орындау; (дене шынықтыру) Қимылды ойын «Хан талапай»
Балалардың үйге қайтуы	Күзгі өзгерістерді үйге қайтар жолда бақылауды ұсыну	Түлкі мен қоян ертегісін айтып беруін балаларынан сұрау.	Балалардан бүгінгі күннің қызықты сәттері туралы	Күзгі бақ өнімдері туралы әңгемелесуді ұсыну.	Апта бойы жасаған іс әрекеттері туралы әңгімелесу.

Тексерген әдіскер:

Тәрбиеші:




Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Қазан айы 2022жыл 2 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 10.10.2022	Сейсенбі 11.10.2022	Сәрсенбі 12.10.2022	Бейсенбі 13.10.2022	Жұма 14.10.2022
Балаларды қабылдау	Балаларды (тотықұс немесе көгершін) құспен қарсы алу. Баланың балабақшаға деген қызығушылығын арттыру. Тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін стикер арқылы көрсетіп, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту) .				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата -аналармен дәрумендердің пайдасы жайлы әңгімелесу, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері, баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша кеңес беру				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Пазлдармен үстел -үсті ойыны. Дидактикалық ойын: «Сықырлы қалта», «Суретші қай жерде қателесті?», «Не жоқ?» . Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу. Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, (сөйлеуді дамыту) Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) Балармен жеке жұмыс. Табиғаттағы ауа райының жағдайын бақылауға және бақылаудың нәтижелерін табиғат күн тізбесінде белгілеуге үйрету. (қоршаған ортамен танысу)				
Таңертенгі жаттығу	Қазан айына арналған таңертенгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Балалар жаңалықтарымен бөліседі, жақсы тілектер тілеу. «Құстар» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру Күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық сөздерді айту	Дене шынықтыру	Музыка

			(Балабақша, үй, есік, терезе, дүкен, емхана, сабын, су, кір, таза, билейік, ән айтамыз, ауа, қар, жел, жаңбыр, суық, ыстық, жылы, жылы киінеміз, жеңіл киінеміз) Қазақ тілі		
Топтағы құсты тамашалау. Құстар сөйлей ала ма? Олар қалай сөйлеседі? Олар қалай тамақтанады? Олар қайда өмір сүреді? Балалардың ойларын тыңдау. (көркем әдебиет) Біз қамқоршы баламыз, Құстарға ұя саламыз. Жемдерін беріп қыс бойы, Көмекші бала боламыз. Өлен айтып, ән шырқап, Құстарға дос боламыз. тақпақтарды жатқа айту (сөйлеуді дамыту)	Үй құстар мен дала құстары туралы фильм тамашалу. Суреттер қарау. Әңгімелеу. (көркем әдебиет) Балалардың қалауы бойынша дәстүрден тыс әдіспен құстардың суретін салу, ермексаздан ұжымдық жұмыс арқылы бейнесін жасау және геометриялық пішіндер арқылы жапсыру. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)	Қағаз парағын көлемді пішіндерге қайта келтіру, қағазды кесекке, орамдарға, ілмекке айналдыра білу дағдыларын бекіту арқылы құстың бейнесін құрастыру (құрастыру) Таныс ертегілердің мазмұнын айтуда мазмұнның жүйелілігін сақтауға, диалогтік сөйлеуге, кейіпкерлердің мінезін сипаттауға үйрету (көркем әдебиет)	Сурет бойынша құстар туралы әңгіме, үлгі бойынша әңгіме құрастыру. Біз қамқоршы баламыз, Құстарға ұя саламыз. Жемдерін беріп қыс бойы, Көмекші бала боламыз. Өлен айтып, ән шырқап, Құстарға дос боламыз. тақпақты жатқа айту (көркем әдебиет және сөйлеуді дамыту) Құстардың үйшіктерін биіктігі және жуандығы бойынша бірдей және екі түрлі үйшіктерді салыстыру (математика негіздері)	Құстардың ән салғанын тыңдау. Дыбысына қарай қай құс екенін анықтау. Орманда ма әлде қалада өмір сүреді ма зерттеу. Қала мен орманның айырмашылықтарын білу (қоршаған ортамен танысу) Балаларды тақпақтар мен өлеңдерді түсініп, есте сақтауға, өлеңнің мазмұнына өз көзқарасын білдіруге үйрету Біз қамқоршы баламыз, Құстарға ұя саламыз. Жемдерін беріп қыс бойы, Көмекші бала боламыз. Өлен айтып, ән шырқап, Құстарға дос боламыз. (көркем әдебиет)	

Серуенге дайындық	Серуендеу арқылы балалардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, еңбекке баулу, таза ауадағы ойындар арқылы белсенділіктерін күшейту. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарының киінуіне көмектесуге тәрбиелеу (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Құстарға күтім жасауға арналған таныс емес заттарды қолдану туралы түсінік беру. Балабақша ауласындағы құстарға бақылау жасау. (қоршаған ортамен танысу) Қимылды ойын «Шымшықтар мен мысық» Құстарға табиғи материалдардан үй құрастыру (құрастыру)	Театрландырылған әрекетке, драматизация ойындарына және қуыршақ спектакльдеріне қатысу ниеттерін дамыту. Құстардың қанаттарын жасап, ұшу. Әр түрлі құстардың іс қимылдарын жасау. (сөйлеуді дамыту) Құстар бейнесіндегі ойыншықтарын теңді кем топқа үстемелей отырып немесе артық топтан бір затты алып тастай отырып, екі тәсілмен орындауды үйрету "Қанша еді?", "Қаншасы қалды?" сұрақтарына жауап беруге үйрету. (математика негіздері) Қимылды ойын «Ұшты ұшты»	Балабақша қызметкерлері мен олардың еңбек әрекеттері туралы білімдерін жетілдіру. (қоршаған ортамен танысу) Қимылды ойын «Аққу қаздар» Бормен құстардың суретін салу. (сурет салу)	Адамның тұратын үйі, құстардың үйі ересектердің еңбектері туралы білімдерін жетілдіру (қоршаған ортамен танысу) Ұсқынсыз үйрек мультфильмін тамашалау. Ұсқынсыз үйрекке құрастыру материалдарынан үй құрастыру. Қимылды ойын «Шымшықтар мен мысық»	Үш дөңгелекті және екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға, солға бұрылыстарды орындау; (дене шынықтыру) Құстар және олардың балапандары. Олардың достары туралы балалардың әңгімесі Дидактикалық ойын «Жұмыртқадан кім шықты?» (сөйлеуді дамыту) Қимылды ойын «Тауықтар мен балапандар»
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу барысында көркем сөз қолдану. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту)				

	(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ереже: Тамақ ішер кезде енді, Сөйлемейміз күлмейміз. Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз.				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Қазақ халық ертегілерін оқып беру «Қарлығаштың құйрығы неге айыр», «Құстар таласы» (көркем әрекет)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	ертегі кейіпкерлері құстарды бейнелеуге машықтандыру. Еремексазды қолдану дағдыларын пысықтау арқылы аққуды мүсіндеу, желімді пайдалануды жетілдіру (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)	Құстардың күзгі және қысқы тіршілігі туралы түсінік беру. ((қоршаған ортамен танысу) Құрылыс материалдарынан құстарға ұя жасау. (құрастыру)	Ұлттық ойыншықтар туралы білімдерін кеңейту, халық шығармашылығының желісі бойынша бейнелер жасау. Құс қанат оюын таныстыру. (мүсіндеу) Құс қанат оюын Санауға арналған құралдармен жұмыс. "Қанша еді?", "Қаншасы қалды?" сұрақтарына жауап беруге үйрету. (математика негіздері)	Геометриялық пішіндерден ою-өрнектерді және жолақтағы өсімдік өрнектерін халықтық өнер түрлері бойынша бірізділігін ескере отырып құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Қарлығаш оюын жапсыру (жапсыру) Балалардың қалауы бойынша құстарға ұяның суретін салу немесе еремексаздан	геометриялық пішіндерді қиып балапан жапсыру, гуашпен аққуды бояу. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Құстарды санау, салыстыру, үйшіктеріне сыяды сыймайды ұғымдарын жетілдіру. (математика негіздері)

				жасау (сурет салу, мүсіндеу)	
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Құстарды салыстыру ұқсас ойыншықтарды табу. Оларды өзара салыстыру (математика негіздері) «Қарлығаш» әнін дауыстап және төмен дауыспен ән салу (музыка) Еркін ойындар	Үш дөңгелекті және екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға, солға бұрылыстарды орындау; (дене шынықтыру) Дербес ойындар Қимылды ойын «Тауықтар мен балапандар»	«Қарлығаш» әнін дауыстап және төмен дауыспен ән салу (музыка) Еркін ойындар	Құстар туралы жұмбақтар шешу Кеудесі қайқандап, Жүреді байпандап. (Қаз) Сирағы ұзын, Тырнағы ұзын. Балықты сүзбей, Ұстайтын шоқып, Тұмсығы біздей. (Тырна) Еркін ойындар	Құстар болып ұшу. Әр түрлі құстардың қимылын қайталау. Қимылды ойын «Аққу қаздар» Балалардың бастамасымен ойындар
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жылы киінуі туралы кеңес беру.	Құстар туралы не білетіндерін сұрауды ұсыну.	Қарлығаш әнін бірге орындауға кеңес беру.	Тауықтар мен балапандар ойынын үйде ойнауға ұсыну	Апта бойы не үйренгенін сұрау, әңгімелесу.

Тексерген әдіскер:

Тәрбиеші:

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Қазан айы 2022жыл 3 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 17.10.2022	Сейсенбі 18.10.2022	Сәрсенбі 19.10.2022	Бейсенбі 20.10.2022	Жұма 21.10.2022
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күй, әсем әуенмен қарсы алу.Баладан бақшаға келгенше не көргенін, қандай көңіл күймен келгенін сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша әңгімелесу, кеңес беру, логопед, психолог мамандардың сауалнамаларын тарату				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. (сөйлеуді дамыту) Дидактикалық ойын:«Жануарларды тап, сана», «Айырмашылығын тап», «Орнын тап» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптардан жануарлардың суреттерін қарау, Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме жануарларына күтім жасау) Балармен жеке жұмыс.				
Таңертенгі жаттығу	Қазан айына арналған таңертенгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін жетелдіру, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. «Бата» жаттауға баулу (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Аумин десең маған, Алтыннан-жағаң, Күмістен тағаң Оң жағыңнан кетпесін, Тілеуің қабыл, Мұратың асыл болсын, Аумин				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Достарым көп бақшада (шеңберге тұру) Көңілдіміз бақшада (қолдарын жайып)				

	Достықты біз сүйеміз (бір-біріне қарап, жымию) Бірге күліп жүреміз Балалар қазір жылдың қай мезгілі? қазір күздің нешінші айы? Күзде қандай өзгерістер болады? Балалар жаңалықтарымен бөліседі, жақсы тілектер тілеу. «Жануарлар туралы біз не білеміз?» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру үстел, орындық, топ, байқа, асықпа, күт, көмектес, итерме, таласпа, қала, көше, жол, жолда абайла! Сөздерін сөздік қорына ендіру. Қазақ тілі	Дене шынықтыру	Музыка
	Үй жануарлары және олардың төлдерінің атауларын білдіретін сөздерді, сөздердің түрлі тәсілдермен жасалуын үйрету. Жануарлар туралы не білетінін, сурет бойынша әңгімелеу (сөйлеуді дамыту) Топтағы жануарларды санау, көлемі бойынша салыстыру. (математика негіздері)	«Мақта қызбен мысық» ертегісін айтып беру. Түрлі эмоцияларды білдіру үшін интонациямен дыбыстау. (көркем әдебиет және сөйлеуді дамыту) Мысықты құрастыру үшін геометриялық пішіндерді тану және атау, пішіндерді зерттеу дағдыларын қалыптастыру. (математика негіздері)	Жануарлардың дене бөліктері қандай пішінге ұқсайды атау. Дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш пішіндерді тану және атау (математика негіздері) Аю әнін айту (музыка)	«Менің сүйікті жануарым» тақырыбында әңгімелесу. зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану (сөйлеуді дамыту) «Ботакөз», «тышқан» ізі қазақ оюларының, элементтердің пішінін, реттілігін, олардың арасындағы қашықтықты ескере отырып, жазықтықта оюларды орналастыру (сурет салу)	Үй жануарларының пайдасы. Олардың беретін өнімдері туралы ақпарат беру, балалардың ойларын тыңдау. (сөйлеуді дамыту) Сүт өнімдерін зерттеу. Айран, сүт, құрт, йогурт, ірімшік және т.б. өнімдердің дәмін көру. Әр түрлі зерттеу әрекеттері. Сүттен айран жасау және т.б әрекеттер баллаардың ұсынысы бойынша (қоршаған ортамен танысу)

Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Серуенге қызығушылық туғызу. Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарына көмектесу дағдаларын жетілдіру. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Табиғатты бақылау, желдің әсерінен түскен бұтақтарды жинау. Бұтақтардан жануарларға арналған қоралар жасау. (құрастыру, қоршаған ортамен танысу) Қимылды ойын «Мысық пен тышқан»	Жапырақтардан ормандағы жануарларды бейнелеуді, жапсыру жұмыстарын жасау. (жапсыру, сурет салу) Қимылды ойын «Шымшықтар мен мысық»	Балаларды табиғи материалдардан түрлі заттар даярлауға баулу (құрастыру) Ыстық елдерде өмір сүретін жануарлар туралы ақпарат беру, суреттерін көрсету. Атауларын атап өз ойларын айтуды үйрету. Олар қалай өмір сүреді, немен қоректенеді зерттеу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Қимылды ойын «кішкентай маймылдар»	куб, шар, цилиндр тану және атау, пішіндерді зерттеу дағдыларын қалыптастыру. Балабақша ауласында кездесетін пішіндерді табу. (математика негіздері) Дидактикалық ойын «Дауысынан таны» үй жануарларының дауыстары тану, атау. Балабақшаға қонаққа келген мысық немесе күшікті тамашалау. Тамақтандыру, күтім жасау, ойнау. (қоршаған ортамен танысу) Қимылды ойын «Қояндар»	«Жеті лақ» ертегісін оқып беру, сахналау. (көркем әдебиет) Жетіге дейін ауызша санау. Лақтардың макетін биік аласа екенін өлшеу, салыстыру. (математика негіздері) Қимылды ойын «Мекен мен балапандар»
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру.				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу сәттерінде көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» (сөйлеуді дамыту). Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)				

	Тамақтану дағдыларын пысықтау. Өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айтуды үйрету. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Ертегілер оқып беру (көркем әрекет)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Жануарлар пішінін бейнелеу, заттарды қағаз бетінде орналастыру дағдыларын қалыптастыру (жапсыру) қазақ оюларының кейбір элементтерін салу. «Түйе табан». «Тышқан ізі». «Ботакөз» ою өрнектерін салу. (сурет салу) Ермексаздан үй жануарын мүсіндеу (мүсіндеу)	Мысықтың отбасын көлемді пішіндер мен мүшелері бейнеленген суреттерді қарастыру, композицияларды отбасы мүшелерін, мүсіндеуге олардың әрекеттері мен қызығушылығын өзара қарым-тәрбиелеу. Африка қатынастарын атау жануарларын жасау. (мүсіндеу) Дәстүрден тыс әдіспен жануарларды бояу. (сурет салу) Ең жылдам жануар кім? Мультфильм көру. «Торғай» тв (көркем әдебиет)	Балалардың қалауы бойынша әрекет түрлерін таңдау. Құрастыру құралдарымен қоралар, жануарлар құрастыру. Ермексаз және түрлі түсті қағаздармен шығармашылық жұмыстар. (құрастыру, мүсіндеу, жапсыру)	«Жеті лақ» ертегі желісі бойынша суреттерді бояу, құрастыру құралдарымен лақты немесе қасқырды құрастыру. (сурет салу, құрастыру)	
Балалармен жеке жұмыс					

Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Мысық әнін айту. «Торғай» тв. Видеосы Еркін ойындар	Футбол - берілген бағытта допты домалату. Допты аяқтарымен бір-біріне домалату; (дене шынықтыру) Еркін ойындар	Ермексазбен еркін әрекеттер. (мүсіндеу) Еркін ойындар	«Үш торай» ертегісін оқып беру. Әдебиет кейіпкерлердің әрекеттерін адамгершілік нормалары мен түсініктері тұрғысынан бағалау (көркем әдебиет) Еркін ойындар	Ермексазбен еркін әрекеттер. (мүсіндеу) Еркін ойындар
Балалардың үйге қайтуы	Жануарлар туралы не білетінін балалардан сұрауын ұсыну.	Мысық туралы қосымша ақпарат беруді ұсыну	Ыстық елдердің жануарлары туралы балаларға айтып беруін сұрау	Үш торай ертегісін сахналауды үйде қайталау.	Зерттеу арқылы не үйренгенін сұрауға кеңес беру.

Тексерген әдіскер:

Тәрбиеші:




Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Қазан айы 2022жыл 4 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 24.10.2022	Сейсенбі 25.10.2022	Сәрсенбі 26.10.2022	Бейсенбі 27.10.2022	Жұма 28.10.2022
Балаларды қабылдау	«Көңілді смайликтер» арқылы қарсы алып, көңіл-күйлерін сұрау. Балаларды қабылдап, тазалықтарына мән беру. Баладан өз отбасында қандай шаруамен айналысқаны жайлы айтып беруге тарту (сөйлеуді дамыту) .				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың мінезіндегі өзгерістер туралы әңгімелесу. Ата –аналармен пікірлесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты сипап сезу арқылы анықтау, атын атау), «Ғажайып сандық». Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ермексазбен және түрлі түсті қағаздармен еркін өз бетінше жұмыстар. Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, суреттер бойынша әңгімелеу, ертегілер құрастыру. Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне, жануарларына күтім жасау) Балармен жеке жұмыс.				
Таңертенгі жаттығу	Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) .				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Балалардың жаңалықтармен бөлісуі, жақсы тілектер тілеуі. «Күзгі еңбек», «Шеберлер қалашығы» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру қағаз, қайшы, бояу, кітап, желім, қатты, жұмсақ, жер, мұз, ауа, шеңбер, қалам, кылқалам, сурет, төсек,	Дене шынықтыру	Музыка

			шана, аққала, орамал. Сөздерін түсіндіру. Қазақ тілі		
	Күзгі бакқа серуен.	Сөз және сөз ұйқастарына құрылған ойындарға қызығушылығын арттыру. «Кім жылдам» ойыны. Тәрбиеші сөз айтады. Балалар сөйлемге айналдырады. Мысалы – «Алма»-алма жедім немесе алма ол жеміс. (сөйлеуді дамыту) Күзгі еңбек құралдарды түрлі пішіндегі және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, үлгісі мен елестетуі бойынша көлемін сақтап мүсіндеу. (мүсіндеу)	«Жақсылық пен жамандық» мультфильмін тамашалау. Әдеби кейіпкерлердің әрекеттеріне өзінің көзқарасын білдіру (көркем әдебиет) Ертегі желісі бойынша ұжымдық сурет салу (сурет салу).	Таңертең, күндіз, кеш, түн тәулік бөліктерін ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыру (математика негіздері) Сазбалшық ұстасына қонаққа бару. (немес фильм көру) Сазбалшықтан жасалатын құмыраны көру және жасау. (мүсіндеу)	Шеберлер қалашығы тақырыбы бойынша әңгіменің басы мен соңын құрастыруға үйрету. (сөйлеуді дамыту) Таңертең, күндіз, кеш, түн тәулік бөліктерін ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыруды жетілдіру (математика негіздері)
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Аула сыпырушысының еңбегімен танысу. Көмектесу. (қоршаған ортамен танысу)	Көлік түрлері, жол бөліктері: тротуар, жолдың жүру бөлігі мен	Бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін	Ауа райын бақылау. Қандай өзгерістер болғанын байқау.	Кітаптан балалардың сұранысы бойынша кітап оқып беру.


	Жапырақтарды жинап, композиция жасау. (жапсыру) Балабақша ауласында өсетін өнімдерді жинау, санау, салыстыру зерттеу. Геометриялық пішіндердің қайсысына ұқсайтынын анықтау. (математика негіздері) Қимылды ойын «Хан талапай» Еркін ойындар	жаяу жүргінші өтетін жол және жерасты өту жолдары туралы білімдерін қалыптастыру. (қоршаған ортамен танысу) Құмда таяқпенен жолдар салу, бормен жолдар салу (сурет салу) Қимылды ойын «Поезд»	қалыптастыру (қоршаған ортамен танысу) Конструктордан ойынға арналған ғимарат құрастыру дағдыларын қалыптастыру (құрастыру) Қимылды ойын «Жалауға қарай жүгір»	Атай білу. (қоршаған ортамен танысу) Табиғи заттардан әр түрлі құрылымдар құрастыру (құрастыру) Қимылды ойын «Өз түсінді тап»	(көркем әдебиет) Ауладағы ағаштар мен өсімдіктерді санау, бақылау, салыстыру, күтім жасау. (математика негіздері, қоршаған ортамен танысу) Қимылды ойын «Трамвай»
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ереже айту. (сөйлеуді дамыту)				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Электронды кітаптан ертегі қойып беру (көркем әрекет)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				

	Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Саусақ ойындарын ұйымдастыру. Балаларға таныс "қуыршақты жүргізу" техникасын қолдана отырып, олардың қатысу ниеттерін дамыту. Таныс ертегі қойылымын жасату. (сөйлеуді дамыту) Балалардың дербес әрекеті құрастыру және шығармашылық жұмыстары (кұрастыру, мүсіндеу, сурет салу)	Өзінің дене бөліктерін бағдарлау және атау (бас, аяқтар, қолдар). Еңбек құралдарын оң қолымен солдан оңға қарай орналастыру (математика негіздері) «Оп оңай! Еңбек бәрін жеңбек» тақырыбында фильм көру. Өз ойларын айтқызу. Топтағы тазалық жұмысын жоспарлап қатысу. (көркем әдебиет)	Топтағы гүлдерді санау, салыстыру, күтім жасау құралдарын салыстыру, санау (математика негіздері) Топтағы гүлдердің мүсінін жасау және қағаздан жасау. (мүсіндеу, жапсыру)	Жапырақтармен композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру; (жапсыру) Таныс ертегінің кейіпкерлерінің бейнелерін сомдауға қажетті дауыс ырғағы және тілдің қарқынын қолдану дағдыларын қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Балалардың қалауы бойынша дербес әрекеттер. Құрастыру және шығармашылық бағытында. Кітаптар қарау, әңгімелесу (сурет салу, құрастыру, мүсіндеу, жапсыру)
Балалармен жеке жұмыс					

Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Пішіндер әні. «Торғай» тв (музыка) Еркін ойындар	Балалардың қалауы бойынша жапсыру әрекеті. Еркін тақырыпта (жапсыру) Еркін ойындар	Балалардың қалауы бойынша ән айту, қимылды би билеу. (музыка) Еркін ойындар	бөлшектерді бекіту тәсілдері мен ғимарат жасау туралы білімдерін жетілдіру (құрастыру) Еркін ойындар	Футбол. Берілген бағытта допты домалату. Допты аяқтарымен бір-біріне домалату; (дене шынықтыру) Еркін ойындар
Балалардың үйге қайтуы	Күзгі еңбек туралы әңгімелесуді ұсыну.	Анасының көмекшісі тақырыбында әңгімелесу. Баланың үйдегі өзіндік әрекетті жайлы сұхбат.	Бүгінгі күннің қызықты сәттері туралы сұрау.	Сазбалшық туралы не білгенін сұрау	Апта бойғы қызықты сәттерді әңгімелеу.

Тексерген әдіскер:

Тәрбиеші:



ТАҢЕРТЕҢГІ САУЫҚТЫРУ ЖАТТЫҒУЛАРЫНЫҢ КАРТОТЕКАСЫ

Қазан айы I-II апта

- I. Жүру. Өртүрлі бағытта жүру, жәй жүру, шеңбер болып тұру.
- II. 1б.к Аяқ бірге, қол төмен.
1- қолды алға созу, 2 – төмен түсіру. 5-6 рет қайталау.
2 б.к Аяқтың арасын ашып, қол иықта
1 қолды жоғары көтеру, 2б.к оралу. 5-6рет қайталау.б.к Аяқтың арасы алшақ, қол белде.
1 отыру. 2 тұру. 5-6 рет қайталау.
4 б.к аяқтың арасы алшақ, қол белде1. –оңға бұрылу, 2б.к оралу 3-солға бұрылу, 4 б.к оралу. 4-5 рет
5 «қояндарша секіреміз» аяқты бірге, қол бүгулі кеудеде. Секіру.7-8секунд
- III еркін тыныс ал

Қазан айы III-IV апта (Қағаз жапрақтармен жаттығулар)

- I Жүру, Аяқтың ұшымен, өкшемен, қолды жоғары көтеріп жүру, жүгіру, жәй жүру, шеңбер болып тұру.
- II 1б.к Аяқ бірге, қол төмен.
1- қолды алға созу, 2 – қолды айқастыру. 3-ажырату. 4б.к оралу. 4-5рет қайталау.
2.б.к. аяқтың арасы алшақ, қол төменде.
1қолды көтеру, 2оңға қарай тербелу, 3 солға қарай тербелу. 4б.к. оралу. 5-6рет қайталау.
3б.к аяқтың арасын алшақ қою, қол төменде 1 қолды алға созу,2 отыру, 3 тұру. 4 б.к оралу.
4б.к аяқтың арасын алшақ қою,қол төменде.1 тізені бүгу, 2 қолды алға созу. 3б.к оралу. 4-5рет қайт.
5б.к аяқты алмастырып секіру. 7-8 секунд
- III Еркін тыныс алу.

ҚИМЫЛДЫ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫ

Күн шуақ және жаңбыр

Балалар залдың қабырғасынан бір шама алысырақ қойылған орындықтардың арт жағына жүрелерінен отырады да, терезеден қарайды (орындықтың артындағы санылаудан) Тәрбиеші «Күн шуақ! Ойнап келіңдер!»-дейді. Балалар алаңда жүгіреді. «Жаңбыр, тезірек үйге қайтыңдар!» -деген белгісі бойынша барлығы өз орындарына қарай жүгіреді және орындықтардың арт жағына келіп отырады.

Ойыншықты алып кел.

Ойыншықтарды (сылдырмақ, кішкене кубиктер) бөлімінің, алаңның қарама қарсы жағына орналастырады. Тәрбиеші балаларды өзіне шақырып алады да, ойыншықтарды алып келуін өтінеді. Оның нұсқауы бойынша балалар ойыншықтарға қарай жүреді немесе жүгіреді. Ойыншықтарды тәрбиешіге алып келеді. Ол балаларды мадақтайды, ойыншықтарын қайтадан апарып қоюын өтінеді.

Нұсқау

Ойынды тапсырмалар қосып, күрделенуге болады.Ойыншықтарға тар жолмен немесе онша биік емес заттардың үстімен алып өту.

Кешікпе

Кубиктер мен сылдырмақтарды еденге шеңбер бойымен орналасады. Балалар кубиктердің жанына тұрады. Тәрбиешінің белгісі бойынша олар бірін-бірі қағып, соқпай және кубиктерге тиіп кетпей бөлмені айнала жүгіреді. «Кешікпе!» белгісі бойынша балалар өз кубиктеріне қарай жүреді және кубикерге тиіп кетпей бөлмені айнала жүгіреді. «Кешікпе!» белгісі бойынша балалар өз кубиктеріне қарай жүгіреді.

Тышқандар мен мысықтар

Балалар- тышқандар өз індерінде отырады.(бөлменің қабырғасын жағалай немесе алаңның жан-жағына қойылған орындықтарға) Алаңның бір бұрышында мысық отыр. Мысықтың рөлін тәрбиеші атқарады. Мысық ұйықтап кеткенде тышқандар бөлмеде жүгіреді. Бірақ, мысық оянады, керіліп созылады, мияулайды және тышқандарды ұстай бастайды. Тышқандар тез қашып кетеді және індеріне тығылып (орындықтағы өз орындарына отырады) қалады. Барлық тышқандар індеріне қайтып келген соң мысық қайта ұйқыға кіріседі. Ойын 5-6 рет қайталанады.

Нұсқау

Мысық көзін жұмып, ұйықтаған соң ғана, тышқандардың інінен жүгіріп шығуларына болады. Ал індеріне мысық оянып, мияулай бастағанда ғана оралады. Тәрбиеші барлық тышқандардың індерінен жүгіріп шығуын бақылайды. Ойынға ойыншық мысықты да қолдануға болады. Балалар өрмелеп шыға алатын кубиктерді де індері ретінде пайдалануға болады.

Жалауға қарап жүгіру.

Тәрбиеші балаларға екі түсті кішкене жалаушаларды таратып береді. Қызыл және көк түсті. Тәрбиеші бір қолына қызыл, екінші қолына көк жалаушаны алып, екі қолын екі жаққа жаяды. Түсіне қарай балалар екі топқа бөлініп тұра қалады. Бұдан кейін тәрбиеші балаларға алаңның ішінде қыдыруды, жүгіруді ұсынады. Балалар қыдырып жүргенде, Тәрбиеші бөлменің екінші жағына өтеді де: «Бір, екі, үш маған қарай жылдам үш!» -дейді.Бұл кезде қолындағы жалаушаларды екі жаққа сермейді. Балалар оған қарай жүгіреді және өз қолдарындағы жалаушалардың түстеріне қарай жалаушаның жанына жиналады. Балалардың бәрі жиналып болған соң, тәрбиеші жалаушаларды жоғары көтеріп, бұлғауды ұсынады.

Ойын 3-4 рет қайталанады.

Нұсқау.

Тәрбиешінің белгісі бойынша бұрын алаңның жан-жағына жүгіріп кетпеуі керек. Ол жалаушаларды бір қолынан екінші қолына ауыстырып отырады, өйткені балалар өз жалаушаларының түсіне қарай оның бірде сол жағына қарай жиналуы керек. Ойынға қосымша белгілермен тапсырмалар енгізуге болады. Мысалы: «Токта!» белгісі бойынша ойнаушылардың барлығы тоқтай қалуы, көздерін жұмуы немесе орындарына тұырып шыр көбелек айналуы немесе секіріп билеуі тиіс. Ал, бұл кезде тәрбиеші байқатпай басқа орынға кетіп қалады. Белгі бойынша тәрбиешінің жанына қайтадан жиналады. Жалаушалардың орнына балалардың қолына қол орамал немесе түстеріне сай кубиктер, ленталар беруге болады.

Өз түсінді тап

Тәрбиеші балаларға 3-4 түсті кішкене жалаушаларды таратып береді.: қызыл, көк, сары, жасыл. Түсі бірдей жалаушасы бар балалар жалаушаның белгілі бір түсімен алдын ала белгіленген бөлменің әр бұрышына жиналады. Тірбиешінің «ойнап келіндер!» деген кезде балалар өз түстері бар жалаушаның қасына жиналады. Тәрбиеші қай топ бұрын жиналғанын белгілейді. Сонан соң ойын қайталанады.

(5-6 рет)

Нұсқау.

Бірнеше рет қайталанып, балалар ойынды жақсы игерген соң тәрбиеші серуен кезінде тоқталып, көздерін жұмғызып, сол уақытта бөлменің бұрышында тұрған жолаушыларды ауыстырып қояды.

Трамвай

Балалар бір-бірінің қолдарынан ұстап, екі-екіден калонаға тұрады. Бос қолдарымен олар ұшы байланған жіптен ұстайды. Яғни, кей бала жіпті оң қолмен, кей бала жіпті сол қолмен ұстайды. Бұл трамвай. Тәрбиеші екі қолына үш түрлі –сары, қызыл, жасыл жалау ұстап, бөлменің бір бұрышында тұрады. Ол жасыл түсті сигнал болғанда қозғалуға, қызыл, сары, түсте тоқтауға тиіс екендігін түсіндіреді. Тәрбиеші жасыл жалауды көтергенде- бұл трамвай келе жатыр деген белгі, балалар бөлмені, алаңды айнала жүгіреді. Тәрбиешіге, бағдаршамға дейін жүгіріп келіп, қай түс жаңғанын бақылайды. Егер бұрынғыдай жасыл түс болса жүрісті жалғастыра береді. Ал егер сары мен қызыл жанса олар тоқтайды, жасылдың жануын күтеді.

Нұсқау

Ойын кезінде балаларды көшеде жүру ережесімен таныстыру. Егер ойынға балалар аз қатысса екі-екіден немесе бір калонаға тұрғызуға болады. Ойынның сюжетін дамыта түсуге болады; жолшыбай трамвайдың келуін күтіп отырған жолаушылардың аялдамасын ұйымдастырады, аялдамаға жақындағанда трамвай жүрісін баяулатады және тоқтайды. Жолаушылардың бір сыпырасы трамвайдан шығып, біраз жолаушы қайтадан мінеді. Трамвайға шығып-түсу үшін жіпті көтереді. Жіптің ұшына кішкене қоңырау байлаулы. Жүрер кезде бір бала (кондуктар) қоңырауды соғып, белгі береді.

Поезд

Балалар калонаға бір-бірден тұрады. (бір-бірімен қол ұстаспай) Біріншісі паравоз ал қалғандары вагондар. Тәрбиеші гудок береді де, поезд алға жылжи бастайды, ең әуелі баяу, кейін жылдам, жылдамырақ және ең соңында балалар жүгіруге айналады. «Поезд станцияға жақындап келеді» -дейді тәрбиеші. Балалар жүрісті бірте – берте баяулатады да, поезд тоқтайды. Балалар серуендеуге шығады. Олар жан-жаққа тарап, гүлдер, жеміс, саңырауқұлақтар тереді. Гудокты ести сала олар қайтадан калоннаға тұрады да, поезддің қозғалысы жаңадан басталады. Ойын 4-5 рет қайталанады.

Нұсқау

Алғашында балалар калоннаға кез-келген ретпен тұрады, ал жылдың аяғында өз орындарын есте сақтауды - өз вагоныны табуды үйретеді. Ойынның сюжетін өзгертуге болады. Мысалы: поезд көлдің жанына тоқтайды, онда балалар қайықта серуендейді, балық аулайды. т.б. бейнелейді.

«Ұшты-ұшты»

Педагог балаларға ұшты-ұшты қарлығаш ұшты дегенде балалар қолдарын көтеріп ұшады, педагог ұшты-ұшты орындық ұшты десе отыра қалады.

«Хан талапай»

Ойынға 5-10 балаға дейін қатыса береді. Асық көп болу керек. Көп асықтың ішінен үлкенірек біреуін алып қызыл түске бояңдар. Осы асық «хан» болады. Алдымен санамақ арқылы ойын бастаушыны тағайындап алыңдар. Осы бала асықтың бәрін уысына жиып алып, отырған балалардың алдына шашып жібереді. Сендер «ханның» қалай түскенін байқап отырыңдар. Егер «хан» бүк, шік, тәйкі түссе, ойын бастаушы бала «ханның» түсуіне қарай жақын жатқан асықтарды бас бармақтың көмегі арқылы сұқ саусағымен итере-ыршытып біріне-бірін дәлдей отырып тигізеді. Тигізген асықтарды өзіне алады.

Орамал тастамақ

Балалар шеңбер жасап тұрады. Бастаушы(тәрбиеші) балаларды айнала жүріп бір баланың артына орамал тастап кетеді. Артына орамалды тастағанын сезген бала менің артымда деп жауап береді. Артына орамалдың тасталғанын сезбесе ол өлең, тақпақ айтып немесе билеп беруі керек. Балалар шеңбер бойында көздерін жұмып тұруы керек. Ойын осылай жалғаса береді.

Шымшықтар мен мысық

Балалар алаңның бір жағына еденге қойылған скамейкалардың немесе үлкен кубиктердің үстіне шығып тұрады. Бұл үйдің төбесінде отырған шымшықтар. Шеткеріректе мысық отыр. (тәрбиеші немесе балалардың біреуі) Мысық ұйықтап жатыр. «Балапандар ұшты» -дейді тәрбиеші. Шымшықтар төбеден секіріп түседі, қанаттарын қосып, жан-жаққа ұшып кетеді. Міне, енді мысық та ояны. Ол «Мияу-мияу» дейді және төбеде тығылып үлкен шымшықтарды ұстағысы келіп жүгіреді. Ұстаған шымшықты мысық өз үйіне қарай әкетеді. Ойын 5- рет қайталанады.

Нұсқау

Балалардың жерге жайылып түсуін, аяқтарының ұшымен секіруін және тізелерін бүгүін қадағалау керек.

Қимылды ойын: «Аққу – қаздар»

Ойынның мақсаты: Шапшаңдыққа, ептілікке баулу.

Ойын барысы:

Ойынға қатысушылар арасынан кімдер қасқыр мен қожайын ролін ойнайтынын белгілеп, қалғандары аққу – қаздар болады. Алаңның бір жағында отағасы мен қаздар тұратын үй сызылып салынады, екінші жағында – қыр астында жасырынған қасқыр. Құс бағушы қаздарды көкке тойынып, бой жазып қайтуы үшін далаға шығарып жібереді. Қаздар үйден едәуір жер алыстап кетеді. Шамалы уақыт өткен соң құс өсіруші қаздарын шақырады. Сөйтіп отағасы мен қаздардың бір – біріне тіл қатысуы басталады:

- Қаздар, қаздар!
- Га – га – га.
- Қарындарың ашты ма?
- Иә, иә, иә.
- Аққу – қаздар қайтыңдар!
- Қыр астында қасқыр бар!

- Не істеп жатыр ол онда?
- Шіл жеп жатыр, ол онда.
- Ал үйге қарай қашындар!

Серуен	Аула тазалаушысының қысқы еңбегімен танысу. Көмектесу. (қоршаған ортамен танысу) Балалақшаның ұлттық бұрышына бару. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру. Фланелеграф тақтасында жапсырып көруді ұйымдастыру. (жапсыру) Жабдықтардағы	Ауа райын бақылау. Құстардың тіршілігіндегі өзгерістерді тани білу. Ауа райына сай киінуді пысықтау. (қоршаған ортамен танысу) Балалақшаның ұлттық бұрышына бару. Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «құс қанаты», «бүршік» элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтауға зейін бөлуін дамыту .	Аулаға шығып айналадағы табиғаттың сұлулығын бақауды үйрету. Отанды сүйуге, патриотизмге тәрбиелеу. Патриоттық әндер айтқызу. (қоршаған ортамен танысу) Конструктордан ойынға арналған ғимарат құрастыру дағдыларын жетілдіру. (құрастыру) Қимылды ойын «Кім жылдам»	Ауа райын бақылату. Қандай өзгерістер болғанын байқату. Атай білуді жетілдіру. (қоршаған ортамен танысу) Қимылды ойын «Өз түсінді тап»	Кітаптан балалардың сұранысы бойынша ертегі оқып беру. (көркем әдебиет) Ауладағы ағаштар мен өсімдіктерді санау, бақылау, салыстыру, күтім жасату. (математика негіздері, қоршаған ортамен танысу) Қимылды ойын «Арқан тарту»

	оюлардың геометриялық пішіндердің қайсысына ұқсайтынын анықтату. (математика негіздері) Қимылды ойын «Хан талапай» Еркін ойындар	сандықты ою өрнектермен сәндеп сурет салдырту. (сурет салу) Қимылды ойын «орамал тастамақ»			
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ереже айту. (сөйлеуді дамыту)				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Электронды кітаптан ертегі қойып беру (көркем әрекет)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)				

	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Саусақ ойындарын ұйымдастыру. Балаларға таныс "қуыршақты жүргізу" техникасын қолдана отырып, олардың қатысу ниеттерін дамыту. Таныс ертегі қойылымын жасату. (сөйлеуді дамыту) Дербес әрекеті құрастыру және шығармашылық жұмыстарын бекіту бойынша ертегі кейіпкерлеріне арнап үйлерді құрастыру, бейнесін жасату, суретін салдырту. (құрастыру, мүсіндеу, сурет салу)	Өзінің дене бөліктерін бағдарлау және атауды (бас, аяқтар, қолдар). ойыншықтарын оң қолымен солдан оңға қарай орналастыруын үйретіп дамыту (математика негіздері) Өздеріне ұнайтын ертегілерді сахналату. (көркем әдебиет) Ұлттық бұрышта танысқан оюларын қиып жапсыруды ұйымдастыру. (жапсыру)	Топтағы гүлдерді санау, салыстыру, күтім жасау құралдарын салыстыру, санату (математика негіздері) Ай мен жұлдыздың мүсінін жасату және қағаздан қиып жапсырту. (мүсіндеу, жапсыру)	Табиғи заттардан әр түрлі құрылымдар құрастырту (құрастыру) Ғажайып қоржын бейнесіне оюларды қиып жапсырту. (жапсыру)	Құрастыру және шығармашылық бағытында балалардың қалауы бойынша дербес әрекеттер жасату. Кітаптар қарау, әңгімелесу. Өздерінің ертегі кейіпкері ретінде суретін салдырту, кейіпкерлердің қолданатын құралдарын мүсіндету. Ертегі кітапшасын қолдан жасату. Әр түрлі бейнелерді қиып жапсырып сәндету. (сурет салу, құрастыру, мүсіндеу, жапсыру)
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				

Серуен	Видео материал арқылы ән айтып, би билету. (музыка) Еркін ойындар	Конструктордан сандық құрастыру дағдыларын қалыптастыру (құрастыру) Еркін ойындар	Балалардың қалауы бойынша ән айту, қимылды би билету. (музыка) Еркін ойындар	Таныс ертегінің кейіпкерлерінің бейнелерін сомдауға қажетті дауыс ырғағы және тілдің қарқынын қолдану дағдыларын қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Еркін ойындар	Футбол. Берілген бағытта допты домалату. Допты аяқтарымен бір-біріне домалатуды пысықтау; (дене шынықтыру) Еркін ойындар
Балалардың үйге қайтуы		Анасының көмекшісі тақырыбында әңгімелесу. Баланың үйдегі өзіндік әрекетті жайлы сұхбат.	Бүгінгі күннің қызықты сәттері туралы сұрау.	Сазбалшық туралы не білгенін сұрау	Апта бойғы қызықты сәттерді әңгімелеу.

Тексерген әдіскер:

Тәрбиеші:

ТАҢЕРТЕҢГІ САУЫҚТЫРУ ЖАТТЫҒУЛАРЫНЫҢ КАРТОТЕКАСЫ

Қараша айы I-II апта

(Доппен жаттығулар)

- I Жүру, допты жоғары көтеріп жүру, жүгіру, жәй жүру, шеңбер болып тұру.
- II 1б.к аяқ бірге, қол төмен
1-қолды алға созу, 2жоғары көтеру,3 алға созу,4б.к оралу 4-5рет
2 б.к аяқтың арасы алшақ, қол төмен 1. қолды алға созу2 отыру3 тұру, 4б.к оралу 4-5 рет
3б.к аяқтың арасын алшақ қою, қол кеудеде 1 допты алға созу, 2 еңкейіп аяқтың ұшына тигізу, 3 допты алға созу, 4б.к оралу 4-5 рет
4б.к тізелеп отыру, қол кеудеде 1 допты оңға, 2 допты солға созу. 5-брет қайталау
5 допты кеудеде ұстап, қос аяқпен секіру. 7-8 секунд
- III Еркін тыныс алу.

Қараша айыIII-IV апта

- I Жүру, аяқтың ұшымен, өкшемен, жүгіру, жәй жүру, қолды белге қойып жүру, шеңбер болып тұру.
- II 1б.к аяқ бірге қол төмен1-қолды алға созу, 2 оңға қарай қолды айқастыру, 3 солға қарай қолды айқастыру. 4б.к оралу 4-5рет
2б.к аяқтың расы алшақ, қол белде.1-оң жаққа қарай ийілу,2б.к оралу 3сол жаққа қарай иілу 4б.к оралу. 4-5рет қайталау.
3б.к аяқтың арасы ашық, қол иықта1-2 алға қолды сермеу, 3-4 артқа қарай сермеу 4-5рет
4б.к аяқтың арасы алшақ, қол белде.1-қолды алға созу, 2 отыру,3 тұру, 4б.к оралу 4-5рет
5 Аяқты алмастырып секіру. 7-8секунд
- III Еркін тыныс алу жаттығулары

ҚИМЫЛДЫ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫ

Күн шуақ және жаңбыр

Балалар залдың қабырғасынан бір шама алысырақ қойылған орындықтардың арт жағына жүрелерінен отырады да, терезеден қарайды (орындықтың артындағы саңылаудан) Тәрбиеші «Күн шуақ! Ойнап келіңдер!»-дейді. Балалар алаңда жүгіреді. «Жаңбыр, тезірек үйге қайтыңдар!» -деген белгісі бойынша барлығы өз орындарына қарай жүгіреді және орындықтардың арт жағына келіп отырады.

Ойыншықты алып кел.

Ойыншықтарды (сылдырмақ, кішкене кубиктер) бөлімінің, алаңның қарама қарсы жағына орналастырады. Тәрбиеші балаларды өзіне шақырып алады да, ойыншықтарды алып келуін өтінеді. Оның нұсқауы бойынша балалар ойыншықтарға қарай жүреді немесе жүгіреді. Ойыншықтарды тәрбиешіге алып келеді. Ол балаларды мадақтайды, ойыншықтарын қайтадан апарып қоюын өтінеді.

Нұсқау

Ойынды тапсырмалар қосып, күрделенуге болады.Ойыншықтарға тар жолмен немесе онша биік емес заттардың үстімен алып өту.

Кешікпе

Кубиктер мен сылдырмақтарды еденге шеңбер бойымен орналасады. Балалар кубиктердің жанына тұрады. Тәрбиешінің белгісі бойынша олар бірін-бірі қағып, соқпай және кубиктерге тиіп кетпей бөлмені айнала жүгіреді. «Кешікпе!» белгісі бойынша балалар өз кубиктеріне қарай жүреді және кубикерге тиіп кетпей бөлмені айнала жүгіреді. «Кешікпе!» белгісі бойынша балалар өз кубиктеріне қарай жүгіреді.

Тышқандар мен мысықтар

Балалар- тышқандар өз індерінде отырады.(бөлменің қабырғасын жағалай немесе алаңның жан-жағына қойылған орындықтарға) Алаңның бір бұрышында мысық отыр. Мысықтың рөлін тәрбиеші атқарады. Мысық ұйықтап кеткенде тышқандар бөлмеде жүгіреді. Бірақ, мысық оянады, керіліп созылады, мияулайды және тышқандарды ұстай бастайды. Тышқандар тез қашып кетеді және індеріне тығылып (орындықтағы өз орындарына отырады) қалады. Барлық тышқандар індеріне қайтып келген соң мысық қайта ұйқыға кіріседі. Ойын 5-6 рет қайталанады.

Нұсқау

Мысық көзін жұмып, ұйықтаған соң ғана, тышқандардың інінен жүгіріп шығуларына болады. Ал індеріне мысық оянып, мияулай бастағанда ғана оралады. Тәрбиеші барлық тышқандардың індерінен жүгіріп шығуын бақылайды. Ойынға ойыншық мысықты да қолдануға болады. Балалар өрмелеп шыға алатын кубиктерді де індері ретінде пайдалануға болады.

Жалауға қарап жүгіру.

Тәрбиеші балаларға екі түсті кішкене жалаушаларды таратып береді. Қызыл және көк түсті. Тәрбиеші бір қолына қызыл, екінші қолына көк жалаушаны алып, екі қолын екі жаққа жаяды. Түсіне қарай балалар екі топқа бөлініп тұра қалады. Бұдан кейін тәрбиеші балаларға алаңның ішінде қыдыруды, жүгіруді ұсынады. Балалар қыдырып жүргенде, Тәрбиеші бөлменің екінші жағына өтеді де: «Бір, екі, үш маған қарай жылдам ұш!» -дейді.Бұл кезде қолындағы жалалаушаларды екі жаққа сермейді. Балалар оған қарай жүгіреді және өз қолдарындағы жалаушалардың түстеріне қарай жалаушаның жанына жиналады. Балалардың бәрі жиналып болған соң, тәрбиеші жалаушаларды жоғары көтеріп, бұлғауды ұсынады.

Ойын 3-4 рет қайталанады.

Нұсқау.

Тәрбиешінің белгісі бойынша бұрын алаңның жан-жағына жүгіріп кетпеуі керек. Ол жалаушаларды бір қолынан екінші қолына ауыстырып отырады, өйткені балалар өз жалаушаларының түсіне қарай оның бірде сол жағына қарай жиналуы керек. Ойынға қосымша белгілермен тапсырмалар енгізуге болады. Мысалы: «Токта!» белгісі бойынша ойнаушылардың барлығы тоқтай қалуы, көздерін жұмуы немесе орындарына тұырып шыр көбелек айналуы немесе секіріп билеуі тиіс. Ал, бұл кезде тәрбиеші байқатпай басқа орынға кетіп қалады. Белгі бойынша тәрбиешінің жанына қайтадан жиналады. Жалаушалардың орнына балалардың қолына қол орамал немесе түстеріне сай кубиктер, ленталар беруге болады.

Өз түсінді тап

Тәрбиеші балаларға 3-4 түсті кішкене жалаушаларды таратып береді.: қызыл, көк, сары, жасыл. Түсі бірдей жалаушасы бар балалар жалаушаның белгілі бір түсімен алдын ала белгіленген бөлменің әр бұрышына жиналады. Тірбиешінің «ойнап келіндер!» деген кезде балалар өз түстері бар жалаушаның қасына жиналады. Тәрбиеші қай топ бұрын жиналғанын белгілейді. Сонан соң ойын қайталанады.

(5-6 рет)

Нұсқау.

Бірнеше рет қайталанып, балалар ойынды жақсы игерген соң тәрбиеші серуен кезінде тоқталып, көздерін жұмғызып, сол уақытта бөлменің бұрышында тұрған жолаушыларды ауыстырып қояды.

Трамвай

Балалар бір-бірінің қолдарынан ұстап, екі-екіден калонаға тұрады. Бос қолдарымен олар ұшы байланған жіптен ұстайды. Яғни, кей бала жіпті оң қолмен, кей бала жіпті сол қолмен ұстайды. Бұл трамвай. Тәрбиеші екі қолына үш түрлі –сары, қызыл, жасыл жалау ұстап, бөлменің бір бұрышында тұрады. Ол жасыл түсті сигнал болғанда қозғалуға, қызыл, сары, түсте тоқтауға тиіс екендігін түсіндіреді. Тәрбиеші жасыл жалауды көтергенде- бұл трамвай келе жатыр деген белгі, балалар бөлмені, алаңды айнала жүгіреді. Тәрбиешіге, бағдаршамға дейін жүгіріп келіп, қай түс жанғанын бақылайды. Егер бұрынғыдай жасыл түс болса жүрісті жалғастыра береді. Ал егер сары мен қызыл жанса олар тоқтайды, жасылдың жануын күтеді.

Нұсқау

Ойын кезінде балаларды көшеде жүру ережесімен таныстыру. Егер ойынға балалар аз қатысса екі-екіден немесе бір калонаға тұрғызуға болады. Ойынның сюжетін

дамыта түсуге болады; жолшыбай трамвайдың келуін күтіп отырған жолаушылардың аялдамасын ұйымдастырады, аялдамаға жақындағанда трамвай жүрісін баяулатады және тоқтайды. Жолаушылардың бір сыпырасы трамвайдан шығып, біраз жолаушы қайтадан мінеді. Трамвайға шығып-түсу үшін жіпті көтереді. Жіптің ұшына кішкене қоңырау байлаулы. Жүрер кезде бір бала (кондуктар) қоңырауды соғып, белгі береді.

Поезд

Балалар калонаға бір-бірден тұрады. (бір-бірімен қол ұстаспай) Біріншісі паравоз ал қалғандары вагондар. Тәрбиеші гудок береді де, поезд алға жылжи бастайды, ең әуелі баяу, кейін жылдам, жылдамырақ және ең соңында балалар жүгіуге айналады. «Поезд станцияға жақындап келеді» -дейді тәрбиеші. Балалар жүрісті бірте – берте баяулатады да, поезд тоқтайды. Балалар серуендеуге шығады. Олар жан-жаққа тарап, гүлдер, жеміс, саңырауқұлақтар тереді. Гудокты ести сала олар қайтадан калоннаға тұрады да, поездің қозғалысы жаңадан басталады. Ойын 4-5 рет қайталанады.

Нұсқау

Алғашында балалар калоннаға кез-келген ретпен тұрады, ал жылдың аяғында өз орындарын есте сақтауды - өз вагоныны табуды үйретеді. Ойынның сюжетін өзгертуге болады. Мысалы: поезд көлдің жанына тоқтайды, онда балалар қайықта серуендейді, балық аулайды. т.б. бейнелейді.

«Ұшты-ұшты»

Педагог балаларға ұшты-ұшты қарлығаш ұшты дегенде балалар қолдарын көтеріп ұшады, педагог ұшты-ұшты орындық ұшты десе отыра қалады.

«Хан талапай»

Ойынға 5-10 балаға дейін қатыса береді. Асық көп болу керек. Көп асықтың ішінен үлкенірек біреуін алып қызыл түске бояңдар. Осы асық «хан» болады. Алдымен санамақ арқылы ойын бастаушыны тағайындап алыңдар. Осы бала асықтың бәрін уысына жиып алып, отырған балалардың алдына шашып жібереді. Сендер «ханның» қалай түскенін байқап отырыңдар. Егер «хан» бүк, шік, тәйкі түссе, ойын бастаушы бала «ханның» түсуіне қарай жақын жатқан асықтарды бас бармақтың көмегі арқылы сұқ саусағымен итере-ыршытып біріне-бірін дәлдей отырып тигізеді. Тигізген асықтарды өзіне алады.

Орамал тастамақ

Балалар шеңбер жасап тұрады. Бастаушы(тәрбиеші) балаларды айнала жүріп бір баланың артына орамал тастап кетеді. Артына орамалды тастағанын сезген бала менің артымда деп жауап береді. Артына орамалдың тасталғанын сезбесе ол өлең, тақпақ айтып немесе билеп беруі керек. Балалар шеңбер бойында көздерін жұмып тұруы керек. Ойын осылай жалғаса береді.

Шымшықтар мен мысық

Балалар алаңның бір жағына еденге қойылған скамейкалардың немесе үлкен кубиктердің үстіне шығып тұрады. Бұл үйдің төбесінде отырған шымшықтар. Шеткеріректе мысық отыр. (тәрбиеші немесе балалардың біреуі) Мысық ұйықтап жатыр. «Балапандар ұшты» -дейді тәрбиеші. Шымшықтар төбеден секіріп түседі, канаттарын қомдап, жан-жаққа ұшып кетеді. Міне, енді мысық та оянды. Ол «Мияу-мияу» дейді және төбеде тығылып үлкен шымшықтарды ұстағысы келіп жүгіреді. Ұстаған шымшықты мысық өз үйіне қарай әкетеді. Ойын 5- рет қайталанады.

Нұсқау

Балалрдың жерге жайылып түсуін, аяқтарының ұшымен секіруін және тізелерін бүгуін қадағалау керек.

Қимылды ойын: «Аққу – қаздар»

Ойынның мақсаты: Шапшаңдыққа, ептілікке баулу.

Ойын барысы:

Ойынға қатысушылар арасынан кімдер қасқыр мен қожайын рөлін ойнайтынын белгілеп, қалғандары аққу – қаздар болады. Алаңның бір жағында отағасы мен қаздар тұратын үй сызылып салынады, екінші жағында – қыр астында жасырынған қасқыр. Құс бағушы қаздарды көкке тойынып, бой жазып қайтуы үшін далаға шығарып жібереді. Қаздар үйден едәуір жер алыстап кетеді. Шамалы уақыт өткен соң құс өсіруші қаздарын шақырады. Сөйтіп отағасы мен қаздардың бір – біріне тіл қатысуы басталады:

- Қаздар, қаздар!
- Га – га – га.
- Қарындарың ашты ма?
- Иә, иә, иә.
- Аққу – қаздар қайтыңдар!
- Қыр астында қасқыр бар!
- Не істеп жатыр ол онда?
- Шіл жеп жатыр, ол онда.
- Ал үйге қарай қашыңдар!

Қаздар үйге қарай қашады, қасқыр оларды ұстап алуға ұмтылады. Ұсталғандар ойыннан шығады. Барлық қаздар ұсталған кезде ойын аяқталады. Соңында қалған ең епті және жүйрік қаз қасқыр болады.

Ойын тәртібі:

Қаздар тек алаңнан шықпай «ұшуға» тиіс. Қасқыр оларды «Алүйге қарай қашыңдар!» сөзінен кейін ғана ұстауға ұмтылады.

Тауықтар мен балапандар»

Мақсаты: Балалардың қимыл қозғалыстарын арттыру. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Ана мен бала арасындағы сүйіспеншілікке, адалдыққа, мейірімге, сыйластыққа тәрбиелеу. Ойынның шарты : Балалардың жартысы тауықтар , ал қалғандары балапандар болады. Балапандары аулада серуендеп, ойнап жүреді де, аналарынан тығылып қалады. Аналары балапандарын іздейді.

Қоймадағы тышқандар

Балалар тышқандарды бейнелейді. Олар алаңның бір жағындағы орындықтармен скамейкаларда отырады немесе түрегеліп тұрады. (тышқандар індерінде) Қарама-қарсы жақта биіктігі 40-50см шамасында жіп керілген, одан әріректе қойма бар. Ойнаушылардың бір жағында мысықтың рөлін ойнаушы тәрбиеші отырады. Мысық ұйықтайды, ал тышқандар қоймаға қарай жүгіреді. Қоймаға кіріп бара жатып, олар жіптің астынан еңкейіп өтеді. Тышқандар қоймаға кіреді де, жүрелеп отырып қатқан нанды кеміре бастайды. Тышқандар қоймадан жүгіріп шығып, індерін тығылады. (Мысық тышқандарды ұстамайды. Ол тек ұстағысы келгенсиді) Сонан соң мысық өз орнына келіп, ұйқыға кіріседі, ойын жалғаса береді. Ойын 5-6 рет қайталанады.

Нұсқау.

Жіптің астынан өткенде оған тиіп кетпеу үшін төменірек еңкеюге тырысады.

Қояндар

Алаңның бір жағына бормен кішкене шеңбер сызылады (5-6) бұлар қояндардың үйшіктері. Олардың алдына орындықтар қойылады. Қарама-қарсы жағында күзетшінің үйі бар. (тәрбиеші отырған орындық) Үй мен қоян күркелерінің арасында қояндар серуендейтін кішкене шалғын бар. Тәрбиеші ойынға қатысушылардың бәрін 3-4 баладан шағын топтарға бөледі. Әрбір топ еденде сызылған шеңберлердің біріне барып отырады. Балалар тәрбиешінің нұсқауы бойынша жүрелерінен отырады. (қояндар күркелерінде отыр.) Тәрбиеші күркелеріне кезекте-кезек барып, қояндарды шалғынға шақырады. Қояндар бірінен кейін бірі орындықтың астынан еңбектеп шыға бастайды. Шалғында жүгіріп, секіріп ойнау бастайды. Біраздан соң тәрбиеші «күркеге қарай жүгіріңдер» дейді. Қояндар үйге қарай асыға жүгіреді. Орындықтың астынан еңбектеп өз торларына кіреді. Күзетші оларды қайтадан серуенге шығарғанға дейін қояндар торда отыра береді. Ойын 4-5 рет қайталанады.

Нұсқау

Еңбек ету үшін орындықтың орнына планканың түреуіне қойылған доғаны немесе керулі жіпті пайдалануға болады.

Кішкене маймылдар

Тәрбиеші балаларға бір-бірден немесе екі-екіден гимнастикалық қабырғаға жақындауды, бетін қабырғаға қаратып тұрып 3-4 тақтайшаға өрмелеп шығуды ұсынады. Бұлар-кішкене маймылдар. Қалған балалар кішкене маймылдардың жемісті ағаштың басынан қалай теріп жүргендерін отырып немесе түрегеліп тұрып қарайды. Бұдан соң ағаштардың басынан басқа маймылдар өрмелейді.

Нұсқау

Балалардың кішкене сатымен өрмелеп шығуға және одан түсуге әбден жаттыққан соң, оларға қабырғаның бір ашық аралығынан келесі аралығына – ағаштан ағашқа тырымысып шығуды ұсына отырып, тапсырманы күрделене түсуі керек.

Дидактикалық ойын

«**Бағдаршам**» Ойынның мақсаты: Балалардың ойлау, есте сақтау қабілетін және тілін дамыту. Ертегілер және ертегілер кейіпкерлері туралы түсініктерін кеңейту.

Балаларға екі қызыл және жасыл түсті дөңгелек береді. Тәрбиеші ертегі кейіпкерлеріне байланысты сөздер айтады, бала сөздердің дұрыс атауын естісе, жасыл дөңгелекті көтереді.

Ал қате болса-қызыл түсті дөңгелекті көтереді. Содан кейін суреттерді көрсетіп, балалармен бірге әр сөзді қатты, жай және анық қайталап айтуы тиіс. Сөздер қай ертегіде кездесетіні туралы өңгімелеу.

Қыз	Мала	Тасқыр	Сауырсақ
Мыз	Зала	Насқыр	Тауырсақ
Тыз	Бала	Басқыр	Бауырсақ
Шыз	Кала	Қасқыр	Сауырсақ

Ертегілер

Түлкі мен ешкі

(ертегі)

Бір түлкі жүгіріп келе жатып, абайсызда бір терең апанға түсіп кетіпті. Шығайын десе, шыға алмайды. Сол кезде бір ешкі су іздеп жүріп, әлгі апанға келеді. Түлкіні көріп:

-Әй, түлкі батыр, неге апанда отырсың?- деп сұрайды. Түлкі:

-Ой, неғыласың, жаныма рахат тауып тұрмын. Қырда әрі сусап, әрі ыстықтап өліп едім. Апанның іші әрі салқын, әрі тұбінде тұп-тұнық суы бар екен,- деп жауап береді.

Мұны естіп ешкі:

-Мен де салқын су ішейін,- деп апанға түседі. Түлкі секіріп ешкінің үстіне мінеді. Онан соң мүйізіне шығады. Мүйізінен секіріп қырға шығып, жөніне кетіпті.

«Өтірікке алданба, басың бәлеге душар болар» - деген осыдан қалыпты.

Кішкентай бағбан

Садықтың әкесі бағбаншы. Ол әкесіне үнемі көмектеседі. Күн жылынып, қар еріп, жер кебісімен олар құмырсқалар сияқты бақта еңбектенеді.

Бір күні олардың қасына Халел жүгіріп келіп:

- Садық, жүр ойнайық, - деді.

- Менің жұмысым көп,- деп жауап берді Садық.

- Осыны да жұмыс деп ойлайсың ба? Әкең бәрін жасай салады. Ойнаған өте көңілді емес пе?

Халел ойыншықтарының бірінен соң бірін шығара бастады. Садық қатты ойнағысы келсе де, өзін жігерлендіріп, жұмысын әрі қарай жалғастыра берді.

Күз келді. Бақта көптеген жемістер мен жидектер пісіп жетілді.

Садық жеміс-жидектерді өзі де жеп, досына да ауыз тигізді. Халел жеміс-жидектерді тойып жеп алып:

- Қазір мен барлығын да жеп тауысамын, ештеңе қалмайды,- деді.

- Қалады. Әкем: «Жер-ана еңбекті ойынға айырбастамай, аянбай еңбекеткендерді өз жомарттығымен сыйлайды деген», - деді

Садық.

М.Төрежанов

Түлкі мен қоян

(ертегі)

Бір күні болдырып келе жатқан Түлкі жортып жүрген Қоянды көрді.

Өтірік ауырған болып ағаш жанына сұлай кетеді де, қасына шақырады.

- Қоянжан-ау, Қоянжан, неге сонша жортасың? Менен неге қорқасың? Бала жастан бірге өскен, тоғайдың дәмін бір жеген көрші емес пе едік. Мен ауырып жатырмын. Жақынырақ келсеңші, қоштасайық, - депті.

Сонда Қоян:

- Екі құлағым сөзінде тұр, екі көзім өзінде тұр. Сіз етті жақсы көреді дейді жұрт. Сол рас па? – депті.

- Рас болғанда қандай? Тіпті, ет жемесем басым ауырады.

- Міне, осыңыз жаман ғой.

- Иә, соған өзім де қынжылып жатырмын. Кеше бір тауық жеп едім, оған жаным ашып, жылап та жібердім. Өйткені ол да тірі жүргісі келеді ғой. О, шіркін тіршілік! – депті.

Қоян:

- Сіз оны өлтірмей тұрып, ойланып көрдіңіз бе? – депті. Сонда Түлкі:

- Мен дәл сол жерде ойлануды ұмытып кетіппін. Жаным батып, ауырып жатқаным да соның өкініші, - дейді.

- Ұмытшақ болған жаман ғой. Мен де содан қорқамын, сондықтан да жортамын, - деп Қоян тұра жөнеліпті.

Желтоқсан айы 2022жыл 1 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 05.12.2022	Сейсенбі 06.12.2022	Сәрсенбі 07.12.2022	Бейсенбі 08.12.2022	Жұма 09.12.2022
Балаларды қабылдау	Балаларды арнайы жасалған күлімдеген күн стикерімен қарсы алу, ыстық мейірімге баулу. Амандасу дағдысын пысықтау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Далада қандай ауа райы болып тұрғанын сұрау. Қар жауғанын көрді ме сұрау (сөйлеуді дамыту) .				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Қыс мезгіліндегі сауықтыру шаралары туралы ата аналарға кеңес беру				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (пазлдар, суретті карточкалар, дидактикалық ойындар). Өнер орталығында сурет салу, суретті карточкаларды бояту, Табиғи құрастыру материалдарымен құрастыру, кітаптарды қарау, еңбек әрекеті бойынша әңгімелесу Табиғат бұрышындағы тірі объектілерге күтім жасауға арналған құралдар туралы білімдерін қалыптастыру (қоршаған ортамен танысу) Балалармен жеке жұмыс.				
Таңертенгі жаттығу	Желтоқсан айына арналған таңертенгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындату				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Қол орамалды пайдалана білуді бекіту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.Өз-өзіне қызмет жасау дағдыларын жетілдіру. Кезекшілікті ұйымдастыру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбері Достарым көп бақшада (шеңберге тұру) Көңілдіміз бақшада (қолдарын жайып) Достықты біз сүйеміз (бір-біріне қарап, жымию) Бірге күліп жүреміз. Балалардың сезінген әсерлерімен , жаңалықтармен бөлісу.				

	Өзіңе қалай көмектесесің? Балалардың ойын тыңдау. Ал өзгелерге қалай көмектесуге болатынын сұрау? Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша	Музыка маманының жоспары бойынша	Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша Қазақ тілі Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ұ, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.	Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша	Музыка маманының жоспары бойынша
	«Шеберін-ай Аяздың!» М.Жаманбалинов Шеберін-ай аяздың: Суреттерді әр үйге, Әйнектерді қағаз ғып, Әйнектердің бәріне, Әшекейлеп қойыпты, Түнде салып береді, Бірнеше ою ойыпты Көзі қалай көреді? Тақпақты жаттату, Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мені	«Үш аю», «Түлкі мен тырна» ертегілерін естеріне түсіру. Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-шара, қимыл)	Ересек адамдарға біз қалай көмектесеміз? Мысалы анамыз бен әжемізге? Балалардың пікірлерін тыңдау. Қыс мезгілінде ата аналарына қалай көмектесуге болатын бейнеленген суреттер бойынша толықтырып әңгімелету. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Ойын «Тілді жалпақ қыл» (сөйлеуді дамыту,	Терезеге қарап бүгінгі ауа райын бақылау. Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. (сөйлеуді дамыту) Балалардың қалауы	Ертегі кейіпкерлерінің киімдерін сыйлыққа беріп жібергенін айтып, көрсету. Өз бетінше таңдап кигенсоң ойындар ойнату. Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты)

	жаңылтпаштар айтқызу. Қыс туралы жаңылтпашты қайталап айтуын ұйымдастыру (сөйлеуді дамыту) Терезеге қарап, аяздың салған өрнектерін салу, балалардың қалауы бойынша бояу немесе қаламдарды пайдалану. (сурет салу)	қолдануға ынталандыру. (көркем әдебиет) Геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету Ермексазdan фигураларды жасату. (математика негіздері)	көркем әдебиет) «Аналарымыздың көмекшілеріміз» айдарымен ою элементтерінің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнектермен тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту. (жапсыру)	бойынша терезеден көрген заттарын немесе құбылыстардың суретін салу, қағаздан қиып жапсыру.	ынталандыру. (көркем әдебиет) «Ғажайып қоржын» ойынын ойнату. Қоржынның ішіндегі геометриялық пішіндерді сипап сезу арқылы зерттеуіне жағдай жасау. Атауын айту дағдысын дамыту. (математика негіздері)
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Өз-өзіне қызмет ету дағдыларын дамыту. Шкафтарынан киімдерін ретімен алып, дұрыс киіну және достарына киінуіне көмектесу дағдыларын қалыптастыру. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Қардан қамал құрастыру. Қардың қасиеттерімен таныстыру. (құрастыру) Қардың қасиеттерін зерттеу. Оның түсін, пішінін анықтау. Шелекке салып жылы жерге алып келгенде не болатынан анықтату. (қоршаған ортамен	Қыстайтын құстарға жем бергізу. Қардан геометриялық пішіндерді жасату, сонымен қатар арнайы қалыптарға салып пішіндердің реттілігін сақтап бір жолаққа орналастыруды үйрету. (қоршаған ортамен танысу)	Қардың бетіне шеңбер сызып қою. Балалар қол ұстасып шеңбер сызығының бойымен тұрады. Музыка сұрақтарын қою қойылған соң балалар ортада тұраған баланы айналып жүреді. Кім шеңберден шықса сол ортаға тұрады. Топта жұмыс жасау дағдыларын дамыту. (қоршаған ортамен танысу)	Алып шыққан ойыншықтармен «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарын қою арқылы жеке және топтық ойындар ұйымдастыру (математика негіздері) Қардан жұлдызқұрт жасау. (құрастыру)	Қыс мезгілінде ағаштар не істейді? Зерттеу жұмысы. Қардың жылуды өткізбейтін қасиеті туралы зерттеу жұмыстарын жүргізу. (қоршаған ортамен танысу) Қар бетінде табиғи құбылыстарды бейнелету (сурет салу)

	танысу) Қимылды ойын: «Кім жылдам» Қимылды ойын «Жалауға қарай жүгір»	Балалардың жақсы көретінін әнін айтқызу, би билету. (музыка)	Аққалалар жасату. Жасаған аққалаларын бойы пішіні қандай? салыстыру. (математика негіздері) Қимылды ойын «жоғары лақтыр»	Қимылды ойын «Өз «Үйінді тап»	Қимылды ойын «Кешікпе»
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды пысықтау. Өз –өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттату (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану барысында мәдениетті тәрбиелеу (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту, тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау, ұқтату. Балаларға қыс туралы ертегілер оқып беру және жайлы музыка қою (көркем әрекет)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. Өз өзіне қызмет ету дағдыларын пысықтау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасату, оларды суару (қоршаған ортамен танысу)				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Күзде кептіріп қойған өсімдіктерді жапсырып, оның біріне қырауды бейнелету. Жапсыруда бірізділікті ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру (жапсыру) Ақ түсті ермексазdan далада қардан құрастырылған қамалдарды жасату. (мүсіндеу) «Кім тез жинайды» ойыны арқылы. топтағы ойыншықтардан жиын жасату. (математика негіздері)	Қағаздың бұрыштарын және қырларын біріктіру, бөлшектерді өзара желімдеп, қысқы табиғат тақырыбында композиция құрастыруды үйрету (құрастыру) Кітаптардан қыс мезгілі туралы суреттерді қарату. Суреттер бойынша ойдан ертегі құрастыруға мүмкіндік беру арқылы ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру (Сөйлеуді дамыту) Балалардың қалауы бойынша «Түлкі мен ешкі» ертегі желісі бойынша шығармашылықпен жұмыстар жасауын дамыту. (жапсыру және сурет салу, мүсіндеу)	Балаларды орталықтарға бөлу. Далада жасаған аққалаларын қағаздан қиып жапсыруды үйрету. (жапсыру) Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беруді жетілдіру. Қалауы бойынша еркін тақырыпта сурет салдыру. (сурет салу) Аққаланың мүсінін жасату (мүсіндеу)	Көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажырата білуін ұйымдастыру. Өртүрлі көліктер мен құралдары оларды басқаратынын білімдерін жетілдіру. Қысқы көліктер туралы білімдерін жетілдіру. Шана шаңғы туралы не білетіндерін сұрау. (қоршаған ортамен танысу) Шананы мүсіндеуде. бірнеше бөліктердің пропорцияларын сақтау, бөліктерді біріктіру және орналастыруды, қолдануды үйрету. (мүсіндеу) Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композиция	Ертегі кітаптарын қарау. кітаптан балалардың қалаған ертегілерін оқып беру, үстел үсті театры арқылы көрсету. Өздерінің айтуына жағдай жасау. (сөйлеуді дамыту) Оқылған ертегі желісі негізінде көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтауын қадағалау. (мүсіндеу) Балалардың қалауы бойынша ертегі кейіпкерлерін жапсыру. (жапсыру) Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын
---	---	---	--	---	--

				кұрумен қар жауып тұрған кездегі аққаланың суретін салу. (сурет салу)	материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Ертегі желісіне жетпей қалған кейіпкерді мүсіндеуді басқару. (құрастыру)
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылық туғызу. Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Дидактикалық ойын «Бұл қай кезде болады?» Жыл мезгілдерінің әр түрлі бейнесі бейнеленген суреттерді көрсетіп, қай кезде болатынын сұрау. (көркем әдебиет) Ырғақты би қимылдарын жасату,	Балалар қалауымен түрлі ойындар ұйымдастыру. Еркін ойындар Балаларға кішкентай бөпе мен оқушылардың суреттерін көрсету. Баланың өсуі мен дамуы, өткені, бүгіні және болашағы	Сызбаны (карточкаларды) қолданып, ірі және ұсақ құрылыс материалынан құрастыру (құрастыру) Қимылды ойын «Трамвай»	Ырғақты би қимылдарын жасату, әнге қосылып айту (музыка) Балалардың сұранысы бойынша ертегі оқып беру (көркем әдебиет) Еркін ойындар	Еркін ойындар ойнату. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. (дене шынықтыру) Қимылды ойын «Хан талапай»

	энге қосылып айту (музыка) Қимылды ойын «Хан талапай»	туралы түсініктерді қалыптастыру («Мен кішкентай болдым, мен өсіп келемін, мен ересек боламын»). (қоршаған ортамен танысу)			
Балалардың үйге қайтуы	Қыс мезгілігің ерекшеліктері туралы балалармен әңгімелесуді ұсыну. Қысқы ойындарды ойнау. Апта бойы жасалған жұмыстармен таныстырып отыру.				

Тексерген әдіскер: 

Тәрбиеші: 

Желтоқсан айы 2022жыл 2 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 12.12.2022	Сейсенбі 13.12.2022	Сәрсенбі 14.12.2022	Бейсенбі 15.12.2022	Жұма 16.12.2022
Балаларды қабылдау	Балаларды жайдары көңіл күймен қарсы алу. Баланың балабақшаға деген қызығушылығын арттыру. Баладан қандай көңіл күймен келгенін стикер арқылы көрсетіп, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту) .				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланы мінез құлқын қалыптастыру бойынша кеңес беру				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Пазлдармен үстел -үсті ойыны. Дидактикалық ойын: «Сикырлы қалта», «Суретші қай жерде қателесті?», «Не жоқ?» . Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу. Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарату, (сөйлеуді дамыту) Табиғаттағы ауа райының жағдайын бақылауға және бақылаудың нәтижелерін табиғат күн тізбесінде белгілеуге үйрету. Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару. Балармен жеке жұмыс. (қоршаған ортамен танысу)				
Таңертенгі жаттығу	Желтоқсан айына арналған таңертенгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) . Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтқызу, ас қайырту. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Балаларға жаңалықтарымен бөліседі, жақсы тілектер тілеуді ұйымдастыру. «Қазақстан, отан туралы не білесің?» тақырыбында әңгімелесу. «Менің елім» деген нені білдіреді ойларын сұрау. Суреттер арқылы түсіндіру. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				

Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге баулу. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Қазақ тілі	Дене шынықтыру	Музыка
	Қазақстанның туы мен елтаңбасын көрсету. Оларды танып атауы, сипаттауын ұйымдастыру. Ән ұранды орындату. Бұл заттардың барлығы тәуелсіздіктің белгісі екенін айтып түсіндіру. (көркем әдебиет) Тудың суретін салу.	Әдеби шығармаларды мұқият тыңдауды үйрету. «Қардан жасалған гүл» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет) Балалардың қалауы бойынша дәстүрден тыс әдіспен гүлдің суретін салу, тұзды қамырдан гүлдің мүсінін жасату, қағазды бүктеу арқылы ақ қағаздан гүл жасату. Балалардың жасаған	«Менің қалам» тақырыбында үйлер құрастыру. Құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. (құрастыру) «Қардан жасалған гүл» ертегісін естеріне түсіру. Шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді үйрету (көркем әдебиет)	Қазақстан байрағы Көк байрақтың бетінде Қыран бүркіт қанатты Сол қырандай еркіндеп, Бала өседі талапты. <i>М.Әлімбаев</i> Қазақстан Кең даласын Егін жапқан, Бар баласы Бақыт тапқан. Менің жерім, Тұған жерім, Туған елім – Күн сәулелі Қазақстан! <i>Ж.Молдағалиева</i> тақпақтарын жаттату. Балабақшаның мерекелік ертеңгілігіне қатысу (көркем әдебиет және	

		жұмыстарының ұқсастықтарымен айырмашылықтары н байқауды үйрету. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)		сөйлеуді дамыту) Ойын. Бірнеше балаларды тізбекке қойып, оңға солға, екі рет оңға, екі рет солға сияқты тапсырмаларды беру. Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу(алға-артқа, оңға-солға, жоғары- төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру дағдыларын дамыту. (математика негіздері)	
Серуенге дайындық	Серуендеуде балалардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, еңбекке баулу, таза ауадағы ойындар арқылы белсенділіктерін күшейту. Балаларды ретімен (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуін бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарының киінуіне көмектесуге тәрбиелеу (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу. Балабақшада ілініп немесе бейнеленіп тұрған жерге алып бару. Қалай құрмет көрсету керектігін	Қардан гүл жасау. Жасаған гүлдері туралы бірі біріне айтып беру. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу (сөйлеуді дамыту) заттардың өзіне	Балабақша қызметкерлері мен олардың еңбек әрекеттері туралы білімдерін жетілдіру. Аула тазалығының жұмыстарына қатыстыру. (қоршаған ортамен	Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: қар тазалау, қыстайтын құстарды қоректендіру. (қоршаған ортамен танысу)	

	сұрау. Балалардың жауаптарын толықтыру. (қоршаған ортамен танысу) Қимылды ойын «Шымшықтар мен мысық» Қарды күрекшелермен тазалау. Өз ойын алаңдарын қардан тазалауда шелекті пайдалану, балалардың бірлескен әрекетін ұйымдастыру. (құрастыру)	қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді дамыту (менің алдымда шырша, сол жағымда апай) айтуды үйрету. (математика негіздері) Спорттық жаттығу: Шанамен сырғанау: төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу. Мұз жолмен өз бетінше сырғанау.	танысу) Қимылды ойын «Ханталапай» Қарда таяқпен сурет салу. (сурет салу)	Қимылды ойын «Шымшықтар мен мысық» «Көк тудың желбірегені» әнін дауыстап және төмен дауыспен айтқызу (музыка)	
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу барысында көркем сөз қолдану. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				

Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату. Қазақ халық ертегілерін оқып беру (көркем әрекет)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) «Денсаулық - зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс-әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдын- алуға болатынын түсіну. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту. Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	«Менің Қазақстаным» тақырыбында шығармашылық жұмыс жасату. (мүсіндеу, жапсыру) Сан есімдерді ретімен атауға дағдыландыру. Дидактикалық ойын «нешінші?»	Құрылыс материалдарынан дербес әрекет жасату. (құрастыру) Кітаптар қарату. Қарапайымдылыққа, мейірімділікке және әділдікке, ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге	Менің Қазақстаным тақырыбында суреттер қарату. балалардың қалауы бойынша топтарға бөлініп сурет салу, мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жүргізу. (мүсіндеу, жапсыру, сурет салу)	Табиғи материалдарды пайдаланып, Қазақстанның орманы тақырыбында жапсыру жұмысын жасату. (жапсыру) Балалардың ораманның суретін салу немесе ермексازдан жасату (сурет салу, мүсіндеу)	

	(сөйлеуді дамыту)	тәрбиелеу. (қоршаған ортамен танысу)	Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтауды үйрету. Туды баланың әр жағына қою арқылы, дұрыс атауын үйрету. (математика негіздері)		
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Дидактикалық ойын «Ғажайып сандық» Сандықтан түрлі геометриялық пішіндерді бірден әр бала алып, көруін және сипап сезу арқылы зерттеу	Дербес ойындар Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Қимылды ойын	Ұнататын әнін дауыстап және төмен дауыспен орындату (музыка) Еркін ойындар	Еркін ойындар Ойындарда физикалық қасиеттерін (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.	

	жасауын ұйымдастыру (математика негіздері) Ұнататын әнін дауыстап және төмен дауыспен айтқызу (музыка) Еркін ойындар Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту	«Сақина жасыру.»	Қимылды ойын «Орамал тастамақ»	Тақпақтарын қайталату, бүгінгі күннің ерекше сәттерін еске алу, әңгімелету Қимылды ойын «Ханталапай»	
Балалардың үйге қайтуы	Балаларды жылы киіндіру туралы кеңес беру. Апта бойы бала не үйренгені жайлы сұхбат, әңгімелесу.				

Тексерген әдіскер: 

Тәрбиеші: 

Желтоқсан айы 2022жыл 3 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 19.12.2022	Сейсенбі 20.12.2022	Сәрсенбі 21.12.2022	Бейсенбі 22.12.2022	Жұма 23.12.2022
Балаларды қабылдау	Балаларды көңілді көңіл-күй, әсем әуенмен қарсы алу.Баладан бақшаға келгенше не көргенін, қандай көңіл күймен келгенін, сыртта ауа райын қандай болып тұрғанын сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту) .				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша әңгімелесу, кеңес беру, логопед, психолог мамандардың кеңесіне жүгіну кестелерін еске салу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. (сөйлеуді дамыту) Дидактикалық ойын:«Жануарларды тап, сана», «Айырмашылығын тап», «Орнын тап» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптардан жануарлардың суреттерін қарау, Табиғат бұрышындағы өсімдіктер, оларға күтім жасау (топрағын қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту. (бөлме жануарларына күтім жасау) Балармен жеке жұмыс. Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну дағдысын қалыптастыру.				
Таңертенгі жаттығу	Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) . Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін жетелдіру, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. «Бата» жаттауға баулу (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын: Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Қыс мезгілінде неше ай бар? Қандай айлар атап беріндерші? Қыста не жауады? Балалардың жаңалықтарымен бөлісуін, жақсы тілектер тілеуін ұйымдастыру. «Қазақ халқының даналығы туралы не білеміз?» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолданабілуге үйрету Қазақ тілі	Дене шынықтыру	Музыка
	Балаларды топтағы ұлттық бұрышқа алып бару. Онда қандай заттарды таниды атату. Демалық күндері қандай мереке тойладық сұрау. Жаттаған тақпақтарын, әндерін естеріне түсіріп айтқызу. (сөйлеуді дамыту,	Киіз үйдің жабдықтарды көрсету. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға баулу (сөйлеуді дамыту) Киіз үйдегі заттарды салыстыру.	Бүгін аптаның қай күні, жылдың қай мезгілі туралы сұрау. Карточкалар арқылы тәулік бөліктерінің (таңертең, күндіз, кеш, түн) сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы	«Бата беру» тақырыбында әңгімелесу. Бата жаттату. (сөйлеуді дамыту) Бата беретін адамдардың суретін салуды ұсыну. (сурет салу)	«Қарлығаштың ұясы» ертегісін оқып беру. Қарлығаш туралы ақпарат беру, балалардың ойларын тыңдау. (сөйлеуді дамыту) Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: ойын,

	көркем әдебиет) Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлу, ұлттық бұрыштағы заттарға қарап бейнелеу немесе мүсінін жасау, қаласа дайын өрнектерді қоржындарға жапсыру. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)	Екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып салыстыруды пысықтау (математика негіздері)	ұғымдарын кеңейту. Дидактикалық ойын «Бұл қай кезде болады?» күн тәртібіндегі іс әрекеттерді тәулік бөлігінің қай кезінде болатынын айтқызу. (математика негіздері) Қара жорға әнін айтқызу, би қимылдарын жасату. (музыка)		ойын жабдықтарын пайдаланудағы қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. Балалардың ұсынған ережелерін плакаттарға салып, топта іліп қоюын ұйымдастыру (қоршаған ортамен танысу, сурет салу)
Балалардың үйге қайтуы	Ересектердің әңгімесіне араласпау, өз өтінішін сыпайы түрде білдіру, көрсеткен қызметі үшін алғыс айту дағдыларын үйде де жетілдіру керектігі туралы ақпарат беру. Оқып берген ертегілерді сахналауды үйде қайталау. Көлік түрлері туралы әңгімелесуді ұсыну.				

Тексерген әдіскер:

Тәрбиеші:

Ересек топ «Сұңқар»

Қаңтар айы 2023 жыл 4 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 23.01.2023	Сейсенбі 24.01.2023	Сәрсенбі 25.01.2023	Бейсенбі 26.01.2023	Жұма 27.01.2023
Балаларды қабылдау	«Көңілді смайликтер» арқылы қарсы алып, көңіл-күйлерін сұрау. Балаларды қабылдап, тазалықтарына мән беру. Баладан өз отбасында қандай шаруамен айналысқаны жайлы айтып беруге тарту (сөйлеуді дамыту) .				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың үйдегі отбасы мүшелерімен қарым қатынасы туралы әңгімелесу. Ата –аналармен пікірлесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты сипап сезу арқылы анықтау, атын атау), «Ғажайып сандық». Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ермексазбен және түрлі түсті қағаздармен еркін өз бетінше жұмыстар. Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, суреттер бойынша әңгімелеу, ертегілер құрастыру. Балармен жеке жұмыс. Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру				
Таңертенгі жаттығу	Қаңтар айына арналған таңертенгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) . Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Шуақ шаша алтын таңда, Мөлдір таза ауада. Табиғаттың бәрі оянады. Қайырлы таң балалар! Сәлем бердім саған елім!				

Ересек топ «Сұңқар»

	Тал бесігім туған жерім. Сәлем бердім бәріңізге! Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Қыста қанша ай бар? Атап беріңдер? Жарайсыңдар!!! Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Балалардың жаңалықтармен бөлісуін ұйымдастыру. «Қыс мезгілінің ерекшеліктері» туралы не білетіндерін сұрау. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру Бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда жәнесахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге баулу. Қазақ тілі	Дене шынықтыру	Музыка
	Балабақша ауласына серуен барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: қыста - құстарды қоректендірудің қажеттігін түсіндіру. Топқа оралып, жабайы аңдардың суретін көру олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа	«Кәрі аяз бен жас аяз» ертегісін оқып беру. Өздеріне айтуға мүмкіндік беру. (сөйлеуді дамыту) Ертегі желісі аяздың түрі қандай болады, қиялдап мүсінін жасату. (мүсіндеу)	«Маша мен аюдың қысқы қызығы» мультфильмін тамашалату. Әдеби кейіпкерлердің әрекеттеріне өзінің көзқарасын білдірту (көркем әдебиет) Аюдың суретін бояту суреттерді қылқаламмен,	Жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді жетілдіру. Дидактикалық ойын	Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Қыста боран болар, қар болар. Қыздар шәлі орамал оранар. Қыста құлағым үсіп

Ересек топ «Сұңқар»

	бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. (қоршаған ортамен танысу) Қыс мезгілі туралы жаттаған тақпақтарын, ертегілерін естеріне түсіру. (көркем әдебиет) Қыс мезгілі бейнеленген суреттерді бояу, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояуды қалыптастыру. (сурет салу).		қаламмен бояуға үйрету. (сурет салу).	«Кім жылдам жұбын табады» ғажайып қалтадан ойыншықтар шығару, балалар топтан соның жұбын тауп саластыру жағдайын жасау. (математика негіздері) Терезенің жақтауын сәндеуге арналған заттар жасату. Қағаздың бұрыштарын және қырларын біріктіру, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыруды үйрету (құрастыру)	кетті, Үсіп, ісіп кетті. (сөйлеуді дамыту) Топтағы ойыншықтарды беуден жинау. Карточкалармен жұмыс жасату. (математика негіздері)
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту,	Қыс мезгілінде құстардың тіршілігін	Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі,	Далада не бар? Қоршаған орта	Кітаптан балалардың сұранысы бойынша

Ересек топ «Сұңқар»

	реттік сан есімдерді атау. Балабақша ауласындағы ағаштарды, құстарды санату. (математика негіздері) Қимылды ойын «Хан талапай» Еркін ойындар	бақылату. Қыс мезгілінде не істеуге болатынын сұрау. Ойындар ойнату, қар тазалату, мүсіндер жасату. (қоршаған ортамен танысу) Қар бетінде таяқпен жолдар салу. Аяқтарының іздерін бақылату, салыстыру. (сурет салу) Қимылды ойын «Поезд»	қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: қыста - құстарды қоректендірудің қажеттігін ұғындыру (қоршаған ортамен танысу) Қимылды ойын «Жалауға қарай жүгір»	заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Екі бөтелкеге жылы су құйып алып шығу, біреуін қардың астына, біреуін жай ашық жерге қою. Қайсысының бірінші мұздағанын анықтау. (қоршаған ортамен танысу) Табиғи заттардан (қардан) әр түрлі құрылымдар құрастырту (құрастыру) Қимылды ойын «Өз түсінді тап»	ертегі оқып беру. (көркем әдебиет) Ауладағы шыршаларды санау, бақылау, салыстыру, қарларын түсіркізу (математика негіздері, қоршаған ортамен танысу) Қимылды ойын «Трамвай»
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ереже айту. (сөйлеуді дамыту)				

Ересек топ «Сұңқар»

Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Жаңа жыл туралы ертегілер оқып беру (көркем әрекет)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітаптар қарату. Таныс ертегі қойылымын жасату. (сөйлеуді дамыту) Жануарлардың мүсінін жасау, қиып жапсыру жұмыстарын орындату (мүсіндеу, жапсыру) Али мен Аяның қыс туралы әнін айтқызу (музыка)	«Оң солды анықтау» ойыны. Бірнеше баланы ортаға шығарып балаларға оңға екі рет, солға бір рет, оңға және солға екі рет деген тапсырмаларды беріп орындату. Қалған балаларға карточкалармен жұмыс жасату. «Артығын тап» дидактикалық ойынын ойнату. (математика	Топтағы ойыншықтарды санату, салыстыру. Жиын жасату. (математика негіздері) «Қыстағы Маша мен аю» Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру (мүсіндеу)	Табиғи қалдық заттардан композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеруін қадағалау; (жапсыру) Таныс ертегінің кейіпкерлерінің бейнелерін сомдауға қажетті дауыс ырғағы және тілдің	Балалардың қалауы бойынша дербес әрекеттер. Құрастыру және шығармашылық бағытында кітаптар қарату, әңгімелесу. Топтағы ойыншықтарының суретін салу, мүсінін жасату, немесе қағаздан өздері ойыншық жасауына мүмкіндік беру. (сурет салу, құрастыру, мүсіндеу, жапсыру)

Ересек топ «Сұңқар»

		негіздері) Қыс Қыс келді, қыс иықтап, Қалды аюлар ұйықтап. Қыс келді, қыс мұз-қарлы, Қыраулы да, ызғарлы. Тақпақтарын жаттау, Али мен Аяның қыс туралы әндерін қайталау. (көркем әдебиет, музыка) Балалардың қалауы бойынша еркін тақырыпта жапсыру әрекетін жасату. (жапсыру)	Конструктордан ұя құрастыру дағдыларын қалыптастыру (құрастыру)	қарқынын қолдану дағдыларын қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Мектеп туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (мектепке баруға ынтасын, қызығушылығын арттыру). (қоршаған ортамен танысу)
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	Еркін ойындар Қардан әр түрлі құрылымдар	Қимылды ойын «Шеңберге түсір»	Балалардың қалауы бойынша ән айту, қимылды би билету. (музыка)	Еркін ойындар Қимылды ойын «Поезд»	Шанамен сырғанау. Еркін ойындар

Ересек топ «Сұңқар»

	кұрастыру. (Кұрастыру) Қимылды ойын «Жоғары лақтыр»		Еркін ойындар Қимылды ойын «Жалауға қарай жүгір»		
Балалардың үйге қайтуы	Жаңа жыл туралы әңгімелесуді ұсыну. Бүгінгі күннің қызықты сәттері туралы сұрау. Апта бойғы қызықты сәттерді әңгімелеу.				

Тексерген әдіскер:

Тәрбиеші:



Ересек топ «Сұңқар»

ТАҢЕРТЕҢГІ САУЫҚТЫРУ ЖАТТЫҒУЛАРЫНЫҢ КАРТОТЕКАСЫ

Қаңтар айы I-II апта

I Жүру, аяқтың ұшымен жүру, өкшемен жүру, әр-түрлі бағытта жүгіру, жәй жүру, тізбектеп 2қатарға тұру.

II 1б.қ аяқ бірге, қол төменде

1-қолды жанына қою, оң қолды көтеру, 2б.қ оралу. 3-қолды көтеру, 4б.қ оралу 4-5 рет қайталау.

2б.қ аяқтардың арасы ашық, қол кеудеде.

1-қолды жоғары көтеру, 2-оңға тербелу, 3солға тербелу. 4б.қ оралу. 4-5рет

3б.қ аяқтың арасы ашық, қол төменде

1-отыру, 2-3 оңға-солға қол шапалақтау, 4б.қ оралу. 4-5рет қайталау.

4б.қ аяқты созып отыру. 1. тізені бүгу, 2 құшақтау, 3б.қ оралу 4-5рет қайталау.

5 Қос аяқпен секіру 7-8секунд

III Еркін тыныс алу жаттығулары

Қаңтар айы III-IV апта

I Жүру, тізені көтеріп жүру, отырып жүру, жүгіру, кері қарай жүгіру, жүру екі қатар тізбектеліп тұру.

II 1б.қ аяқ бірге, қол төменде

1-қолды жоғары көтеру, 2иыққа түсіру, 3қолды белге қою, 4б.қ оралу. 4-5рет

2б.қ аяқтың арасы алшақ, қол иықта 1-қолды жанына қою, 2 жоғары көтеру, 3-қол шапалақтау, 4б.қ оралу 4-5рет

4б.қ аяқ бірге, қол белде 1-1басты алға, 2артқа, 3оңға, 4солғабұру. 4-5 рет қайталау.

5Қос аяқтап айналып секіру 7-8 секунд

III Еркін тыныс алу жаттығулары

ҚИМЫЛДЫ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫ

Күн шуақ және жаңбыр

Балалар залдың қабырғасынан бір шама алысырақ қойылған орындықтардың арт жағына жүрелерінен отырады да, терезеден қарайды (орындықтың артындағы саңылаудан) Тәрбиеші «Күн шуақ! Ойнап келіндер!»-дейді. Балалар алаңда жүгіреді. «Жаңбыр, тезірек үйге қайтыңдар!» -деген белгісі бойынша барлығы өз орындарына қарай жүгіреді және орындықтардың арт жағына келіп отырады.

Ойыншықты алып кел.

Ойыншықтарды (сылдырмақ, кішкене кубиктер) бөлімінің, алаңның қарама қарсы жағына орналастырады. Тәрбиеші балаларды өзіне шақырып алады да, ойыншықтарды алып келуін өтінеді. Оның нұсқауы бойынша балалар ойыншықтарға қарай жүреді немесе жүгіреді. Ойыншықтарды тәрбиешіге алып келеді. Ол балаларды мадақтайды, ойыншықтарын қайтадан апарып қоюын өтінеді.

Нұсқау

Ересек топ «Сұңқар»

Ойынды тапсырмалар қосып, күрделенуге болады. Ойыншықтарға тар жолмен немесе онша биік емес заттардың үстімен алып өту.

Кешікпе

Кубиктер мен сылдырмақтарды еденге шеңбер бойымен орналасады. Балалар кубиктердің жанына тұрады. Тәрбиешінің белгісі бойынша олар бірін-бірі қағып, соқпай және кубиктерге тиіп кетпей бөлмені айнала жүгіреді. «Кешікпе!» белгісі бойынша балалар өз кубиктеріне қарай жүреді және кубикерге тиіп кетпей бөлмені айнала жүгіреді. «Кешікпе!» белгісі бойынша балалар өз кубиктеріне қарай жүгіреді.

Тышқандар мен мысықтар

Балалар- тышқандар өз індерінде отырады. (бөлменің қабырғасын жағалай немесе алаңның жан-жағына қойылған орындықтарға) Алаңның бір бұрышында мысық отыр. Мысықтың рөлін тәрбиеші атқарады. Мысық ұйықтап кеткенде тышқандар бөлмеде жүгіреді. Бірақ, мысық оянады, керіліп созылады, мияулайды және тышқандарды ұстай бастайды. Тышқандар тез қашып кетеді және індеріне тығылып (орындықтағы өз орындарына отырады) қалады. Барлық тышқандар індеріне қайтып келген соң мысық қайта ұйқыға кіріседі. Ойын 5-6 рет қайталанады.

Нұсқау

Мысық көзін жұмып, ұйықтаған соң ғана, тышқандардың інінен жүгіріп шығуларына болады. Ал індеріне мысық оянып, мияулай бастағанда ғана оралады. Тәрбиеші барлық тышқандардың індерінен жүгіріп шығуын бақылайды. Ойынға ойыншық мысықты да қолдануға болады. Балалар өрмелеп шыға алатын кубиктерді де індері ретінде пайдалануға болады.

Жалауға қарап жүгіру.

Тәрбиеші балаларға екі түсті кішкене жалаушаларды таратып береді. Қызыл және көк түсті. Тәрбиеші бір қолына қызыл, екінші қолына көк жалаушаны алып, екі қолын екі жаққа жаяды. Түсіне қарай балалар екі топқа бөлініп тұра қалады. Бұдан кейін тәрбиеші балаларға алаңның ішінде қыдыруды, жүгіруді ұсынады. Балалар қыдырып жүргенде, Тәрбиеші бөлменің екінші жағына өтеді де: «Бір, екі, үш маған қарай жылдам ұш!» - дейді. Бұл кезде қолындағы жалалаушаларды екі жаққа сермейді. Балалар оған қарай жүгіреді және өз қолдарындағы жалаушалардың түстеріне қарай жалаушаның жанына жиналады. Балалардың бәрі жиналып болған соң, тәрбиеші жалаушаларды жоғары көтеріп, бұлғауды ұсынады.

Ойын 3-4 рет қайталанады.

Нұсқау.

Тәрбиешінің белгісі бойынша бұрын алаңның жан-жағына жүгіріп кетпеуі керек. Ол жалаушаларды бір қолынан екінші қолына ауыстырып отырады, өйткені балалар өз жалаушаларының түсіне қарай оның бірде сол жағына қарай жиналуы керек. Ойынға қосымша белгілермен тапсырмалар енгізуге болады. Мысалы: «Тоқта!» белгісі бойынша ойнаушылардың барлығы тоқтай қалуы, көздерін жұмуы немесе орындарына тұрып шыр көбелек айналуы немесе секіріп билеуі тиіс. Ал, бұл кезде тәрбиеші байқатпай басқа орынға кетіп қалады. Белгі бойынша тәрбиешінің жанына қайтадан жиналады. Жалаушалардың орнына балалардың қолына қол орамал немесе түстеріне сай кубиктер, ленталар беруге болады.

Өз түсінді тап

Тәрбиеші балаларға 3-4 түсті кішкене жалаушаларды таратып береді.: қызыл, көк, сары, жасыл. Түсі бірдей жалаушасы бар балалар жалаушаның белгілі бір түсімен алдын ала белгіленген бөлменің әр бұрышына жиналады. Тәрбиешінің «ойнап келіндер!» деген кезде балалар өз түстері бар жалаушаның қасына жиналады. Тәрбиеші қай топ бұрын жиналғанын белгілейді. Сонан соң ойын қайталанады.

(5-6 рет)

Нұсқау.

Ересек топ «Сұңқар»

Бірнеше рет қайталанып, балалар ойынды жақсы игерген соң тәрбиеші серуен кезінде тоқталып, көздерін жұмғызып, сол уақытта бөлменің бұрышында тұрған жолаушыларды ауыстырып қояды.

Трамвай

Балалар бір-бірінің қолдарынан ұстап, екі-екіден калонаға тұрады. Бос қолдарымен олар ұшы байланған жіптен ұстайды. Яғни, кей бала жіпті оң қолмен, кей бала жіпті сол қолмен ұстайды. Бұл трамвай. Тәрбиеші екі қолына үш түрлі –сары, қызыл, жасыл жалау ұстап, бөлменің бір бұрышында тұрады. Ол жасыл түсті сигнал болғанда қозғалуға, қызыл, сары, түсте тоқтауға тиіс екендігін түсіндіреді. Тәрбиеші жасыл жалауды көтергенде- бұл трамвай келе жатыр деген белгі, балалар бөлмені, алаңды айнала жүгіреді. Тәрбиешіге, бағдаршамға дейін жүгіріп келіп, қай түс жанғанын бақылайды. Егер бұрынғыдай жасыл түс болса жүрісті жалғастыра береді. Ал егер сары мен қызыл жанса олар тоқтайды, жасылдың жануын күтеді.

Нұсқау

Ойын кезінде балаларды көшеде жүру ережесімен таныстыру. Егер ойынға балалар аз қатысса екі-екіден немесе бір калонаға тұрғызуға болады. Ойынның сюжетін дамыта түсуге болады; жолшыбай трамвайдың келуін күтіп отырған жолаушылардың аялдамасын ұйымдастырады, аялдамаға жақындағанда трамвай жүрісін баяулатады және тоқтайды. Жолаушылардың бір сыпырасы трамвайдан шығып, біраз жолаушы қайтадан мінеді. Трамвайға шығып-түсу үшін жіпті көтереді. Жіптің ұшына кішкене қоңырау байлаулы. Жүрер кезде бір бала (кондуктар) қоңырауды соғып, белгі береді.

Поезд

Балалар калонаға бір-бірден тұрады. (бір-бірімен қол ұстаспай) Біріншісі паравоз ал қалғандары вагондар. Тәрбиеші гудок береді де, поезд алға жылжи бастайды, ең әуелі баяу, кейін жылдам, жылдамырақ және ең соңында балалар жүгіруге айналады. «Поезд станцияға жақындап келеді» -дейді тәрбиеші. Балалар жүрісті бірте – берте баяулатады да, поезд тоқтайды. Балалар серуендеуге шығады. Олар жан-жаққа тарап, гүлдер, жеміс, саңырауқұлақтар тереді. Гудокты ести сала олар қайтадан калоннаға тұрады да, поездің қозғалысы жаңадан басталады. Ойын 4-5 рет қайталанады.

Нұсқау

Алғашында балалар калоннаға кез-келген ретпен тұрады, ал жылдың аяғында өз орындарын есте сақтауды - өз вагоныны табуды үйретеді. Ойынның сюжетін өзгертуге болады. Мысалы: поезд көлдің жанына тоқтайды, онда балалар қайықта серуендейді, балық аулайды. т.б. бейнелейді.

«Ұшты-ұшты»

Педагог балаларға ұшты-ұшты қарлығаш ұшты дегенде балалар қолдарын көтеріп ұшады, педагог ұшты-ұшты орындық ұшты десе отыра қалады.

«Хан талапай»

Ойынға 5-10 балаға дейін қатыса береді. Асық көп болу керек. Көп асықтың ішінен үлкенірек біреуін алып қызыл түске бояңдар. Осы асық «хан» болады. Алдымен санамақ арқылы ойын бастаушыны тағайындап алыңдар. Осы бала асықтың бәрін уысына жиып алып, отырған балалардың алдына шашып жібереді. Сендер «ханның» қалай түскенін байқап отырыңдар. Егер «хан» бүк, шік, тәйкі түссе, ойын бастаушы бала «ханның» түсуіне қарай жақын жатқан асықтарды бас бармақтың көмегі арқылы сұқ саусағымен итере-ыршытып біріне-бірің дәлдей отырып тигізеді. Тигізген асықтарды өзіне алады.

Орамал тастамақ

Балалар шеңбер жасап тұрады. Бастаушы(тәрбиеші) балаларды айнала жүріп бір баланың артына орамал тастап кетеді. Артына орамалды тастағанын сезген бала менің артымда деп жауап береді. Артына орамалдың тасталғанын сезбесе ол өлең, тақпақ айтып немесе билеп беруі керек. Балалар шеңбер бойында көздерін жұмып тұруы керек. Ойын осылай жалғаса береді.

Ересек топ «Сұңқар»

Шымшықтар мен мысық

Балалар алаңның бір жағына еденге қойылған скамейкалардың немесе үлкен кубиктердің үстіне шығып тұрады. Бұл үйдің төбесінде отырған шымшықтар. Шеткеріректе мысық отыр. (тәрбиеші немесе балалардың біреуі) Мысық ұйықтап жатыр. «Балапандар ұшты» -дейді тәрбиеші. Шымшықтар төбеден секіріп түседі, қанаттарын қомдап, жан-жаққа ұшып кетеді. Міне, енді мысық та оянды. Ол «Мияу-мияу» дейді және төбеде тығылып үлкен шымшықтарды ұстағысы келіп жүгіреді. Ұстаған шымшықты мысық өз үйіне қарай әкетеді. Ойын 5- рет қайталанады.

Нұсқау

Балалрдың жерге жайылып түсуін, аяқтарының ұшымен секіруін және тізелерін бүгуін қадағалау керек.

Қимылды ойын: «Аққу – қаздар»

Ойынның мақсаты: Шапшаңдыққа, ептілікке баулу.

Ойын барысы:

Ойынға қатысушылар арасынан кімдер қасқыр мен қожайын рөлін ойнайтынын белгілеп, қалғандары аққу – қаздар болады. Алаңның бір жағында отағасы мен қаздар тұратын үй сызылып салынады, екінші жағында – қыр астында жасырынған қасқыр. Құс бағушы қаздарды көкке тойынып, бой жазып қайтуы үшін далаға шығарып жібереді. Қаздар үйден едәуір жер алыстап кетеді. Шамалы уақыт өткен соң құс өсіруші қаздарын шақырады. Сөйтіп отағасы мен қаздардың бір – біріне тіл қатысуы басталады:

- Қаздар, қаздар!
- Га – га – га.
- Қарындарың ашты ма?
- Иә, иә, иә.
- Аққу – қаздар қайтыңдар!
- Қыр астында қасқыр бар!
- Не істеп жатыр ол онда?
- Шіл жеп жатыр, ол онда.
- Ал үйге қарай қашыңдар!

Қаздар үйге қарай қашады, қасқыр оларды ұстап алуға ұмтылады. Ұсталғандар ойыннан шығады. Барлық қаздар ұсталған кезде ойын аяқталады. Соңында қалған ең епті және жүйрік қаз қасқыр болады.

Ойын тәртібі:

Қаздар тек алаңнан шықпай «ұшуға» тиіс. Қасқыр оларды «Алүйге қарай қашыңдар!» сөзінен кейін ғана ұстауға ұмтылады.

Тауықтар мен балапандар»

Мақсаты: Балалардың қимыл қозғалыстарын арттыру. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Ана мен бала арасындағы сүйіспеншілікке, адалдыққа, мейірімге, сыйластыққа тәрбиелеу. Ойынның шарты : Балалардың жартысы тауықтар , ал қалғандары балапандар болады. Балапандары аулада серуендеп, ойнап жүреді де, аналарынан тығылып қалады. Аналары балапандарын іздейді.

Ересек топ «Сұңқар»

Қоймадағы тышқандар

Балалар тышқандарды бейнелейді. Олар алаңның бір жағындағы орындықтармен скамейкаларда отырады немесе түрегеліп тұрады. (тышқандар індерінде) Қарама-қарсы жақта биіктігі 40-50см шамасында жіп керілген, одан әріректе қойма бар. Ойнаушылардың бір жағында мысықтың рөлін ойнаушы тәрбиеші отырады. Мысық ұйықтайды, ал тышқандар қоймаға қарай жүгіреді. Қоймаға кіріп бара жатып, олар жіптің астынан еңкейіп өтеді. Тышқандар қоймаға кіреді де, жүрелеп отырып қатқан нанды кеміре бастайды. Тышқандар қоймадан жүгіріп шығып, індерін тығылады. (Мысық тышқандарды ұстамайды. Ол тек ұстағысы келгенсиді) Сонан соң мысық өз орнына келіп, ұйқыға кіріседі, ойын жалғаса береді. Ойын 5-6 рет қайталанады.

Нұсқау.

Жіптің астынан өткенде оған тиіп кетпеу үшін төменірек еңкеюге тырысады.

Қояндар

Алаңның бір жағына бормен кішкене шеңбер сызылады (5-6) бұлар қояндардың үйшіктері. Олардың алдына орындықтар қойылады. Қарама-қарсы жағында күзетшінің үйі бар. (тәрбиеші отырған орындық) Үй мен қоян күркелерінің арасында қояндар серуендейтін кішкене шалғын бар. Тәрбиеші ойынға қатысушылардың бәрін 3-4 баладан шағын топтарға бөледі. Әрбір топ еденде сызылған шеңберлердің біріне барып отырады. Балалар тәрбиешінің нұсқауы бойынша жүрелерінен отырады. (қояндар күркелерінде отыр.) Тәрбиеші күркелеріне кезекпе-кезек барып, қояндарды шалғынға шақырады. Қояндар бірінен кейін бірі орындықтың астынан еңбектеп шыға бастайды. Шалғында жүгіріп, секіріп ойнау бастайды. Біраздан соң тәрбиеші «күркеге қарай жүгіріңдер» дейді. Қояндар үйге қарай асыға жүгіреді. Орындықтың астынан еңбектеп өз торларына кіреді. Күзетші оларды қайтадан серуенге шығарғанға дейін қояндар торда отыра береді. Ойын 4-5 рет қайталанады.

Нұсқау

Еңбек ету үшін орындықтың орнына планканың түреуіне қойылған доғаны немесе керулі жіпті пайдалануға болады.

Кішкене маймылдар

Тәрбиеші балаларға бір-бірден немесе екі-екіден гимнастикалық қабырғаға жақындауды, бетін қабырғаға қаратып тұрып 3-4 тақтайшаға өрмелеп шығуды ұсынады. Бұлар-кішкене маймылдар. Қалған балалар кішкене маймылдардың жемісті ағаштың басынан қалай теріп жүргендерін отырып немесе түрегеліп тұрып қарайды. Бұдан соң ағаштардың басынан басқа маймылдар өрмелейді.

Нұсқау

Балалардың кішкене сатымен өрмелеп шығуға және одан түсуге әбден жаттыққан соң, оларға қабырғаның бір ашық аралығынан келесі аралығына – ағаштан ағашқа тырымысып шығуды ұсына отырып, тапсырманы күрделене түсуі керек.

Дидактикалық ойын

Тілді жалпақ қыл.

Мақсаты: тілді сабыр, бос қалыпта ұстау икемділігіне дағдыландыру.

Бейнелеуі: күлімдеп, ауызды ашыңқырап, тілдің алдыңғы жалпақ шетін төменгі ерінге салып қоямыз. Тілді осы қалыпта 5-10ға дейін санағанша ұстау керек.

Ересек топ «Сұңқар»

Әдістемелік нұсқау:

Ерінді қатты, күш салып созбау керек.

Астынғы ерінді қайырмау керек.

Тілді артық шығармай, астынғы ерінді жауып тұратындай ұстау керек.

Тілдің қырларын ауыздың бұрыштарына тигізіп ұстау.

Бұл жаттығуды жасай алмаса, «Бағынбайтын тілді жазала» деген жаттығуға қайтып оралу керек.

Ертегілер

«Қардан жасалған гүл»

— Анашым, ертегі айтып беріңізші?!

— Жарайды, айтып беремін. Тек кеш батсын.

— Не үшін кештің батқанын күтуіміз керек?

— Білмеймін...ертегіні кешке тыңдаған жақсы сияқты.

— Жақсы. Онда келістік.

Қызым күн батқанша әрең шыдады. Қыстың келте күні әп-сәтте кешке ұласты. Пешке жағылған оттың қызуы үйді жылытып жіберді. Жарықтың сөндірсең, оттың ойнаған алауының көлеңкесі керегеден ойнайды. Осындай кезде бала кездегі ата-анамның ортасында еш алаңсыз отыратын кездерім есіме түседі.

— Анашым, ал, ертегіңізді бастаңыз.

Қызымның қызығушылыққа толы көзіне қарап, жымидым. Есіме әдемі ертегі түсті.

— Ертегіні жалғыз өзің ғана тыңдайсың ба? Барып, бауырларыңды шақырып кел.

Қызым сүйінші сұрағандай жүгіріп кетті. Балаларым «ертегі, ертегі!» деп қуана айқайлап жүгірісіп келді. Айнала отыра қалып, менің аузымды бақты.

— Ертеде бір қыз болыпты. Ол өте арманшыл болған. Өз қиялында жасап алған үйде мекен етіп, қиялындағы кейіпкерлермен тілдеседі екен. Жер бетіндегі барлық нәрсені аппақ түс сияқты қабылдайтын-ды. Аппақ ақша бұлттар, аппақ қар сияқты барлық адамзат, жер беті тап-таза деп ойлайды. Бір күні қыз әкесі мен анасының бір-бірімен сөйлеспей жүргенін байқап қалыпты. Сірә, ренжісіп қалған-ау.

— Олар неге ренжіскен екен?

— Үлкендер кейде солай бір-біріне өкпелеп қалады.

— Бір-бірінен кешірім сұрай салмай ма?! Біз сөйтеміз ғой... содан кейін ойнап кетеміз.

— Содан, олар татуласып па?

— Кішкентай арманшыл қыз ата-анасын қалай татуластырсам екен деп, түнімен терезеден жапалақтап жауған қарға қарап ойланыпты. Сөйтіп жатып ұйықтап кетіпті. Таңертең тұра салып, киімдерін киіп, далаға жүгіріп шығыпты. Дала аппақ қарға ораныпты. Тура өз қиялындағы ертегі патшалығы сияқты. Қыз қарды біраз тамашалап тұрыпты да, дереу жалаң қолдарымен қарды көсіп алып, жентектей жөнеліпті. Анасы қызының бұл қылығына таң

Ересек топ «Сұңқар»

қалып, «Қызым-ау, жаурадың ғой. Үйге кірсеңші. Күн жылынған соң бірақ шығып ойна» деп бәйек болады. Қызы анасын естімеген сияқты қарды жентектей береді. Бір кезде қолындағы қарды ала сала әкесіне жүгіріп барады.

— Әке, әке, қараңызшы, мен қардан гүл жасадым. Өтінем, осы гүлді анама сыйлаңызшы. Қазір қыс, еш жерде гүл өспейді.

— Қызым-ау, мынау қар ғой...

— Бұл қар емес, қардан жасалған гүл...жүріңізші, анама сыйлаңызшы. Бұл ғажайып гүл...

— Қызы табандап тұрып алған соң, әкесі көңілін қимай жентектеліп гүл бейнесіне келтірген қарды алып үйге кіреді.

— Ал, анама сыйлаңыз, - деп сыбырлайды қызы.

— Мынау саған...қардан жасалаған гүл...қызымыз жасапты...

— Әдемі екен...

Анасы пештің жанында тұрған. Қолын созып аппақ қар гүлді алды. Жүзіне жылу жүгірді. Адамның қолының табымен үйдегі жылу қар гүлді еріте бастады. Су тамшылай бастайды.

— Әке, әке, гүлді ұстаңыз. Әйтпесе ол қазір еріп құлап қалады. Міне мен де ұстаймын.

Үш алақанға қонған аппақ қар гүлі тез ери бастады. Еріп-еріп жерге тамшылап жатты. Суыққа қызарған алақандар қалды. Қардың суық суы қыздың әкесі мен анасының ренішін жуып кеткен сияқты. Қыз қатты қуанып кетті.

— Айттым ғой, ол ғажайып гүл деп...ертегі осымен бітті.

— Бітті ме?

— Ата-анасы татуласып па?

— Иә.

— Жақсы болды ғой.

— Мен тәтеммен ренжісіп қалсам, сондай гүл сыйласам бола ма?

Мен күлдім. Ертегіні кішкентайлар жағы түсінбегені анық. Өйткені олар ойынға айналып отырды. Ал ес кіріп қалған қыздарым бір сәтке қиялдап кеткендей

Үміт

Ақылды үнемі әкесінен нені болса, соны сұрайтын. Әкесі де оған «нені болса соны сұрайтының не?» деместен, оның сұрағандарына өте ыждағатпен жауап беретін.

Бірде ол әкесінен:

- Әке, неге осы ат жүргенде алдыңғы аяқтары басқан ізінен, артқыаяқтары басқан ізі асып түседі? – деп сұрады. Әкесі:

- - Балам ол солай. Алдыңғы аяқтары басқан ізден артқы аяқтары басқан ізі өзып түсіп отыратын қасиет тек жүйрік, бәйге аттарында ғана болады. Оны сен аңғарған екенсің, демек сенен де бір ақылды адам шығар, Инша Аллах!? Ол тағы бұрын шыққан құлақтан кейін шыққан мүйіз озатынының да белгісі, - деді. Ақылды:

- Бұрын шыққан құлақтан, кейін шыққан мүйіз оза ма? Неге? – деп сұрады әкесінен. Әкесі:

- Иә, балам. Мәселен, құлақ ол туа бітті бар болады. Ал, мүйіз болса, бұзау алғаш туғанда болмайды. Кейін, үлкейе келе біртіндеп өсе келе құлақтан да озып, ұзарып кетеді. Өзің қарашы, ана ала тацыншаның туғанда қанша мүйізі бар еді? Жоқ болатын, Ал құлағы ше? Құлағы бар болатын. Бірер айдан кейін мүйіз шыға бастады. Енді міне, бір жылға таяп еді, мүйізі өсіп құлағымен бірдей болды. Құдай қаласа, келер жылы мүйізі құлағынан әлдеқайда ұзын болып озады.

Ересек топ «Сұңқар»

Сен ақылдысың. Демек, Ақбақайдың артқы аяғы алдыңғы аяғынан озып түскеніндей, ала тайыншаның туғанда жоқ мүйізінің, туғанда бар құлағынан асып кеткеніндей, сен де үлкейгенде қатарыңнан озық болсаң екен, мен жетпеген биікке жетсең екен балам, - деді әкесі.

Ақылды шынымен-ақ ақылды бала ғой, ойланып қалды.

Құл-Керім Елемес

Жаман жолдас

Екі дос кісі жолдастасып келе жатып, бір аюға ұшырапты. Бұл екікісінің біреуі әлсіз, ауру екен, екіншісі мықты, жас жігіт, аюды көрген соң бұл жігіт, ауру жолдасын тастап, өзі бір үлкен ағаштың басына шығып кетті дейді. Ауру байғұс ағашқа шығуға дәрмені жоқ, жерге құлады да созылып, өлген кісі болды да жатты: есітуі бар еді, аю өлген кісіге тимейді деп. Аю бұл жатқан кісінің қасына келіп иіскелеп тұрды да, дыбысы білінбеген соң тастап жөніне кетті. Мұнан соң манағы жолдасы ағаштан түсіп, аурудан сұрапты:

Достым, аю құлағыңа не сыбырлап кетті? Ауру айтты дейді:

Аю құлағыма ақыл сыбырлады, екінші рет тар жерде жолдасын тастап қашатын достармен жолдас болма деді, — дейді.

Ы. Алтынсарин

Адал дос

Екі дос көше бойымен жайбарақат әңгімелесіп келе жатты. Оның біреуі Аблан да, екіншісі Абыз. Абыздың денсаулығы нашар, көп жүгіре алмайтын. Бір үйдің жанынан өте бергенде дәу қара төбет арсылдап, тура алдарынан шыға келді.

Абыз:

—Аблан, қаш, әне ит келіп қалды! — деп қатты қорқып, айғайлапжіберді. Аблан жерден бір шыбық алып, итке қарсы ұмтылды. Ашулы ит Абланның шалбарынан бірнеше рет жұлқылап та үлгерді. Үлкендер келіп, Абланды құтқарып алды.

Абыз Абланның жанына келіп:

— Мен қаш дегенде неге қашпадың? Қашып кеткеніңде шалбарыңды ит жыртып тастамас еді, — деді.

—Мен қашатын болсам, сен тұтылатын едің. Өйткені сен қатты жүгіре алмайсың ғой. Сені иттен қорғайын деп, әдейі қалып қойдым, — деді Аблан.

—Дос деген осындай болар, — деді олардың сөзін естіген үлкендер сүйсініп.

М. Төрежанов

Ақпан айы 2023 жыл 1 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 30.01.2023	Сейсенбі 31.01.2023	Сәрсенбі 01.02.2023	Бейсенбі 02.02.2023	Жұма 03.02.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды арнайы жасалған күлімдеген күн стикерімен қарсы алу, ыстық мейірімге баулу. Амандасу дағдысын пысықтау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Далада қандай ауа райы болып тұрғанын сұрау. Тоңды ма сұрау (сөйлеуді дамыту) .				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Бала тәрбиесіндегі ұлттық ойындардың маңызы жөнінде ата аналарға кеңес беру				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (пазлдар, суретті карточкалар, дидактикалық ойындар). Өнер орталығында сурет салу, суретті карточкаларды бояу, Табиғи құрастыру материалдарымен құрастыру, кітаптарды қарау, еңбек әрекеті бойынша әңгімелесу Табиғат бұрышындағы тірі объектілерге күтім жасауға арналған құралдар туралы білімдерін қалыптастыру (қоршаған ортамен танысу) Балалармен жеке жұмыс.				
Таңертенгі жаттығу	Ақпан айына арналған таңертенгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Қол орамалды пайдалана білуді бекіту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.Өз-өзіне қызмет жасау дағдыларын жетілдіру. Кезекшілікті ұйымдастыру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбері «Сәлем сәлем» видеодағы әнді бірге айтып, іс әрекетті қайталау. Қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындату. Балалардың сезінген әсерлерімен, жаңалықтармен бөлісу. Достық дегеніміз не? Балалардың ойын тыңдау. Сенің топта досың кім? бірлескен жоспарларды, мәселелерді				

	талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша	Музыка маманының жоспары бойынша	Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша Қазақ тілі	Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша	Музыка маманының жоспары бойынша
	«Достық» тақырыбында әңгімелесу, суреттер қарату. Әңгемелесу барысында дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту (сөйлеуді дамыту) Достық қалашығын құрылыс материалдарынан құрастыртуды дамыту	«Жаман жолдас» әңгімесін оқып беру. Кейіпкерлерге жанашырлық танытуды, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау (көркем әдебиет) «Ғажайып қоржыннан» шыққан заттардан жиын жасату. Жиын, оның әртүрлі түстегі,	«Адал дос» әңгімесін оқып беру. Балалардың пікірлерін тыңдау. Жаман жолдас әңгімесімен салыстыруды жетілдіру (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Балаларды орталықтарға бөліп шығармашылық жұмыстар жасату.	Сандар тізбегі карточкалары арқылы сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. (математика негіздері)	«Достық жыры» Бота Бейсенованың әнін ютубтан тыңдату. Бірге айту. (музыка) Ата анамен баланың арасында достық бола ма? Неге олар бізге дос? Ал табиғаттың біз досы бола аламыз ба? Қалай? Сұрақтарын қоюмен жауап беруді дамыту. (ен әдебиет)

	(құрастыру)	пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді үйрету. (математика негіздері)	Ертегі желісі бойынша суретті салу, иттің мүсінін жасату, суреттерден қиып ертегі желісі бойынша жапсырту. (жапсыру және сурет салу, мүсіндеу)	Лего құрастыру ойыншықтарынан сандарды құрастыру.құрастырған сандарынан тізбек жасау. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойландыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісуді дамыту (құрастыру)	Геометриялық фигураларды санау, салыстыру. Топта соған ұқсас заттарды табу, атап көрсету дағдысын дамыту . (математика негіздері)
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдыларын дамыту. Шкафтарынан киімдерін ретімен алып, дұрыс киіну және достарына киінуіне көмектесу дағдыларын қалыптастыру. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Аяқ киімінің табанын қарға басу ізімен күн бейнесін салуды үйрету (сурет салу) «Кім тез жинайды» ойыны арқылы қар түйіршіктерінен жиын жасату.	Қыстайтын құстарға жем бергізу. Айналадағы табиғатты бақылап, сипаттау. Ауа райындағы ерекшеліктерді байқату. (қоршаған ортамен танысу) Балалардың жақсы	Аула сыпырушыға көмектесу. Берілген тапсырмаларын ұқыпты орындауды үйрету. (қоршаған ортамен танысу) Өздерімен алып шыққан ойыншықтарға зерттеу жүргізу.	«Атасының ақылы» әңгімесін оқып беру, ондағы теңеу сөзді түсіндіру. (сөйлеуді дамыту) Қимылды ойын «Өз «Үйінді тап»	Ауа райын бақылау, табиғат құбылыстарын, өлі және тірі табиғат нысандарын тану дағдысын жетілдіру. (қоршаған ортамен танысу) Қарда табиғи құбылыстарды бейнелету (сурет салу)

	(математика негіздері) Қимылды ойын: «Кім жылдам»	көретінін әнін айтқызу, би билету. (музыка) Қимылды ойын «Жалауға қарай жүгір» Спорттық жаттығулар: Шанамен сырғанау: төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу. Мұз жолмен өз бетінше сырғанау	Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы үйретіп, қалыптастыру. (математика негіздері) Қимылды ойын «Тышқандар мен мысықтар»	Қардан екі дос аққаланың мүсінін жасату (мүсіндеу)	Қимылды ойын «Кешікпе»
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды пысықтау. Өз –өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттату (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Ұйқыға жатқызу. Балаларға достық туралы әңгімелер мен ертегілер оқып беру (көркем әрекет)				

Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. Өз өзіне қызмет ету дағдыларын пысықтау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару (қоршаған ортамен танысу)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Достарымен бірге ойнайтын ойыншықтарды мүсіндеу. Бірлесе ойнау. (мүсіндеу) Қайшымен жұмыс істеуді жетілдіру. Достарға арналған жолдар жасату. Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды үйрету. (жапсыру)	Пазылдардан құрастыру ойындарын ойнату (құрастыру) Кітаптарды қарату. Суреттер бойынша ертегі құрастыру. (Сөйлеуді дамыту) Балалардың қалауы бойынша «Жаман жолдас» ертегі желісі бойынша шығармашылықпен жұмыстар жасауын дамыту. Аюды және екі досты қиып ертегі желісі бойынша	Сызбаны (карточкаларды) қолданып, ірі және ұсақ құрылыс материалынан құрастыру (құрастыру) Балалардың жақсы көретінін әнін айтқызу, би билету. (музыка)	Адамдардан басқа кімдермен дос болуға болады? Жануарлар мен құстармен дос болуға болады. Балалардың ойларын, тәжірибелерін тыңдау. (қоршаған ортамен танысу) Жануарлардан досын мүсіндеу. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтауын жетілдіру. (мүсіндеу) Ырғақты би	Ойын ойнату әр балаға қоржыннан бір зат аладырту. Содан соң сол заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін атауын ұйымдастыру. (сөйлеуді дамыту) Қоржыннан алған затқа қарап пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру дағдыларын жетілдіріп мүсін жасауға жағдай жасау.

	Бірғақты би қимылдарын жасату, әнге қосылып айту (музыка)	жапсыру. Суреттерін бояу. Аюдың мүсінін жасату. (жапсыру және сурет салу, мүсіндеу)		қимылдарын жасату, әнге қосылып айту (музыка)	(мүсіндеу) Өзі таңдаған заттың суретін саладырту Бейнелеу әрекетінен соң кұтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту дағдысын пысықтау. (сурет салу)
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылық туғызу. Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Дидактикалық ойын «Бұл қай кезде болады?» Жыл мезгілдерінің әр	Балалар қалауымен түрлі ойындар ұйымдастыру.	Қимылды ойын «Трамвай» Қимылды ойындарда жетекші рөлді	Балалардың сұранысы бойынша ертегі оқып беру (көркем әдебиет)	Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, ілмекке

	түрлі бейнесі бейнеленген суреттерді көрсетіп, қай кезде болатынын сұрау. (көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу) Қимылды ойын «Хан талапай»	Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту.	орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.	Еркін ойындар Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.	айналдыра білуін дамыту. (құрастыру) Қимылды ойын «Хан талапай»
Балалардың үйге қайтуы	Апта бойы жасалған жұмыстармен таныстырып отыру. Достық туралы, топтағы достары туралы әңгімелесуді ұсыну.				

Тексерген әдіскер: 

Тәрбиеші: 

Ақпан айы 2023 жыл 2 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 06.02.2023	Сейсенбі 07.02.2023	Сәрсенбі 08.02.2023	Бейсенбі 09.02.2023	Жұма 10.02.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды жайдары көңіл күймен қарсы алу. Баланың балабақшаға деген қызығушылығын арттыру. Баладан қандай көңіл күймен келгенін стикер арқылы көрсетіп, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту) .				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, келісім білдіру, жеке басын құрметтеуді үйрету мәселелері бойынша кеңес беру				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Пазлдармен үстел-үсті ойыны. Дидактикалық ойын: «Сиқырлы қалта», «Суретші қай жерде қателесті?», «Не жоқ?» . Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу. Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарату, (сөйлеуді дамыту) табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасату) Балармен жеке жұмыс. Табиғаттағы ауа райының жағдайын бақылау. Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киінуін жетілдіру. (қоршаған ортамен танысу)				
Таңертеңгі жаттығу	Ақпан айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтқызу, ас қайырту. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Шуақ шаша Алтын таңда Мөлдір таза ауада Табиғаттың бәрі оянды Оян сен де бар бала				

	Балалар, ертеңгісін көзімізді ашып терезеге қарасақ нені көреміз? Егер күн жарқырап нұрын шашып тұрса қалай қуанамыз? Олай болса, бүгінгі күнге, табиғатқа жылы лебізімізді білдірейік Армысың ардақты аспан ата! Армысың мейірімді жер ана! Армысың шұғылалы алтын күн! Күліп шықты күн бүгін Ия балалар біз әрбір атқан таңымызға келген жаңа күнге жеткенімізге қуанамыз Балаларға жаңалықтарымен бөліседі, жақсы тілектер тілеуді ұйымдастыру. «Ойын дегеніміз не?» тақырыбында әңгімелесу. «ойыншы» деген нені білдіреді ойларын сұрау. Суреттер арқылы түсіндіру. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға баулу. Қазақ тілі	Дене шынықтыру	Музыка
	«Құлын, қозы, лақ» ертегісін оқып беру. Кейіпкердің мінезін сипаттауды үйрету. (көркем әдебиет) Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту құлын қозы лақтың дыбысын салуды	Ойын түрлері туралы айту. Үйде қандай ойындар ойнатынын айтып балалармен бірге ойнау. «Аққу ұшты», «Қуыр қуыр қуырмаш» ойындарын ойнату. (көркем әдебиет) Балалардың қалауы бойынша дәстүрден тыс әдіспен ойын құралдарының суретін	Шығармашылық қиялды дамыту Топтағы бар заттарды пайдаланып. спорт алаңшасын жасату. (құрастыру) «Құлын, қозы, лақ» ертегісін естеріне түсіру. Шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді үйрету	Сурет бойынша спорттық ойын түрлері туралы әңгіме, үлгі бойынша әңгіме құрастыруды дамыту. (көркем әдебиет және сөйлеуді дамыту) Сызғышпен ойын құралдарын өлшеу. Салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-Шкафтарды ашпаймын,	«Ша-ша-ша Ойын сауық тамаша.» артикуляцияны дамытатын жаттығуды орындату. Асық ойыны туралы айтып түсіндіру. Мен тәртіпті баламын Мен кішкентай баламын, Айтқан тілді аламын Апам нанға кеткенде, Үйде ойнап қаламын. Шкафтарды ашпаймын,

	игерту. (сөйлеуді дамыту) Балалардың таңдауы бойынша құлын қозы лақтың суретін салдырту. (сурет салу)	салдырту, ермексазdan ұжымдық жұмыс арқылы ойыншыларды жасату және геометриялық пішіндер арқылы ойын құралдарын жапсырту. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)	(көркем әдебиет)	жіңішке сын есімдермен белгілеуді үйретуді жалғастыру. (математика негіздері)	Кітаптарды шашпаймын, Кубиктерден үй жасап Қызық ойын бастаймын. <i>Ө. Тұрманжанов</i> Тақпағын жаттату (қоршаған ортамен танысу) (көркем әдебиет)
Серуенге дайындық	Серуендеуде балалардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, еңбекке баулу, таза ауадағы ойындар арқылы белсенділіктерін күшейту. Балаларды ретімен (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуін бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарының киінуіне көмектесуге тәрбиелеу (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Балабақша ауласындағы құстарға бақылау жасату. Жем бергізу. (қоршаған ортамен танысу) Қимылды ойын «Шымшықтар мен мысық» Қардан ойын алаңын құрастыру. (құрастыру)	Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдануын пысықтау. (сөйлеуді дамыту) Балабақша ауласындағы қарды зерттеу. Сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атауды жетілдіру (ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең). (математика негіздері)	Жаяу жүргіншілерге арналған ережелер, «Жаяу жүргінші өткелі», «Қоғамдық көлік аялдамасы» жол белгілері туралы ұғымдарын кеңейту. Көлік пен жаяу жүргіншілерге болып ойнату. (қоршаған ортамен танысу) Қимылды ойын «Ханталапай»	Қазақстандағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері туралы түсініктерді қалыптастыру. Қыс мезгіліндегі табиғаттың әсемдігін суреттер арқылы көрсету. (қоршаған ортамен танысу) Қимылды ойын «Шымшықтар мен мысық»	Бүгінгі ауа райы туралы екеу ара әңгімелесуді ұйымдастыру. Диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға үйрету. (сөйлеуді дамыту) Қимылды ойын «Орамал тастамақ» Спорттық жаттығулар: Шанамен сырғанау: төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу. Мұз жолмен өз бетінше сырғанау

		Қимылды ойын «Ұшты ұшты»	Қарда ойын құралдарының суретін салу. (сурет салу)		
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу барысында көркем сөз қолдану. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату. Қазақ халық ертегілерін оқып беру (көркем әрекет)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүру. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру. Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Ермексазды қолдану дағдыларын пысықтау арқылы мультфильмдегі ойыншықтарды мүсіндеу, желімді пайдалануды жетілдіру (мүсіндеу, жапсыру) Дидактикалық ойын «Ғажайып сандық» Сандықтан түрлі геометриялық пішіндерді бір бірден әр бала алып, көруін және сипап сезу арқылы зерттеу жасауын ұйымдастыру (математика негіздері)	Қағаздың бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыруды үйрету. Ойын құралдарын құрастыру (құрастыру) Айналамыздағы қоршаған заттармен , ойыншықтар – адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру, оған ұқыпты қарауға баулу. (қоршаған ортамен танысу)	Біздің балбақшадағы ойын алаңы. Ұжымдық жұмыс. Сюжеттік композициялар құруды, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісуді жетілдіру. (мүсіндеу) Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету. (жапсыру).	Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Спорттық ойын құралдарын қиып спортшының қасына жапсыру. (жапсыру) Балалардың қалауы бойынша спорттық ойын құралдарының суретін салу немесе ермексаздан жасату (сурет салу, мүсіндеу)	Апта бойы жасалған жұмыстардың ішінен ұнағанын қайталап жасауға мүмкіндік беру. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Ойын. Бір қатарға балаларды тұрғызып, қалған балаларға тапсырма бердірту. Тапсырма бойынша айтылған бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), (математика негіздері)
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу.				

Серуен	Ұнататын әнін дауыстап және төмен дауыспен айтқызу (музыка) Еркін ойындар	Дербес ойындар Қимылды ойын «Сақина жасыру.»	Ұнататын әнін дауыстап және төмен дауыспен орындату (музыка) Еркін ойындар	Еркін ойындар	Қимылды ойын «Ханталапай» Балалардың бастамасымен ойындар
Балалардың үйге қайтуы	Балаларды жылы киіндіру туралы кеңес беру. Апта бойы бала не үйренгені жайлы сұхбат, әңгімелесу.				

Тексерген әдіскер:

Тәрбиеші:



Ақпан айы 2023 жыл 3 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 13.02.2023	Сейсенбі 14.02.2023	Сәрсенбі 15.02.2023	Бейсенбі 16.02.2023	Жұма 17.02.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды көңілді көңіл-күй, әсем әуенмен қарсы алу.Баладан бақшаға келгенше не көргенін, қандай көңіл күймен келгенін, сыртта ауа райын қандай болып тұрғанын сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша әңгімелесу, кеңес беру, логопед, психолог мамандардың кеңесіне жүгіну кестелерін еске салу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. (сөйлеуді дамыту) Дидактикалық ойын:«Құстарды тап, сана», «Айырмашылығын тап», «Орнын тап» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптардан жануарлардың суреттерін қарау, Табиғат бұрышындағы өсімдіктер, оларға күтім жасау (топрағын қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту. (бөлме жануарларына күтім жасау) Балармен жеке жұмыс.				
Таңертенгі жаттығу	Ақпан айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін жетелдіру, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Балалардың жаңалықтарымен бөлісуін, жақсы тілектер тілеуін ұйымдастыру. «Техника туралы біз не білеміз?» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру Артикуляциялық және дауыс	Дене шынықтыру	Музыка

			аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Қазақ тілі		
Техника құралдарының суретінің бір бөлігін көрсетіп қандай зат екенін табу. Оларды санау. Сипаттау, не үшін қолданаты туралы ақпарат беру. Сан есімдерді ретімен атауға, жекеше және көпше түрде қолдана білуге үйрету (сөйлеуді дамыту) Әр түрлі заттарды таратып беру, оларды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыруды дамыту. Ойын. «қай қолымда тап»	«Бір атаның ұрпағы» әңгімесін оқып беру. Балаларға қардың суға және мұзға буға айналатынын айтып түсіндіру. Тоңазытқышқа салып мұз жасап зерттеу. (көркем әдебиет және қоршаған ортамен танысу) Дидактикалық ойын «карточканың қай бөлігінде орналасқан» заттар парақшаның әр бөлігінде орналасады. Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалуды (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-	Ойын шарты: бір жануарды өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілету. (мысалы: менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). (математика негіздері) Ас бөлмесіндегі техника құралдарымен таныстыру. Қамырдан күлшелер жасау, асханаға беру пеште пісірген соң балаларға жеуге беру. (қоршаған ортамен танысу, мүсіндеу)	«Тазалықты сақтайтын техника құралдар» тақырыбында әңгімелесу. Шаңсорғыш, кір жуғыш, ыдыс жуғыш, киім үтіктейтін шкаф жөнінде ақпарат беру. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдануды дамыту. (сөйлеуді дамыту) Қоршаған ортаның әсемдігіне қызығушылықты дамыту. Терезеге қарап қыс бейнесін дәстүрден тыс әдіспен салдырту. (сурет салу)	Балаларды әңгіме айтуға үйрету: шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. (сөйлеуді дамыту) Телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білуін қарастыру. (қоршаған ортамен танысу)	

	(математика негіздері)	төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыруы, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді дамыту (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр).	Күлшелері піскенше балаларды табиғи материалдардан түрлі заттар даярлауға баулу (құрастыру)		
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Серуенге қызығушылық туғызу. Балалардың өз-өзіне қызымет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарына көмектесу дағдаларын жетілдіру. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Балабақша ауласындағы ағаштарды бақылау, желдің әсерін сезіну. Қармен әр түрлі құрылымдар құрастыру. (құрастыру, қоршаған ортамен танысу) Қимылды ойын «Мысық пен тышқан»	Қарда таяқпен өзі қалаған заттың суретін салдырту. (жапсыру, сурет салу) Қимылды ойын «Кішкентай маймылдар» Ұнататын әнін дауыстап және төмен дауыспен орындату (музыка)	Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электрқұралдарынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	Балабақша ауласында кездесетін пішіндерді табу салыстырып атау дағдысын дамыту (математика негіздері) Дидактикалық ойын «Дауысынан таны» орман жануарлар мен құстардың дауыстарын тану, атауды пысықтау. Желді бақылау. Ауа райының өзгеруі туралы айтқызу. (қоршаған ортамен	Мен өскенде қандай техника ойлап табамын тақырыбында әңгімелесу. (көркем әдебиет) Балабақша ауласында ұшып жүрген құстарды санату. (математика негіздері) Қимылды ойын «Мекен мен балапандар»

			Қимылды ойын «Шымшықтар мен мысық»	танысу) Қимылды ойын «Қояндар»	
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру.				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу сәттерінде көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» (сөйлеуді дамыту) .Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану дағдыларын пысықтау. Өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айтуды үйрету. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Ертегілер мен әңгімелер оқып беру (көркем әрекет)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар) .				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар	Ұялы телефон жайлы ақпарат беру. Қауіпсіздік ережелерін түсіндіру. Орталықтарға бөлініп балалардың дербес	Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. Көлікте техника құралы екенін	Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. Еркін тақырыпта	Балалардың қалауы бойынша әрекет түрлерін таңдату. Құрастыру құралдарымен ормандар, жануарларды	Балалар екі орталыққа бөлініп, бірі құрастыру материалдарымен Робот құрастыруына жағдай жасау. (құрастыру) екіншісі мүсіндеуде қысу,

қарау және тағы басқа әрекеттер)	таңдауы бойынша шығармашылық жұмыстар жасату. Ұялы телефонды бейнелеу, заттарды қағаз бетінде орналастыру дағдыларын қалыптастыру (жапсыру) Телефон бейнесін салу. Түстерді дұрыс таңдау дағдысын жетілдіру. (сурет салу) Ермексаздан телефонды мүсіндеу. (мүсіндеу)	түсіндіру. (қоршаған ортамен танысу) Ермексаздан қалаған техника құралының мүсінін жасату. (мүсіндеу)	сурет салдырту (сурет салу) Кітаптарды қарату, балалардың сұранысы бойынша ертегілер оқып беру. (көркем әдебиет)	құрастырту. Ермексаз және түрлі түсті қағаздармен шығармашылық жұмыстарды орындату. (құрастыру, мүсіндеу, жапсыру)	тарту, басу әдістерін қолдануды жетілдіріп робот мүсінін жасатуды үйрету. (мүсіндеу)
Балалармен жеке жұмыс					

Ересек топ «Сұңқар»

Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Еркін ойындар Балалардың сұранысы бойынша «Жеті лақ» ертегісін оқып беру. Қимылды ойын «Мысық пен тышқан»	Еркін ойындар Қимылды ойын «Кішкентай маймылдар	еркін ойындар Қимылды ойын «Шымшықтар мен мысық»	Балалардың сұранысы бойынша кітаптан ертегі оқып беру. Әдебиет кейіпкерлердің әрекеттерін адамгершілік нормалары мен түсініктері тұрғысынан бағалату (көркем әдебиет) Еркін ойындар	Балабақша ауласында ұшып жүрген құстардың суретін қарда салдырту. (сурет салу) Еркін ойындар Қимылды ойын «Мысық пен тышқан»
Балалардың үйге қайтуы	Техника құралдары туралы не білетінін балалардан сұрауын ұсыну. Оқып берген ертегілерді сахналауды үйде қайталау. Зерттеу арқылы не үйренгенін сұрауға кеңес беру.				

Тексерген әдіскер:

Тәрбиеші:



Ақпан айы 2023 жыл 4 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 20.02.2023	Сейсенбі 21.02.2023	Сәрсенбі 22.02.2023	Бейсенбі 23.02.2023	Жұма 24.02.2023
Балаларды қабылдау	«Көңілді смайликтер» арқылы қарсы алып, көңіл-күйлерін сұрау. Балаларды қабылдап, тазалықтарына мән беру. Баладан өз отбасында қандай шаруамен айналысқаны жайлы айтып беруге тарту (сөйлеуді дамыту) .				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың үйдегі отбасы мүшелерімен қарым қатынасы туралы әңгімелесу. Ата –аналармен пікірлесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты сипап сезу арқылы анықтау, атын атау), «Ғажайып сандық». Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ермексазбен және түрлі түсті қағаздармен еркін өз бетінше жұмыстар. Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, суреттер бойынша әңгімелеу, ертегілер құрастыру. Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне, жануарларына күтім жасау) Балармен жеке жұмыс. Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету				
Таңертенгі жаттығу	Ақпан айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) .				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Балалардың жаңалықтармен бөлісуін, жақсы тілектер тілеуін ұйымдастыру. Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру. Қыс пен көктем мезгілі тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				

Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру Бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге баулу. Қазақ тілі	Дене шынықтыру	Музыка
	Жылдың қай мезгілі, қай айы келе жатқанын сұрау? Келесі жыл мезгілі туралы не білетіндерін айтқызу. Суреттер арқылы көктем мезгіліне кім қалай дайындалады сұрау? Үй жануарларына қандай күтім керекті туралы ақпарат беру. Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім	Тіл алмаудың кесірі әңгімесін естеріне түсіру. Көктем мезгілі келе жатқанымен әлі де далада суық екенін ұмыптау керектігін түсіндіру. (сөйлеуді дамыту) Көктем мезгіліне дайындық. Еңбек құралдарды түрлі пішіндегі және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, үлгісі мен елестетуі бойынша көлемін сақтап мүсіндету. (мүсіндеу)	Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. (көркем әдебиет) Ұлттық заттарды көрсетіп, оларда бейнеленген оюларды танып атау дағдысын пысықтау. «Қызғалдақ», «қошқар мүйіз», «қой ізі» элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтауды. Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды	Ғажайып қоржыннан шыққан пішіндерді санау, салыстыру, топтан ұқсас заттарды табу дағдысын жетілдіру. (математика негіздері) Сазбалшықтан жасалатын ыдыстарды көрсету және жасату. (мүсіндеу)	Қыс және көктем мезгілдері тақырыбы бойынша әңгіменің басы мен соңын құрастыруға үйрету. (сөйлеуді дамыту) Таңертең, күндіз, кеш, түн тәулік бөліктерін ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыруды жетілдіру (математика негіздері)

	жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту. (қоршаған ортамен танысу)		жүргізуді үйрету (сурет салу).		
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Балабақша ауласынан тастар, бұтақтар жинату, санау, салыстыру зерттеу. Геометриялық пішіндердің қайсысына ұқсайтынын анықтату. (математика негіздері) Қимылды ойын «Хан талапай» Еркін ойындар	Құстарды бақылау. Жылы жақтан ұшып келе жатқан құстар бар ма қарау. Олар қайда кетті және қайдан келеді сұрау. Құстар қалай ұшады көрсету. Ойын ойнау. (қоршаған ортамен танысу) Қарда құстардың суретін салу (сурет салу) Қимылды ойын «Поезд»	Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Қыс мезгілінде тірі және өлі табиғаттың жағдайын бақылату сипаттап түсіндіру. (қоршаған ортамен танысу) Конструктордан көлік құрастыру дағдыларын қалыптастыру (құрастыру) Қимылды ойын «Жалауға қарай жүгір»	Жануарлардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау. (қоршаған ортамен танысу) Қимылды ойын «Өз түсінді тап»	Кітаптан балалардың сұранысы бойынша ертегілер оқып беру. (көркем әдебиет) Ауладағы ағаштарды санау, бақылау, салыстыру. (математика негіздері, қоршаған ортамен танысу) Қимылды ойын «Трамвай»

Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ереже айту. (сөйлеуді дамыту)				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Электронды кітаптан ертегі қойып беру (көркем әрекет)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітаптар қарату. Таныс ертегі қойылымын жасату. (сөйлеуді дамыту) Балалардың дербес әрекеті құрастыру және	Өзінің дене бөліктерін бағдарлау және атауды жетілдіру (бас, аяқтар, қолдар). Еңбек құралдарын оң қолымен солдан оңға қарай орналастыруды пысықтау	Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын	Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (киізшымдарымен) үйдің жабдықтары), тұрмыстық заттарымен (тостаған, ожау, астау,) таныстыру, олардың	Балалардың қалауы бойынша дербес әрекеттер. Құрастыру және шығармашылық бағытында кітаптар қарау, еңгімелесу (сурет салу, құрастыру, мүсіндеу, жапсыру)

	шығармашылық жұмыстарын орындату. Төрт түлікке құрастыру құралдарынан қора жасату. Төрт түлікті төлдерімен жапсырту, суретін салдырту, мүсінін жасату. (құрастыру, мүсіндеу, сурет салу, жапсыру)	(математика негіздері) Көктем мен қыс мезгілдері бейнеленген суреттерді қарату салыстыруды үйрету Балаларды түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. (көркем әдебиет) Балалардың қалауы бойынша еркін тақырыпта жапсыру әрекетін жасату. (жапсыру)	кеңейту. (математика негіздері) Топтағы гүлдердің мүсінін жасау және қағаздан жасату. (мүсіндеу, жапсыру)	қандай материалдан жасалғанын зерттеуіне жағдай жасау. (құрастыру) Таныс ертегінің кейіпкерлерінің бейнелерін сомдауға қажетті дауыс ырғағы және тілдің қарқынын қолдану дағдыларын қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	
Балалармен жеке жұмыс					

Ересек топ «Сұңқар»

Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Пішіндер әнін айтқызу «Торғай» тв (музыка) Еркін ойындар	Еркін ойындар Футбол. Берілген бағытта допты домалату. Допты аяқтарымен бір-біріне домалатуды қайталау; (дене шынықтыру)	Балалардың қалауы бойынша ән айту, қимылды би билету. (музыка) Еркін ойындар Қимылды ойын «Жалауға қарай жүгір»	Балалардың қалауы бойынша дербес шығармашылық әрекеттер. Еркін ойындар Қимылды ойын «Поезд»	Балалардың қалауы бойынша ән айту, қимылды би билету. (музыка) Еркін ойындар
Балалардың үйге қайтуы	Көктем мезгіліне дайындық туралы әңгімелесуді ұсыну. Бүгінгі күннің қызықты сәттері туралы сұрау. Апта бойғы қызықты сәттерді әңгімелеу.				

Тексерген әдіскер: 
Тәрбиеші: 

ТАҢЕРТЕҢГІ САУЫҚТЫРУ ЖАТТЫҒУЛАРЫНЫҢ КАРТОТЕКАСЫ

Ақпан айы I-II апта

(Гимнастикалық таяқшамен жаттығулар)

- I Жүру, тізені жоғары көтеріп жүру, жүгіру, қолды белге қойып, кері қарай жүгіру, жәй жүру, 2 тізбектеліп қатарға тұру.
- II 1б.қ аяқтың арасы ашық, таяқша ұстаған қол төменде
1-қолды алға созып, тізені бұгу, 2-б.қ оралу, 4-5 рет қайталау.
2б.қ аяқтың арасы ашық, қол төменде. 1-қолды жоғары көтеру, 2-оңға қарай тербелу, 4б.қ оралу.
4-5 рет қайталау
3б.қ аяқтың арасы ашық, қол төменде. 1-еңкейу, 2б.қ оралу 4-5 рет қайталау
4б.қ аяқты созып отыру. 1-қолды жоғары көтеру, 2б.қ оралу 4-5рет қайталау
5 Аяқты айқастырып секіру 7-8 секунд
- III Еркін тыныс алу жаттығулары

Ақпан айы

III-IV аптасында

- I Жүру, аяқтың ұшымен, өкшемен, жүгіру, қолды белге қойып жанымен жәй жүгіру. 2 тізбектеліп қатарға тұру.
- II 1б.қ аяқты созып отыру. 1-қолды жоғары көтеру, 2-оңға тербелу, 3-солға тербелу, 4б.қ оралу 4-5рет
2б.қ аяқтың арасы ашық, қол кеудеде 1-оңға қарай бұрылып, қолды артқа сермеу, 2б.қ оралу, 3-солға қарай бұрылып, қолды алға сермеу, 4б.қ оралу. 4-5рет қайталау.
3б.қ аяқтар арасы ашық қол арқада 1алға қарай тізені бүкпей еңкею, 2б.қ оралу, 4-5 рет қайталау.
4б.қ аяқтың арасы ашық, қол иықта 1-2 алға қарай серме, 3-4 артқа қарай сермеу 7-8секунд.

III Еркін тыныс алу жаттығулары

ҚИМЫЛДЫ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫ

Күн шуақ және жаңбыр

Балалар залдың қабырғасынан бір шама алысырақ қойылған орындықтардың арт жағына жүрелерінен отырады да, терезеден қарайды (орындықтың артындағы саңылаудан) Тәрбиеші «Күн шуақ! Ойнап келіндер!»-дейді. Балалар алаңда жүгіреді. «Жаңбыр, тезірек үйге қайтыңдар!» -деген белгісі бойынша барлығы өз орындарына қарай жүгіреді және орындықтардың арт жағына келіп отырады.

Ойыншықты алып кел.

Ойыншықтарды (сылдырмақ, кішкене кубиктер) бөлімінің, алаңның қарама қарсы жағына орналастырады. Тәрбиеші балаларды өзіне шақырып алады да, ойыншықтарды алып келуін өтінеді. Оның нұсқауы бойынша балалар ойыншықтарға қарай жүреді немесе жүгіреді. Ойыншықтарды тәрбиешіге алып келеді. Ол балаларды мадақтайды, ойыншықтарын қайтадан апарып қоюын өтінеді.

Нұсқау

Ойынды тапсырмалар қосып, күрделенуге болады. Ойыншықтарға тар жолмен немесе онша биік емес заттардың үстімен алып өту.

Кешікпе

Кубиктер мен сылдырмақтарды еденге шеңбер бойымен орналасады. Балалар кубиктердің жанына тұрады. Тәрбиешінің белгісі бойынша олар бірін-бірі қағып, соқпай және кубиктерге тиіп кетпей бөлмені айнала жүгіреді. «Кешікпе!» белгісі бойынша балалар өз кубиктеріне қарай жүреді және кубикерге тиіп кетпей бөлмені айнала жүгіреді.

«Кешікпе!» белгісі бойынша балалар өз кубиктеріне қарай жүгіреді.

Тышқандар мен мысықтар

Балалар- тышқандар өз індерінде отырады.(бөлменің қабырғасын жағалай немесе алаңның жан-жағына қойылған орындықтарға) Алаңның бір бұрышында мысық отыр. Мысықтың рөлін тәрбиеші атқарады. Мысық ұйықтап кеткенде тышқандар бөлмеде жүгіреді. Бірақ, мысық оянады, керіліп созылады, мияулайды және тышқандарды ұстай бастайды. Тышқандар тез қашып кетеді және індеріне тығылып (орындықтағы өз орындарына отырады) қалады. Барлық тышқандар індеріне қайтып келген соң мысық қайта ұйқыға кіріседі. Ойын 5-6 рет қайталанады.

Нұсқау

Мысық көзін жұмып, ұйықтаған соң ғана, тышқандардың інінен жүгіріп шығуларына болады. Ал індеріне мысық оянып, мияулай бастағанда ғана оралады. Тәрбиеші барлық тышқандардың індерінен жүгіріп шығуын бақылайды. Ойынға ойыншық мысықты да қолдануға болады. Балалар өрмелеп шыға алатын кубиктерді де індері ретінде пайдалануға болады.

Жалауға қарап жүгіру.

Тәрбиеші балаларға екі түсті кішкене жалаушаларды таратып береді. Қызыл және көк түсті. Тәрбиеші бір қолына қызыл, екінші қолына көк жалаушаны алып, екі қолын екі жаққа жаяды. Түсіне қарай балалар екі топқа бөлініп тұра қалады. Бұдан кейін тәрбиеші балаларға алаңның ішінде қыдыруды, жүгіруді ұсынады. Балалар қыдырып жүргенде, Тәрбиеші бөлменің екінші жағына өтеді де: «Бір, екі, үш маған қарай жылдам ұш!» -дейді.Бұл кезде қолындағы жалалаушаларды екі жаққа сермейді. Балалар оған қарай жүгіреді және өз қолдарындағы жалаушалардың түстеріне қарай жалаушаның жанына жиналады. Балалардың бәрі жиналып болған соң, тәрбиеші жалаушаларды жоғары көтеріп, бұлғауды ұсынады. Ойын 3-4 рет қайталанады.

Нұсқау.

Тәрбиешінің белгісі бойынша бұрын алаңның жан-жағына жүгіріп кетпеуі керек. Ол жалаушаларды бір қолынан екінші қолына ауыстырып отырады, өйткені балалар өз жалаушаларының түсіне қарай оның бірде сол жағына қарай жиналуы керек. Ойынға қосымша белгілермен тапсырмалар енгізуге болады. Мысалы: «Тоқта!» белгісі бойынша ойнаушылардың

барлығы тоқтай қалуы, көздерін жұмуы немесе орындарына тұырып шыр көбелек айналуы немесе секіріп билеуі тиіс. Ал, бұл кезде тәрбиеші байқатпай басқа орынға кетіп қалады. Белгі бойынша тәрбиешінің жанына қайтадан жиналады. Жалаушалардың орнына балалардың қолына қол орамал немесе түстеріне сай кубиктер, ленталар беруге болады.

Өз түсінді тап

Тәрбиеші балаларға 3-4 түсті кішкене жалаушаларды таратып береді.: қызыл, көк, сары, жасыл. Түсі бірдей жалаушасы бар балалар жалаушаның белгілі бір түсімен алдын ала белгіленген бөлменің әр бұрышына жиналады. Тірбиешінің «ойнап келіндер!» деген кезде балалар өз түстері бар жалаушаның қасына жиналады. Тәрбиеші қай топ бұрын жиналғанын белгілейді. Сонан соң ойын қайталаыады.

(5-6 рет)

Нұсқау.

Бірнеше рет қайталанып, балалар ойынды жақсы игерген соң тәрбиеші серуен кезінде тоқталып, көздерін жұмғызып, сол уақытта бөлменің бұрышында тұрған жолаушыларды ауыстырып қояды.

Трамвай

Балалар бір-бірінің қолдарынан ұстап, екі-екіден калонаға тұрады. Бос қолдарымен олар ұшы байланған жіптен ұстайды. Яғни, кей бала жіпті оң қолмен, кей бала жіпті сол қолмен ұстайды. Бұл трамвай. Тәрбиеші екі қолына үш түрлі –сары, қызыл, жасыл жалау ұстап, бөлменің бір бұрышында тұрады. Ол жасыл түсті сигнал болғанда қозғалуға, қызыл, сары, түсте тоқтауға тиіс екендігін түсіндіреді. Тәрбиеші жасыл жалауды көтергенде- бұл трамвай келе жатыр деген белгі, балалар бөлмені, алаңды айнала жүгіреді. Тәрбиешіге, бағдаршамға дейін жүгіріп келіп, қай түс жанғанын бақылайды. Егер бұрынғыдай жасыл түс болса жүрісті жалғастыра береді. Ал егер сары мен қызыл жанса олар тоқтайды, жасылдың жануын күтеді.

Нұсқау

Ойын кезінде балаларды көшеде жүру ережесімен таныстыру. Егер ойынға балалар аз қатысса екі-екіден немесе бір калонаға тұрғызуға болады. Ойынның сюжетін дамыта түсуге болады; жолшыбай трамвайдың келуін күтіп отырған жолаушылардың аялдамасын ұйымдастырады, аялдамаға жақындағанда трамвай жүрісін баяулатады және тоқтайды. Жолаушылардың бір сыпырасы трамвайдан шығып, біраз жолаушы қайтадан мінеді. Трамвайға шығып-түсу үшін жіпті көтереді. Жіптің ұшына кішкене қоңырау байлаулы. Жүрер кезде бір бала (кондуктар) қоңырауды соғып, белгі береді.

Поезд

Балалар калонаға бір-бірден тұрады. (бір-бірімен қол ұстаспай) Біріншісі паравоз ал қалғандары вагондар. Тәрбиеші гудок береді де, поезд алға жылжи бастайды, ең әуелі баяу, кейін жылдам, жылдамырақ және ең соңында балалар жүгіуге айналады. «Поезд станцияға жақындап келеді» -дейді тәрбиеші. Балалар жүрісті бірте – берте баяулатады да, поезд тоқтайды. Балалар серуендеуге шығады. Олар жан-жаққа тарап, гүлдер, жеміс, саңырауқұлақтар тереді. Гудокты ести сала олар қайтадан калоннаға тұрады да, поезддің қозғалысы жаңадан басталады. Ойын 4-5 рет қайталанады.

Нұсқау

Алғашында балалар калоннаға кез-келген ретпен тұрады, ал жылдың аяғында өз орындарын есте сақтауды - өз вагоныны табуды үйретеді. Ойынның сюжетін өзгертуге болады. Мысалы: поезд көлдің жанына тоқтайды, онда балалар қайықта серуендейді, балық аулайды. т.б. бейнелейді.

«Ұшты-ұшты»

Педагог балаларға ұшты-ұшты қарлығаш ұшты дегенде балалар қолдарын көтеріп ұшады, педагог ұшты-ұшты орындық ұшты десе отыра қалады.

«Хан талапай»

Ойынға 5-10 балаға дейін қатыса береді. Асық көп болу керек. Көп асықтың ішінен үлкенірек біреуін алып қызыл түске бояндар. Осы асық «хан» болады. Алдымен санамақ арқылы ойын бастаушыны тағайындап алындар. Осы бала асықтың бәрін уысына жиып алып, отырған балалардың алдына шашып жібереді. Сендер «ханның» қалай түскенін байқап отырындар. Егер «хан» бүк, шік, тәйкі түссе, ойын бастаушы бала «ханның» түсуіне қарай жақын жатқан асықтарды бас бармақтың көмегі арқылы сұқ саусағымен итере-ыршытып біріне-бірін дәлдей отырып тигізеді. Тигізген асықтарды өзіне алады.

Орамал тастамақ

Балалар шеңбер жасап тұрады. Бастаушы(тәрбиеші) балаларды айнала жүріп бір баланың артына орамал тастап кетеді. Артына орамалды тастағанын сезген бала менің артымда деп жауап береді. Артына орамалдың тасталғанын сезбесе ол өлең, тақпақ айтып немесе билеп беруі керек. Балалар шеңбер бойында көздерін жұмып тұруы керек. Ойын осылай

жалғаса береді.

Шымшықтар мен мысық

Балалар алаңның бір жағына еденге қойылған скамейкалардың немесе үлкен кубиктердің үстіне шығып тұрады. Бұл үйдің төбесінде отырған шымшықтар. Шеткеріректе мысық отыр. (тәрбиеші немесе балалардың біреуі) Мысық ұйықтап жатыр. «Балапандар ұшты» -дейді тәрбиеші. Шымшықтар төбеден секіріп түседі, қанаттарын қомдап, жан-жаққа ұшып кетеді. Міне, енді мысық та оянды. Ол «Мияу-мияу» дейді және төбеде тығылып үлкен шымшықтарды ұстағысы келіп жүгіреді. Ұстаған шымшықты мысық өз үйіне қарай әкетеді. Ойын 5- рет қайталанады.

Нұсқау

Балалрдың жерге жайылып түсуін, аяқтарының ұшымен секіруін және тізелерін бұтуін қадағалау керек.

Қимылды ойын: «Аққу – қаздар»

Ойынның мақсаты: Шапшаңдыққа, ептілікке баулу.

Ойын барысы:

Ойынға қатысушылар арасынан кімдер қасқыр мен қожайын рөлін ойнайтынын белгілеп, қалғандары аққу – қаздар болады. Алаңның бір жағында отағасы мен қаздар тұратын үй сызылып салынады, екінші жағында – қыр астында жасырынған қасқыр. Құс бағушы қаздарды көкке тойынып, бой жазып қайтуы үшін далаға шығарып жібереді. Қаздар үйден едәуір жер алыстап кетеді. Шамалы уақыт өткен соң құс өсіруші қаздарын шақырады. Сөйтіп отағасы мен қаздардың бір – біріне тіл қатысуы басталады:

- Қаздар, қаздар!
- Га – га – га.
- Қарындарың ашты ма?
- Иә, иә, иә.
- Аққу – қаздар қайтыңдар!
- Қыр астында қасқыр бар!
- Не істеп жатыр ол онда?

Ересек топ «Сұңқар»

- Шіл жеп жатыр, ол онда.
- Ал үйге қарай қашындар!

Қаздар үйге қарай қашады, қасқыр оларды ұстап алуға ұмтылады. Ұсталғандар ойыннан шығады. Барлық қаздар ұсталған кезде ойын аяқталады. Соңында қалған ең епті және жүйрік қаз қасқыр болады.

Ойын тәртібі:

Қаздар тек алаңнан шықпай «ұшуға» тиіс. Қасқыр оларды «Алүйге қарай қашындар!» сөзінен кейін ғана ұстауға ұмтылады.

Тауықтар мен балапандар»

Мақсаты: Балалардың қимыл қозғалыстарын арттыру. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Ана мен бала арасындағы сүйіспеншілікке, адалдыққа, мейірімге, сыйластыққа тәрбиелеу. Ойынның шарты : Балалардың жартысы тауықтар , ал қалғандары балапандар болады. Балапандары аулада серуендеп, ойнап жүреді де, аналарынан тығылып қалады. Аналары балапандарын іздейді.

Қоймадағы тышқандар

Балалар тышқандарды бейнелейді. Олар алаңның бір жағындағы орындықтармен скамейкаларда отырады немесе түрегеліп тұрады. (тышқандар індерінде) Қарама-қарсы жақта биіктігі 40-50см шамасында жіп керілген, одан әріректе қойма бар. Ойнаушылардың бір жағында мысықтың рөлін ойнаушы тәрбиеші отырады. Мысық ұйықтайды, ал тышқандар қоймаға қарай жүгіреді. Қоймаға кіріп бара жатып, олар жіптің астынан еңкейіп өтеді. Тышқандар қоймаға кіреді де, жүрелеп отырып қатқан нанды кеміре бастайды. Тышқандар қоймадан жүгіріп шығып, індерін тығылады. (Мысық тышқандарды ұстамайды. Ол тек ұстағысы келгенсиді) Сонан соң мысық өз орнына келіп, ұйқыға кіріседі, ойын жалғаса береді. Ойын 5-6 рет қайталанады.

Нұсқау.

Жіптің астынан өткенде оған тиіп кетпеу үшін төменірек еңкеюге тырысады.

Қояндар

Алаңның бір жағына бормен кішкене шеңбер сызылады (5-6) бұлар қояндардың үйшіктері. Олардың алдына орындықтар қойылады. Қарама-қарсы жағында күзетшінің үйі бар. (тәрбиеші отырған орындық) Үй мен қоян күркелерінің арасында қояндар серуендейтін кішкене шалғын бар. Тәрбиеші ойынға қатысушылардың бәрін 3-4 баладан шағын топтарға бөледі. Әрбір топ еденде сызылған шеңберлердің біріне барып отырады. Балалар тәрбиешінің нұсқауы бойынша жүрелерінен отырады. (қояндар күркелерінде отыр.) Тәрбиеші күркелеріне кезекпе-кезек барып, қояндарды шалғынға шақырады. Қояндар бірінен кейін бірі орындықтың астынан еңбектеп шыға бастайды. Шалғында жүгіріп, секіріп ойнау бастайды. Біраздан соң тәрбиеші «күркеге қарай жүгіріңдер» дейді. Қояндар үйге қарай асыға жүгіреді. Орындықтың астынан еңбектеп өз торларына кіреді. Күзетші оларды қайтадан серуенге шығарғанға дейін қояндар торда отыра береді. Ойын 4-5 рет қайталанады.

Нұсқау

Еңбек ету үшін орындықтың орнына планканың түреуіне қойылған доғаны немесе керулі жіпті пайдалануға болады.

Кішкене маймылдар

Тәрбиеші балаларға бір-бірден немесе екі-екіден гимнастикалық қабырғаға жақындауды, бетін қабырғаға қаратып тұрып 3-4 тақтайшаға өрмелеп шығуды ұсынады. Бұлар-кішкене маймылдар. Қалған балалар кішкене маймылдардың жемісті ағаштың басынан қалай теріп жүргендерін отырып немесе түрегеліп тұрып қарайды. Бұдан соң ағаштардың басынан басқа маймылдар өрмелейді.

Нұсқау

Балалардың кішкене сатымен өрмелеп шығуға және одан түсуге әбден жаттыққан соң, оларға қабырғаның бір ашық аралығынан келесі аралығына – ағаштан ағашқа тырымысып шығуды ұсына отырып, тапсырманы күрделене түсуі керек.

Дидактикалық ойын

Тілді жалпақ қыл.

Мақсаты: тілді сабыр, бос қалыпта ұстау икемділігіне дағдыландыру.

Бейнелеуі: күлімдеп, ауызды ашыңқырап, тілдің алдыңғы жалпақ шетін төменгі ерінге салып қоямыз. Тілді осы қалыпта 5-10ға дейін санағанша ұстау керек.

Әдістемелік нұсқау:

Ерінді қатты, күш салып созбау керек.

Астынғы ерінді қайырмау керек.

Тілді артық шығармай, астыңғы ерінді жауып тұратындай ұстау керек.

Тілдің қырларын ауыздың бұрыштарына тигізіп ұстау.

Бұл жаттығуды жасай алмаса, «Бағынбайтын тілді жазала» деген жаттығуға қайтып оралу керек.

Ертегілер «Қардан жасалған гүл»

— Анашым, ертегі айтып беріңізші?!

— Жарайды, айтып беремін. Тек кеш батсын.

— Не үшін кештің батқанын күтуіміз керек?

— Білмеймін...ертегіні кешке тыңдаған жақсы сияқты.

— Жақсы. Онда келістік.

Қызым күн батқанша әрең шыдады. Қыстың келте күні әп-сәтте кешке ұласты. Пешке жағылған оттың қызуы үйді жылытып жіберді. Жарықтың сөндірсен, оттың ойнаған алауының көлеңкесі керегеде ойнайды. Осындай кезде бала кездегі ата-анамның ортасында еш алаңсыз отыратын кездерім есіме түседі.

— Анашым, ал, ертегіңізді бастаңыз.

Қызымның қызығушылыққа толы көзіне қарап, жымидым. Есіме әдемі ертегі түсті.

— Ертегіні жалғыз өзің ғана тыңдайсың ба? Барып, бауырларыңды шақырып кел.

Қызым сүйінші сұрағандай жүгіріп кетті. Балаларым «ертегі, ертегі!» деп қуана айқайлап жүгірісіп келді. Айнала отыра қалып, менің аузымды бақты.

— Ертеде бір қыз болыпты. Ол өте арманшыл болған. Өз қиялында жасап алған үйде мекен етіп, қиялындағы кейіпкерлермен тілдеседі екен. Жер бетіндегі барлық нәрсені аппақ түс сияқты қабылдайтын-ды. Аппақ ақша бұлттар,

аппақ қар сияқты барлық адамзат, жер беті тап-таза деп ойлайды. Бір күні қыз әкесі мен анасының бір-бірімен сөйлеспей жүргенін байқап қалыпты. Сірә, ренжісіп қалған-ау.

— Олар неге ренжіскен екен?

— Үлкендер кейде солай бір-біріне өкпелеп қалады.

— Бір-бірінен кешірім сұрай салмай ма?! Біз сөйтеміз ғой... содан кейін ойнап кетеміз.

— Содан, олар татуласып па?

— Кішкентай арманшыл қыз ата-анасын қалай татуластырсам екен деп, түнімен терезеден жапалақтап жауған қарға қарап ойланыпты. Сөйтіп жатып ұйықтап кетіпті. Таңертең тұра салып, киімдерін киіп, далаға жүгіріп шығыпты. Дала аппақ қарға ораныпты. Тура өз қиялындағы ертегі патшалығы сияқты. Қыз қарды біраз тамашалап тұрыпты да, дереу жалаң қолдарымен қарды көсіп алып, жентектей жөнеліпті. Анасы қызының бұл қылығына таң қалып, «Қызым-ау, жаурадың ғой. Үйге кірсеңші. Күн жылынған соң бірақ шығып ойна» деп бәйек болады. Қызы анасын естімеген сияқты қарды жентектей береді. Бір кезде қолындағы қарды ала сала әкесіне жүгіріп барады.

— Әке, әке, қараңызшы, мен қардан гүл жасадым. Өтінем, осы гүлді анама сыйлаңызшы. Қазір қыс, еш жерде гүл өспейді.

— Қызым-ау, мынау қар ғой...

— Бұл қар емес, қардан жасалған гүл...жүріңізші, анама сыйлаңызшы. Бұл ғажайып гүл...

— Қызы табандап тұрып алған соң, әкесі көңілін қимай жентектеліп гүл бейнесіне келтірген қарды алып үйге кіреді.

— Ал, анама сыйлаңыз, - деп сыбырлайды қызы.

— Мынау саған...қардан жасалаған гүл...қызымыз жасапты...

— Әдемі екен...

Анасы пештің жанында тұрған. Қолын созып аппақ қар гүлді алды. Жүзіне жылу жүгірді. Адамның қолының табымен үйдегі жылу қар гүлді еріте бастады. Су тамшылай бастайды.

— Әке, әке, гүлді ұстаңыз. Әйтпесе ол қазір еріп құлап қалады. Міне мен де ұстаймын.

Үш алақанға қонған аппақ қар гүлі тез ери бастады. Еріп-еріп жерге тамшылап жатты. Суыққа қызарған алақандар қалды. Қардың суық суы қыздың әкесі мен анасының ренішін жуып кеткен сияқты. Қыз қатты қуанып кетті.

— Айттым ғой, ол ғажайып гүл деп...ертегі осымен бітті.

— Бітті ме?

— Ата-анасы татуласып па?

— Иә.

— Жақсы болды ғой.

— Мен тәтеммен ренжісіп қалсам, сондай гүл сыйласам бола ма?

Мен күлдім. Ертегіні кішкентайлар жағы түсінбегені анық. Өйткені олар ойынға айналып отырды. Ал ес кіріп қалған қыздарым бір сәтке қиялдап кеткендей

Үміт

Ақылды үнемі әкесінен нені болса, соны сұрайтын. Әкесі де оған «нені болса соны сұрайтының не?» деместен, оның сұрағандарына өте ыждағатпен жауап беретін.

Бірде ол әкесінен:

- Әке, неге осы ат жүргенде алдыңғы аяқтары басқан ізінен, артқыаяқтары басқан ізі асып түседі? – деп сұрады. Әкесі:

-- Балам ол солай. Алдыңғы аяқтары басқан ізден артқы аяқтары басқан ізі өзып түсіп отыратын қасиет тек жүйрік, бәйге аттарында ғана болады. Оны сен аңғарған екенсің, демек сенен де бір ақылды адам шығар, Инша Аллах!? Ол тағы бұрын шыққан құлақтан кейін шыққан мүйіз озатынының да белгісі, - деді. Ақылды:

- Бұрын шыққан құлақтан, кейін шыққан мүйіз оза ма? Неге? – деп сұрады әкесінен. Әкесі:

- Иә, балам. Мәселен, құлақ ол туа бітті бар болады. Ал, мүйіз болса, бұзау алғаш туғанда болмайды. Кейін, үлкейе келе біртіндеп өсе келе құлақтан да озып, ұзарып кетеді. Өзің қарашы, ана ала тацыншаның туғанда қанша мүйізі бар еді? Жоқ болатын, Ал құлағы ше? Құлағы бар болатын. Бірер айдан кейін мүйіз шыға бастады. Енді міне, бір жылға таяп еді, мүйізі өсіп құлағымен бірдей болды. Құдай қаласа, келер жылы мүйізі құлағынан әлдеқайда ұзын болып озады.

Сен ақылдысың. Демек, Ақбақайдың артқы аяғы алдыңғы аяғынан озып түскеніндей, ала тайыншаның туғанда жоқ мүйізінің, туғанда бар құлағынан асып кеткеніндей, сен де үлкейгенде қатарыңнан озық болсаң екен, мен жетпеген биікке жетсең екен балам, - деді әкесі.

Ақылды шынымен-ақ ақылды бала ғой, ойланып қалды.

Құл-Керім Елемес

Жаман жолдас

Екі дос кісі жолдастасып келе жатып, бір аюға ұшырапты. Бұл екікісінің біреуі әлсіз, ауру екен, екіншісі мықты, жас жігіт, аюды көрген соң бұл жігіт, ауру жолдасын тастап, өзі бір үлкен ағаштың басына шығып кетті дейді. Ауру байғұс ағашқа шығуға дәрмені жоқ, жерге құлады да созылып, өлген кісі болды да жатты: есітуі бар еді, аю өлген кісіге тимейді деп. Аю бұл жатқан кісінің қасына келіп иіскелеп тұрды да, дыбысы білінбеген соң тастап жөніне кетті. Мұнан соң манағы жолдасы ағаштан түсіп, аурудан сұрапты:

Достым, аю құлағыңа не сыбырлап кетті? Ауру айтты дейді:

Аю құлағыма ақыл сыбырлады, екінші рет тар жерде жолдасын тастап қашатын достармен жолдас болма деді, — дейді.

БІ. Алтынсарин

Адал дос

Екі дос көше бойымен жайбарақат әңгімелесіп келе жатты. Оның біреуі Аблан да, екіншісі Абыз. Абыздың денсаулығы нашар, көп жүгіре алмайтын.

Бір үйдің жанынан өте бергенде дәу қара төбет арсылдап, тура алдарынан шыға келді.

Абыз:

— Аблан, қаш, әне ит келіп қалды! — деп қатты қорқып, айғайлап жіберді. Аблан жерден бір шыбық алып, итке қарсы ұмтылды. Ашулы ит Абланның шалбарынан бірнеше рет жұлқылап та үлгерді. Үлкендер келіп, Абланды құтқарып алды.

Абыз Абланның жанына келіп:

— Мен қаш дегенде неге қашпадың? Қашып кеткеніңде шалбарыңды ит жыртып тастамас еді, — деді.

— Мен қашатын болсам, сен тұтылатын едің. Өйткені сен қатты жүгіре алмайсың ғой. Сені иттен қорғайын деп, әдейі қалып қойдым, — деді Аблан.

— Дос деген осындай болар, — деді олардың сөзін естіген үлкендер сүйсініп.

М. Төрежанов

Наурыз айы 2023 жыл 1 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 27.02.2023	Сейсенбі 28.02.2023	Сәрсенбі 01.03.2023	Бейсенбі 02.03.2023	Жұма 03.03.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы мейірімге бөлеп, амандасу дағдыларын жетілдіру. Бүгінгі көңіл күйі мен денсаулығы туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге мүмкіндік беру. Арнайы жерге төселген секіру ойын кілемшесі арқылы ойнап, топқа өтуіне жағдай жасау. (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналарға осы айда болатын мерекелік ертеңгіліктермен іс шаралар туралы ақпараттар беріп, бірлесе атқаратын жұмыстарды талқылау.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты дамыту. Балаларды шеңберге отырғызып, бір біріне жақсы тілек айтқызу. Мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру мен үстел үсті ойындарын ойнату (пазлдар, домино, суретті карточкалар, дидактикалық ойындар). «Өнер» орталығында сурет салу, суретті карточкаларды бояту, дербес шығармашылық іс әрекеттерді ұйымдастыру. Табиғи құрастыру материалдарымен құрастыру, кітаптарды қарату, еңбек әрекеті бойынша әңгімелесу Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасату, оларды суару. (қоршаған ортамен танысу) Балалармен жеке жұмыс.				
Таңертеңгі жаттығу	Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) Дене белсенділігін (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) жетілдіру.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Қол орамалды пайдалана білуді бекіту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Тамақтану әдебін сақтау. Өз-өзіне қызмет жасау дағдыларын жетілдіру. Кезекшілікті ұйымдастыру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбері Аспан ашық көгілдір Күн шуағын төгіп тұр				

	Қол ұстасқан біздерге Терезеден қарап тұр. Балалардың сезінген әсерлерімен , жаңалықтармен бөлісу. Көктемгі көңіл күйлері қалай екені сұрау? Балалардың ойын тыңдау. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша	Музыка маманының жоспары бойынша	Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша Сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға баулу Қазақ тілі	Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша	Музыка маманының жоспары бойынша
	Балаларға «кітап» орталығында «Жыл мезгілдері» ертегісін оқып беру. Жыл мезгілдерінің атаулары мен ай атауларын атауды, санауды үйрету. (көркем әдебиет) Қазақстанның көрікті жерлерінде түсірілген фото суреттерді көрсетіп, Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген	Балаларға почта арқылы келген сыйлықты көрсету Ішін ашып көру үшін сыйқырлы сөзді айтқызу. Ішінде әр түрлі құрастыру ойыншықтары бар екен. Балаларды екі топқа бөліп. Бірінші топтағы балаларға әр түрлі құрылымдарды құрастырғызу (құрастыру) Екінші топ	Балалардың назарын тақтаға ілінген көптеген көктемнің нышандары бейнеленген суреттерге аудару. Реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету.	Зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға үйрету. Ғажайып қоржынды көрсетіп ішінен бір затты алу. Оның қандай екенін сипаттау (сөйлеуді дамыту) Балалардың қалауы бойынша терезеден көрген заттарын немесе құбылыстардың	Ертегі кейіпкерлерінің киімдерін көрсету. Өз бетінше таңдап киіп ойындар ойнату. Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру. (көркем әдебиет) Балаларды екі орталыққа бөлу. Бір

	Көктем мезгілі туралы фильм көрсету. Көктемде ағаштар бүршік жарып, жапырақ ашып, жеміс ағаштары гүлдейтінін айту. бірақ бұл құбылыс Қазақстанның әр өңірінде әр түрлі уақытта болатынын айту. Мысалы Астанаға көктем кеш келеді. Ал Қазақстанның оңтүстігінде өрік ағаштары гүлдеп жатқанын түсіндіру. Терезеге қарап, ағаштарды бақылату. Дәл осы сәттегі ағаштардың бейнесін сурет салып, есімізге сақтап қалайық деп сурет салуды ұсыну. (қоршаған ортамен танысу, сурет салу) «Бақша ағаштары» әңгімесін оқып беру. Әңгіменің негізі ойын баларға түсіндіру. (көркем әдебиет)	Ата –бәйтерек, Бала – жапырақ мақылын мнемо кесте арқылы көрсетіп түсіндіру. Бәйтерек ағашы туралы фильм суреттер қарату. (сөйлеуді дамыту) Ұжымдық жұмыс. Алдын ала жасалған бәйтерекке жапырақтарын ермексайдан жасап жабыстырғызу. (мүсіндеу)	Балаларды орталықтарға бөлу. Бірінші орталықта Қалауы бойынша кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. (көркем әдебиет) Екінші орталықты дербес шығармашылық әрекет. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір- біріне арақатынасын айтып беруді пысықтау. (сурет салу).	Ғажайып қоржынды көрсету. Ішіндегі ойыншықтарды таныстыру. Дидактикалық ойын «Кім жылдам жұбын табады» ғажайып қалтадан ойыншықтар шығару, балаларға топтан соның жұбын тауып саластыру жағдайын жасату. (математика негіздері) Топты сәндеуге арналған заттар жасату. Қағаздың бұрыштарын және қырларын біріктіру, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыруды үйрету (құрастыру)	Дидактикалық ойын «Ағаштардың дәнін тап» Суреттерде ағаштар және олардың дәндері. Екінші конвертте ағаштар және жемістер. Сәйкесін табуды үйрету. Оларды қалай тануға және ажыртуға болатынын түсіндіру. Бір біріне жасырып ойнауын ұйымдастыру (сөйлеуді дамыту) Дәндерді 5еуден жинау. Карточкалармен жұмыс жасату. (математика негіздері)

Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылату. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау. Балабақша ауласындағы ағаштарды санату. (математика негіздері) Қимылды ойын «Хан талапай» Еркін ойындар	Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру. (қоршаған ортамен танысу) Жаңбырдың суын басып, құрғақ жерді басу арқылы іздер салуды ұйымдастыру. (сурет салу) Қимылды ойын «Поезд»	Көктемгі ағаштарды бақылату. Олардағы өзгерістерді бақылату үшін әр балаға ағаштардың айырмашылық белгілерін тани білуін қалыптастыру. (қоршаған ортамен танысу) Қимылды ойын «Жалауға қарай жүгір»	Балабақшаның сыртындағы көліктерге назарларын аударту. Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сақтауға үйрету. «Полиция» ойынын ойнату. (қоршаған ортамен танысу) Табиғи заттардан (қардан) әр түрлі құрылымдар құрастырту (құрастыру) Қимылды ойын «Өз түсінді тап»	Кітаптан балалардың сұранысы бойынша ертегі оқып беру. (көркем әдебиет) Табиғатты бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: көктемде көбелектер, қоңыздардың пайда болуы, құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықылықтауы, ұя салуы, балапан шығаруы жайлы айтып,көрсетіп таныстыру (қоршаған ортамен танысу) Қимылды ойын «Трамвай»
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттату (көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану. Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу,				

	алғыс айту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ереже айту. (сөйлеуді дамыту)				
Күндізгі ұйқы	. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдату. Әр түрлі, балалардың қалауы бойынша ертегілер оқып беру (көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүруді. Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітаптарды қарату. Таныс ертегі қойылымын жасату. (сөйлеуді дамыту) Дайын ағаштарға жапырақтар мен гүлдерді ермексаздан жасап, немесе қағаздан қиып жапсыру. (мүсіндеу, жапсыру) Көктем туралы жаттаған әнін айтқызу (музыка)	Астанадағы бәйтерек мұнарасы туралы айту. оның макетін көрсету. Құрылыс бөліктерін санату, салыстыру. (математика негіздері) «Мақта қыз бен мысық» ертегісіндегі ағаштың рөлі туралы сұрау. Ертегіні сахналату (көркем әдебиет) Балаларды орталықтарға бөліп	Топтағы ойыншықтарды санату, салыстыру. Жиын жасату. (математика негіздері) «Көктемдегі Маша мен аю» ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құрату (мүсіндеу) Конструктордан ұя құрастыру	Табиғи қалдық заттардан композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеруін қадағалау; (жапсыру) Таныс ертегінің кейіпкерлерінің бейнелерін сомдауға қажетті дауыс ырғағы және тілдің	Балалардың қалауы бойынша дербес әрекеттер. Құрастыру және шығармашылық бағытында кітаптар қарату, әңгімелесу. Топтағы ойыншықтарының суретін салғызу, мүсінін жасату, немесе қағаздан өздері ойыншық жасауына мүмкіндік беру. (сурет салу, құрастыру,

Ересек «Сұңқар» тобы

		жақсы көретін әндерін тыңдатып, би билету. (музыка) Балалардың қалауы бойынша еркін тақырыпта жапсыру әрекетін жасату. (жапсыру)	дағдыларын қалыптастыру (кұрастыру)	қарқынын қолдану дағдыларын қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	мүсіндеу, жапсыру)
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	Еркін ойындар Табиғи заттардан құрылымдар құрастыру. (Құрастыру) Қимылды ойын «Жоғары лақтыр»	Қимылды ойын «Шеңберге түсір»	Балалардың қалауы бойынша ән айту, қимылды би билету. (музыка) Еркін ойындар Қимылды ойын «Жалауға қарай жүгір»	Еркін ойындар Қимылды ойын «Поезд»	Еркін ойындар Қимылды ойындар. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.
Балалардың үйге қайтуы	Бүгінгі күннің қызықты сәттері туралы сұрау, сұхбаттасу Апта бойында болған қызықты сәттерді әңгімелеу.				

Тексерген әдіскер:

Тәрбиеші:

ТАҢЕРТЕҢГІ САУЫҚТЫРУ ЖАТТЫҒУЛАРЫНЫҢ КАРТОТЕКАСЫ

Наурыз айы

I-II аптасында

- I Кедергілер арасымен жүру, әр-түрлі бағытта жүру, жүгіру, бағана болып қатарға тұру.
- II 1б.қ аяқ бірге, қол төмен 1-қол соғу. 2б.қ оралу. 4-5 рет қайталау.
2б.қ аяқ арасы ашық, қол белде 1-оңға еңкею, 2б.қ оралу 3-солға еңкею, 4б.қ оралу 4-5 рет
3б.қ аяқ арасы ашық, қолды бастан асыра айқастырып ұстау.
1 тізені бүкпей алға қарай еңкею, 2б.қ оралу
4б.қ аяқты созып отыру. 1-аяқты бүгіп, тізені қапсыра құшақтау, 2б.қ оралу. 4-5 рет қайталану.
5 аяқты алмастырып секіру
- III Еркін тыныс алу жаттығулары

Наурыз айы

III-IV аптасында

- I Жүру, аяқтың ұшымен жүру, өкшемен жүру, жүгіру, жәй жүру, бағана болып тұру
- II 1б.қ аяқ бірге қол төмен 1-қолды алға созу, 2 жоғары көтеру, 3 жанына қою, 4б.қ оралу. 4-5 рет
2б.қ аяқ арасы ашық, қол белде 1-оңға қарай қолды созып бұрылу, 2б.қ оралу, 3 солға қарай созу, 4б.қ оралу 4-5 рет қайталау.
3б.қ аяқ арасы ашық, қол иықта 1-қолды жоғары көтеру, 2-оңға қарай тербелу, 3-солға қарай тербелу. 4б.қ оралу 4-5 рет қайталау
4б.қ аяқ арасы ашық, қол белде 1-қолды алға созу, 2 отыру 3 тұру 4б.қ оралу 4-5 рет қайталау.
5 Қос аяқпен секіру 7-8 секунд
- III Еркін тыныс алу жаттығулары

ҚИМЫЛДЫ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫ

Күн шуақ және жаңбыр

Балалар залдың қабырғасынан бір шама алысырақ қойылған орындықтардың арт жағына жүрелерінен отырады да, терезеден қарайды (орындықтың артындағы саңылаудан) Тәрбиеші «Күн шуақ! Ойнап келіңдер!»-дейді. Балалар алаңда жүгіреді. «Жаңбыр, тезірек үйге қайтыңдар!» -деген белгісі бойынша барлығы өз орындарына қарай жүгіреді және орындықтардың арт жағына келіп отырады.

Ойыншықты алып кел.

Ойыншықтарды (сылдырмақ, кішкене кубиктер) бөлімінің, алаңның қарама қарсы жағына орналастырады. Тәрбиеші балаларды өзіне шақырып алады да,

Ересек «Сұңқар» тобы

ойыншықтарды алып келуін өтінеді. Оның нұсқауы бойынша балалар ойыншықтарға қарай жүреді немесе жүгіреді. Ойыншықтарды тәрбиешіге алып келеді. Ол балаларды мадақтайды, ойыншықтарын қайтадан апарып қоюын өтінеді.

Нұсқау

Ойынды тапсырмалар қосып, күрделенуге болады. Ойыншықтарға тар жолмен немесе онша биік емес заттардың үстімен алып өту.

Кешікпе

Кубиктер мен сылдырмақтарды еденге шеңбер бойымен орналасады. Балалар кубиктердің жанына тұрады. Тәрбиешінің белгісі бойынша олар бірін-бірі қағып, соқпай және кубиктерге тиіп кетпей бөлмені айнала жүгіреді. «Кешікпе!» белгісі бойынша балалар өз кубиктеріне қарай жүреді және кубикерге тиіп кетпей бөлмені айнала жүгіреді. «Кешікпе!» белгісі бойынша балалар өз кубиктеріне қарай жүгіреді.

Тышқандар мен мысықтар

Балалар- тышқандар өз індерінде отырады. (бөлменің қабырғасын жағалай немесе алаңның жан-жағына қойылған орындықтарға) Алаңның бір бұрышында мысық отыр. Мысықтың ролін тәрбиеші атқарады. Мысық ұйықтап кеткенде тышқандар бөлмеде жүгіреді. Бірақ, мысық оянады, керіліп созылады, мияулайды және тышқандарды ұстай бастайды. Тышқандар тез қашып кетеді және індеріне тығылып (орындықтағы өз орындарына отырады) қалады. Барлық тышқандар індеріне қайтып келген соң мысық қайта ұйқыға кіріседі. Ойын 5-6 рет қайталанады.

Нұсқау

Мысық көзін жұмып, ұйықтаған соң ғана, тышқандардың інінен жүгіріп шығуларына болады. Ал індеріне мысық оянып, мияулай бастағанда ғана оралады. Тәрбиеші барлық тышқандардың індерінен жүгіріп шығуын бақылайды. Ойынға ойыншық мысықты да қолдануға болады. Балалар өрмелеп шыға алатын кубиктерді де індері ретінде пайдалануға болады.

Жалауға қарап жүгіру.

Тәрбиеші балаларға екі түсті кішкене жалаушаларды таратып береді. Қызыл және көк түсті. Тәрбиеші бір қолына қызыл, екінші қолына көк жалаушаны алып, екі қолын екі жаққа жаяды. Түсіне қарай балалар екі топқа бөлініп тұра қалады. Бұдан кейін тәрбиеші балаларға алаңның ішінде қыдыруды, жүгіруді ұсынады. Балалар қыдырып жүргенде, Тәрбиеші бөлменің екінші жағына өтеді де: «Бір, екі, үш маған қарай жылдам ұш!» -дейді. Бұл кезде қолындағы жалалаушаларды екі жаққа сермейді. Балалар оған қарай жүгіреді және өз қолдарындағы жалаушалардың түстеріне қарай жалаушаның жанына жиналады. Балалардың бәрі жиналып болған соң, тәрбиеші жалаушаларды жоғары көтеріп, бұлғауды ұсынады.

Ойын 3-4 рет қайталанады.

Нұсқау.

Тәрбиешінің белгісі бойынша бұрын алаңның жан-жағына жүгіріп кетпеуі керек. Ол жалаушаларды бір қолынан екінші қолына ауыстырып отырады, өйткені балалар өз жалаушаларының түсіне қарай оның бірде сол жағына қарай жиналуы керек. Ойынға қосымша белгілермен тапсырмалар енгізуге болады. Мысалы: «Тоқта!» белгісі бойынша ойнаушылардың барлығы тоқтай қалуы, көздерін жұмуы немесе орындарына тұырып шыр көбелек айналуы немесе секіріп билеуі тиіс. Ал, бұл кезде тәрбиеші байқатпай басқа орынға кетіп қалады. Белгі бойынша тәрбиешінің жанына қайтадан жиналады. Жалаушалардың орнына балалардың қолына қол орамал немесе түстеріне сай кубиктер, ленталар беруге болады.

Өз түсінді тап

Тәрбиеші балаларға 3-4 түсті кішкене жалаушаларды таратып береді.: қызыл, көк, сары, жасыл. Түсі бірдей жалаушасы бар балалар жалаушаның белгілі бір түсімен алдын ала белгіленген бөлменің әр бұрышына жиналады. Тәрбиешінің «ойнап келіндер!» деген кезде балалар өз түстері бар жалаушаның қасына жиналады. Тәрбиеші қай топ бұрын жиналғанын белгілейді. Сонан соң ойын қайталанады.

Ересек «Сұңқар» тобы
(5-6 рет)

Нұсқау.

Бірнеше рет қайталанып, балалар ойынды жақсы игерген соң тәрбиеші серуен кезінде тоқталып, көздерін жұмғызып, сол уақытта бөлменің бұрышында тұрған жолаушыларды ауыстырып қояды.

Трамвай

Балалар бір-бірінің қолдарынан ұстап, екі-екіден калонаға тұрады. Бос қолдарымен олар ұшы байланған жіптен ұстайды. Яғни, кей бала жіпті оң қолмен, кей бала жіпті сол қолмен ұстайды. Бұл трамвай. Тәрбиеші екі қолына үш түрлі –сары, қызыл, жасыл жалау ұстап, бөлменің бір бұрышында тұрады. Ол жасыл түсті сигнал болғанда қозғалуға, қызыл, сары, түсте тоқтауға тиіс екендігін түсіндіреді. Тәрбиеші жасыл жалауды көтергенде- бұл трамвай келе жатыр деген белгі, балалар бөлмені, алаңды айнала жүгіреді. Тәрбиешіге, бағдаршамға дейін жүгіріп келіп, қай түс жанғанын бақылайды. Егер бұрынғыдай жасыл түс болса жүрісті жалғастыра береді. Ал егер сары мен қызыл жанса олар тоқтайды, жасылдың жануын күтеді.

Нұсқау

Ойын кезінде балаларды көшеде жүру ережесімен таныстыру. Егер ойынға балалар аз қатысса екі-екіден немесе бір калонаға тұрғызуға болады. Ойынның сюжетін дамыта түсуге болады; жолшыбай трамвайдың келуін күтіп отырған жолаушылардың аялдмасын ұйымдастырады, аялдамаға жақындағанда трамвай жүрісін баяулатады және тоқтайды. Жолаушылардың бір сыпырасы трамвайдан шығып, біраз жолаушы қайтадан мінеді. Трамвайға шығып-түсу үшін жіпті көтереді. Жіптің ұшына кішкене қоңырау байлаулы. Жүрер кезде бір бала (кондуктар) қоңырауды соғып, белгі береді.

Поезд

Балалар калонаға бір-бірден тұрады. (бір-бірімен қол ұстаспай) Біріншісі паравоз ал қалғандары вагондар. Тәрбиеші гудок береді де, поезд алға жылжи бастайды, ең әуелі баяу, кейін жылдам, жылдамырақ және ең соңында балалар жүгіруге айналады. «Поезд станцияға жақындап келеді» -дейді тәрбиеші. Балалар жүрісті бірте – берте баяулатады да, поезд тоқтайды. Балалар серуендеуге шығады. Олар жан-жаққа тарап, гүлдер, жеміс, саңырауқұлақтар тереді. Гудокты ести сала олар қайтадан калоннаға тұрады да, поездің қозғалысы жаңадан басталады. Ойын 4-5 рет қайталанады.

Нұсқау

Алғашында балалар калоннаға кез-келген ретпен тұрады, ал жылдың аяғында өз орындарын есте сақтауды - өз вагоныны табуды үйретеді. Ойынның сюжетін өзгертуге болады. Мысалы: поезд көлдің жанына тоқтайды, онда балалар қайықта серуендейді, балық аулайды. т.б. бейнелейді.

«Ұшты-ұшты»

Педагог балаларға ұшты-ұшты қарлығаш ұшты дегенде балалар қолдарын көтеріп ұшады, педагог ұшты-ұшты орындық ұшты десе отыра қалады.

«Хан талапай»

Ойынға 5-10 балаға дейін қатыса береді. Асық көп болу керек. Көп асықтың ішінен үлкенірек біреуін алып қызыл түске бояңдар. Осы асық «хан» болады. Алдымен санамақ арқылы ойын бастаушыны тағайындап алыңдар. Осы бала асықтың бәрін уысына жиып алып, отырған балалардың алдына шашып жібереді. Сендер «ханның» қалай түскенін байқап отырыңдар. Егер «хан» бүк, шік, тәйкі түссе, ойын бастаушы бала «ханның» түсуіне қарай жақын жатқан асықтарды бас бармақтың көмегі арқылы сұқ саусағымен итере-ыршытып біріне-бірін дәлдей отырып тигізеді. Тигізген асықтарды өзіне алады.

Орамал тастамақ

Балалар шеңбер жасап тұрады. Бастаушы(тәрбиеші) балаларды айнала жүріп бір баланың артына орамал тастап кетеді. Артына орамалды тастағанын сезген бала менің артымда деп жауап береді. Артына орамалдың тасталғанын сезбесе ол өлең, тақпақ айтып немесе билеп беруі керек. Балалар шеңбер

Ересек «Сұңқар» тобы
бойында көздерін жұмып тұруы керек. Ойын осылай жалғаса береді.

Шымшықтар мен мысық

Балалар алаңның бір жағына еденге қойылған скамейкалардың немесе үлкен кубиктердің үстіне шығып тұрады. Бұл үйдің төбесінде отырған шымшықтар. Шеткеріректе мысық отыр. (тәрбиеші немесе балалардың біреуі) Мысық ұйықтап жатыр. «Балапандар ұшты» -дейді тәрбиеші. Шымшықтар төбеден секіріп түседі, қанаттарын қомдап, жан-жаққа ұшып кетеді. Міне, енді мысық та оянды. Ол «Мияу-мияу» дейді және төбеде тығылып үлкен шымшықтарды ұстағысы келіп жүгіреді. Ұстаған шымшықты мысық өз үйіне қарай әкетеді. Ойын 5- рет қайталанады.

Нұсқау

Балалардың жерге жайылып түсуін, аяқтарының ұшымен секіруін және тізелерін бүгуін қадағалау керек.

Қимылды ойын: «Аққу – қаздар»

Ойынның мақсаты: Шапшаңдыққа, ептілікке баулу.

Ойын барысы:

Ойынға қатысушылар арасынан кімдер қасқыр мен қожайын рөлін ойнайтынын белгілеп, қалғандары аққу – қаздар болады. Алаңның бір жағында отағасы мен қаздар тұратын үй сызылып салынады, екінші жағында – қыр астында жасырынған қасқыр. Құс бағушы қаздарды көкке тойынып, бой жазып қайтуы үшін далаға шығарып жібереді. Қаздар үйден едәуір жер алыстап кетеді. Шамалы уақыт өткен соң құс өсіруші қаздарын шақырады. Сөйтіп отағасы мен қаздардың бір – біріне тіл қатысуы басталады:

- Қаздар, қаздар!
- Га – га – га.
- Қарындарың ашты ма?
- Иә, иә, иә.
- Аққу – қаздар қайтыңдар!
- Қыр астында қасқыр бар!
- Не істеп жатыр ол онда?
- Шіл жеп жатыр, ол онда.
- Ал үйге қарай қашыңдар!

Қаздар үйге қарай қашады, қасқыр оларды ұстап алуға ұмтылады. Ұсталғандар ойыннан шығады. Барлық қаздар ұсталған кезде ойын аяқталады. Соңында қалған ең епті және жүйрік қаз қасқыр болады.

Ойын тәртібі:

Қаздар тек алаңнан шықпай «ұшуға» тиіс. Қасқыр оларды «Алүйге қарай қашыңдар!» сөзінен кейін ғана ұстауға ұмтылады.

Тауықтар мен балапандар»

Мақсаты: Балалардың қимыл қозғалыстарын арттыру. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Ана мен бала арасындағы сүйіспеншілікке, адалдыққа, мейірімге, сыйластыққа тәрбиелеу. Ойынның шарты : Балалардың жартысы тауықтар , ал қалғандары балапандар болады. Балапандары аулада серуендеп, ойнап жүреді де, аналарынан тығылып қалады. Аналары балапандарын іздейді.

Ересек «Сұңқар» тобы

Қоймадағы тышқандар

Балалар тышқандарды бейнелейді. Олар алаңның бір жағындағы орындықтармен скамейкаларда отырады немесе түрегеліп тұрады. (тышқандар індерінде) Қарама-қарсы жақта биіктігі 40-50см шамасында жіп керілген, одан әріректе қойма бар. Ойнаушылардың бір жағында мысықтың рөлін ойнаушы тәрбиеші отырады. Мысық ұйықтайды, ал тышқандар қоймаға қарай жүгіреді. Қоймаға кіріп бара жатып, олар жіптің астынан еңкейіп өтеді. Тышқандар қоймаға кіреді де, жүрелеп отырып қатқан нанды кеміре бастайды. Тышқандар қоймадан жүгіріп шығып, індерін тығылады. (Мысық тышқандарды ұстамайды. Ол тек ұстағысы келгенсиді) Сонан соң мысық өз орнына келіп, ұйқыға кіріседі, ойын жалғаса береді. Ойын 5-6 рет қайталанады.

Нұсқау.

Жіптің астынан өткенде оған тиіп кетпеу үшін төменірек еңкеюге тырысады.

Қояндар

Алаңның бір жағына бормен кішкене шеңбер сызылады (5-6) бұлар қояндардың үйшіктері. Олардың алдына орындықтар қойылады. Қарама-қарсы жағында күзетшінің үйі бар. (тәрбиеші отырған орындық) Үй мен қоян күркелерінің арасында қояндар серуендейтін кішкене шалғын бар. Тәрбиеші ойынға қатысушылардың бәрін 3-4 баладан шағын топтарға бөледі. Әрбір топ еденде сызылған шеңберлердің біріне барып отырады. Балалар тәрбиешінің нұсқауы бойынша жүрелерінен отырады. (қояндар күркелерінде отыр.) Тәрбиеші күркелеріне кезекпе-кезек барып, қояндарды шалғынға шақырады. Қояндар бірінен кейін бірі орындықтың астынан еңбектеп шыға бастайды. Шалғында жүгіріп, секіріп ойнау бастайды. Біраздан соң тәрбиеші «күркеге қарай жүгіріндер» дейді. Қояндар үйге қарай асыға жүгіреді. Орындықтың астынан еңбектеп өз торларына кіреді. Күзетші оларды қайтадан серуенге шығарғанға дейін қояндар торда отыра береді. Ойын 4-5 рет қайталанады.

Нұсқау

Еңбек ету үшін орындықтың орнына планканың түреуіне қойылған доғаны немесе керулі жіпті пайдалануға болады.

Кішкене маймылдар

Тәрбиеші балаларға бір-бірден немесе екі-екіден гимнастикалық қабырғаға жақындауды, бетін қабырғаға қаратып тұрып 3-4 тақтайшаға өрмелеп шығуды ұсынады. Бұлар-кішкене маймылдар. Қалған балалар кішкене маймылдардың жемісті ағаштың басынан қалай теріп жүргендерін отырып немесе түрегеліп тұрып қарайды. Бұдан соң ағаштардың басынан басқа маймылдар өрмелейді.

Нұсқау

Балалардың кішкене сатымен өрмелеп шығуға және одан түсуге әбден жаттыққан соң, оларға қабырғаның бір ашық аралығынан келесі аралығына – ағаштан ағашқа тырымысып шығуды ұсына отырып, тапсырманы күрделене түсуі керек.

Ертегілер

Жыл мезгілдері(ертегі)

Ерте, ерте ертеде, ешкі жүні бөртеде Ақ жайықтың жағасында еліне елеулі, халқына қалаулы, бір домалақ ана өмір сүріпті. Сол анадан тараған төрт қыз бар екен. Олардың ауыз десе аузы, күндей жарқыраған көзі бар. Дүниенің сұлулығын өздеріне дарытқан сұлу қыздары болыпты.

Анасы жақсы тәрбие беріпті, Үлкен қызының аты «Көктем». Ол ақ жарқын, мінезі нәзік. Екінші қыз «Жаз» жарқырап, жайдарлы, әр уақытта күлімдеп, нұрын шашып жүреді. Үшінші қызы «Күз» басқа

Ересек «Сұңқар» тобы

қыздарға қарағанда жылауық, жаңбырлы болады, бірақ қолы ашық мырза екен. Ал кіші қызы «Қыс» басқа қыздарына қарағанда салқын, қаталдау.

Қыздары бой жетіп, саналы да салмақты қыз болып өсіпті. Осы қыздарын домалақ ана өздерінің құтты орындарына қондырыпты.

Үлкен қызы арыстай үш ұл туып, үшеуі де ел қорғаған батыр болыпты.

Екінші қызы үш қыз туып үшеуі де адамзатқа жан жылуын сыйлай білетін мейірімді қыздар атаныпты.

Үшінші қызы жаздай жайдарлы үш қызды дүниеге әкеліпті.

Төртінші қызы берекесі мен ырысы мол, қолдары ашық, келген қонақты қадір тұтатын, қонақжай үш қыз өсіріпті.

Осы төрт қыздан өрбіген ұрпақтары елге, халыққа пайдасын тигізіп, ел аузында аттары аңызға айналыпты. Олар жылдың төрт мезгілі мен онекі айы екен.

Бақша ағаштары

Жаздың әдемі бір күнінде, таңертең бір төре өзінің баласымен бақшаға барып, екеуі де егілген ағаштары мен гүл жапырақтарын көріп жүрді.

- Мынау ағаш неліктен тіп-тік, ана біреуі неге қисық біткен? - деп сұрады баласы.

- Оның себебі, балам, анау ағашты бағу-қағумен өсірген, қисық бұтақтары болса өсіп. Мынау ағаш бағусыз, өз шығу қалыбымен өскен,- деді атасы.

- Олай болса, бағу-қағуда көп мағына бар екен ғой, - деді баласы.

- Бағу-қағуда көп мағына барында шек жоқ, шырағым; мұнан сен де өзіңе әбірет алсаң болады; сен жас ағашсың саған да күтім керек; мен сеніңкәте істерінді түзеп, пайдалы іске үйретсем, сен менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы түзік кісі болып өсерсің, бағусыз бетіңмен кетсең, сен де мынау қисық біткен ағаштай қисық өсерсің,- деді.

Ыбырай Алтынсарин

Сәуір айы 2023 жыл 1 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 03.04.2023	Сейсенбі 04.04.2023	Сәрсенбі 05.04.2023	Бейсенбі 06.04.2023	Жұма 07.04.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды қарсы алып, ыстық мейірімге баулу. Амандасу дағдыларын жетілдіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оның денсаулығы туралы сұрау. Далада қандай ауа райы болып тұрғанын сұрау. Ғажайып қорапшадан ұнаған жаңа ойыншығын алып, топқа өтуін ұйымдастыру. (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланың танымдық, зияткерлік дағдыларының даму деңгейлері туралы ақпарат беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу, оларды шеңберге отырғызып, бір біріне жақсы тілек айтқызу. Мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (пазлдар, домино, суретті карточкалар, дидактикалық ойындар). Өнер орталығында сурет салғызу, суретті карточкаларды бояту, дербес шығармашылық іс әрекеттерді ұйымдастыру. Табиғи құрастыру материалдарымен құрастыру, кітаптарды қарату, еңбек әрекеті бойынша әңгімелесу Шамасы келетін жұмысты орындату кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасату, оларды суару. (қоршаған ортамен танысу) Балалармен жеке жұмыс.				
Таңертенгі жаттығу	Сәуір айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар)				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Қол орамалды пайдалана білуді бекіту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Тамақтану әдебін сақтау. Өз-өзіне қызмет жасау дағдыларын жетілдіру. Кезекшілікті ұйымдастыру. Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету: нан салғыштарды, кружкаларды, тәрелкелер мен майлықтарды, ас құралдарын (қасықтар, шанышқылар) ретімен қоюды пысықтау.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбері «Сәлем берем үлкенге» Алдымыздан кезіккен, Көп танысты көреміз, Бәріне де ізетпен, Сәлеметсіз бе, ағай? – деп,				

	Сәлеметсіз бе, апай? – деп, Есенсіз бе, апай? – деп, Амансыз ба, атай? –деп, Ұл-қыз сәлем береміз, Өнегелі өренбіз. Балалардың сезінген әсерлерімен , жаңалықтармен бөлісуіне жағдай жасау. Көктемгі көңіл күйлері қалай екені сұрау? «Аспан әлемі туралы не біледі? Балалардың ойын тыңдау. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша	Музыка маманының жоспары бойынша	Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша	Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша	Музыка маманының жоспары бойынша
	Балалардан қазір жылдың қай мезгілі? Қай ай, апта? Күндіз ба, әлде түн ба? Түнде не болады? Аспанда біз не көреміз? Аспан әлемін көргілерің келе ме?де сұрап.Балаларды ғылым орталығына	Кеше немен танысқандарын естеріне түсіру. Аспанға немен баруға болады? Аспанда болды ма сұрау? Ұшақ және ғарыш кемесін көрсету. Не білетіндерін сұрау. Ұшақты табиғи	Балаларды аспан әлемінің макетінің қасына жинау. Балалар қарандаршы. Осы жұлдыздардың қасындағы үлкен мына зат не? ай қандай? Айды көрдіңдер ме? Терезеден қарайықшы, ай бар ма? Ай үлкен	Балаларды ұлттық бұрышқа алып бару. Заттардың арасынан ай жұлдыздың бейнелерін көрсету. Ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздерін қолданумен	Балаларды жарты шеңбер етіп отырғызу. Суреттердің бір бөлігін көрсетіп, оның не зат екенін таптырту. Ол затты тапқан бала ол туралы ән тақпақ немесе ойдан ертегі құрап немесе ол қалай пайда болды айтып беруі керек

	шақырып, аспан әлемінің макетін көрсету. Алдымен танитындарын атату. Жұлдыздарды көрсету. Оларды таныстыру. Шолпан жұлдыз Құйрықты жұлдыз туралы айтып беру. (қоршаған ортамен танысу) Жұлдыздар сендерге ұнады ма? Қане жұлдыздың суретін салып, қағаздан жасап көреміз бе? сұрау. Ендеше орталықтарға бөлінейік деп ұсыну. Бір орталықта балалар суретін (қара қағазға ақ немесе сары қаламмен) жұлдыз салады, екінші орталықта қағаздан бүктеп жұлдыз жасайды. (құрастыру, сурет салу)	қалдық материалдардан жасауға болатынын және ғарыш кемесін геометриялық пішіндерден құрстыруға болатынын айтып түсіндіру. Балаларды таңдауы бойынша орталықтарға бөлу. Бірінші орталықта баклашкадан немесе картон қазақдардан ұшақ құрастыртқызу. (құрастыру) Геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып, атай білуге үйретіп, топтағы құрастыру материалдарынан ғарыш кемесін ұжымдасып құратқызу. Жеке балаларға да қағаз бетінде геометриялық фигуралардан ғарыш кемесін құрастырғызу (математика негіздері және	бе? Жұлдыз үлкен бе? Олардың салмағы қандай болады деп ойлайсыңдар? Қорапшаны көрсетіп ай мен әр түрлі жұлдыздарды планеталарды салыстыру. Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыруын жетілдіру (математика негіздері) Алдыңғы жасаған жұмыстарын көрсетіп, жұлдыздардың қасына не жетпейтін сұрап, айдың суретін салғызу және жапсырту. (жапсыру және сурет салу)	байыту. (сөйлеуді дамыту) Ай мен жұлдызды қазақтың ұлттық әшекей заттарына салу арқылы сәндеуді менгерту (сурет салу)	(көркем әдебиет) Сергіту сәті Балаларды екі орталыққа бөлу. Бір орталықта өдері таңдаған заттың суретін салса (сурет салу) Екінші орталықта геометриялық денелерді(куб, шар, цилиндр) танып, атап тапқан затпен сәкестендіргізу. «Кім тапқыр» ойынын ойнату. Ойын бойынша топтағы заттардан осы денелерге ұқсасын тапқызып жинату. (математика негіздері)
--	---	---	--	---	---

		сөйлеуді дамыту) Ұшқыш әніне музыка қосып сергіту сәтін жасату. (музыка) Балалар жұмыстарын орындап болған соң, қалаулары бойынша бояулармен сурет салуды ұсыну. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту дағдыларын дамыту. (Сурет салу)			
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану дағдыларын пысықтау. Құлап қалған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге, науқастанған кезде ересектерге жүгінуге баулу. (Салауатты өмір салтын қалыптастыру) Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. Шкафтарынан киімдерін ретімен алып, дұрыс киіну және достарына киінуіне көмектесу дағдыларын қалыптастыру. Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге үйрету. Серуенге бара жатқанда айналасына қарап, өзгесітерді байқау және атауды дамыту. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Балабақша ауласына шығып аспанға қарату. аспанда біз не көрдік? Неге жұлдыз бен ай жоқ? Жұмбақ жасыру Күндіз білінбейді, Түнде күлімдейді. (Жұлдыз) Ай мен жұлдыз	Балалар айналаға қараңдаршы, біз көктемнің келгенін қалай байқауымызға болады деп көктемнің қандай белгілерін көріп тұрғандарын айтқызу. Аспанда ұшақты немесе ғарыш кемесін көре	Аспандағы айды қарау. Күнге қарату, бақылату. Күннің сәулесі түсіп тұрған ағаштарға өсімдіктерге назар аударту. Ой тұжырымын айтқызу. Өздерінің отырғызған өсімдіктеріне күтім жасату.	Серуенге алып шыққан ойыншықтармен жеке және топтық ойын «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарын қою арқылы санату салыстыру дағдыларын дамыту	Ағаштардың жапырақтарын бұтақтарын лупамен қарату, метрмен, сызғышпен өсімдіктерді өлшету. (қоршаған ортамен танысу)

	ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет) Ертегі желісі бойынша адамгершілік қасиеттер туралы түсінік беру. Ренжіген балаға жанашырлық танытуға және ренжіткен баланың әрекеттерінің әділдігіне көз жеткізіп себебін анықтауға баулу (қоршаған ортамен танысу) Қимылды ойындар. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.	аламыз ба? Олар қайда?деп сұрап өзіндік ойлану жағдайын жасау (қоршаған ортамен танысу) Ұшқыштар мен ғарышкерлердің суреттерін көрсету. Олар туралы әңгімелесу (көркем әдебиет) Спорттық жаттығулар: Екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу дағдыларын меңгерту	(қоршаған ортамен танысу) «Жылдам жаса» ойынын ойнау. Үш бала жүргізуші, қалғандары орындаушы. Етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету(отыр, жүр, жүгір). Балалардың бірі отыр, жүр, жүгір дегенді ретімен ауысытып айтады. Балалар орындайды. Дұрыс жасамаған бала айыбыны ән немесе тақпақ айтып береп өтейді.. (сөйлеуді дамыту) Қимылды ойын: «Кім жылдам»	(математика негіздері) Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан ұшақ, ай немесе жұлдызды құрастыруды үйрету. (құрастыру) Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыка сүйемелдеуі арқылы орындату (музыка)	Қимылды ойын «Кешікпе» Сурет бойынша «Ай мен жұлдыз» ертегісін балаларға айтқызу. (сөйлеуді дамыту)
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды жетілдіру. Өз –өзіне қызмет ету дағдыларын топта қиетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Ертеңгіліктерде айтатын әндерін тақпақтарын қайталап айтқызу және т.б. жаттату. (көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				

Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Ұйқыға жатқызу. Балаларға ай мен жұлдыз туралы ертегілер оқып беру және жайлы музыка қою (көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүруді. Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. Өз өзіне қызмет ету дағдыларын пысықтау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Балаларды кітап орталығына жинап, жұлдыздардың суреттерін қарату. Олардың не білгендері туралы сұрау. (сөйлеуді дамыту, мүсіндеу) Балаларға ғажайып қоржынмен ойынды және жұлдызды аспанды жасауды ұсыну. Балалар қалаулары бойынша орталықтарға бөлінеді. Бір орталықта ғажайып қоржынан әр түрлі пішіндерді қолымен сипап сезу арқылы ішінен	Балаларды екі орталыққа қалауы бойынша бөлу. Қағаздан ұшақ жасату және ермексазdan ғарыш кемесін жасауды ұсыну (мүсіндеу және жапсыру)	Балаларды кітап орталығына жинап тіл ұстарту жаттығуын айтқызу ай-ай-ай Көңілің болсын жай! Ай-ай-ай, Ұшып кетті торғай (көркем әдебиет) Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлу. Ермексазdan айдың бірнеше пішінін жасату. (мүсіндеу) Екінші орталықта «оригами» үлгісі бойынша ай мен жұлдыз пішінін құрастыруға	Балаларды кітап орталығына шақырып отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға, отбасын, отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу (қоршаған ортамен танысу) Балаларды орталықтарға бөлу. Қалаулары бойынша	Балаларды орталықтарға бөлу. Балалардың дербес шығармашылық әрекеттерін ұйымдастыру. Апта бойы жасалған жұмыстардың ішінен ұнағанын қайта жасауға мүмкіндік беру. (мүсіндеу) (жапсыру) (құрастыру) Ұнатып айтатын әндерін билерін пысықтау. (музыка)

	жұлдыздарды табу. Олардың бұрыштарын санау. геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеуін ұйымдастыру (математика негіздері) Екінші орталықта балаларға дайын жұлдыздарды үйлестіріп паракшаға жапсыруды жасату.. (жапсыру)		ынталандыру. (кұрастыру)	дербес шығармашылық әрекеттер ұйымдастыру. (мүсіндеу) (жапсыру)	
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылық туғызу. Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау және ойыншықтар алып шығу. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Қимылды ойын «Трамвай»	Қимылды ойын: «Мысық пен	Қимылды ойын «Трамвай»	Балалардың сұранысы бойынша	Қимылды ойын «Хан талапай»

	Ермексазбен дербес шығармашылық әрекет ұйымдастыру. Арнайы пішіндерге салып, жұлдыз жасату. (мүсіндеу)	тышқан»	Ұнатып айтатын әндерін билерін пысықтау. (музыка)	ертегі оқып беру (көркем әдебиет) Еркін ойындар	
Балалардың үйге қайтуы	Аспан әлемі туралы балалармен әңгімелесуді ұсыну. Балаларға қызықты ойындарды үйде ойнауға ұсыну. Апта бойы жасалған жұмыстармен таныстыру.				

Тексерген әдіскер: 
Тәрбиеші: 

Сәуір айы 2023 жыл 2 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 10.04.2023	Сейсенбі 11.04.2023	Сәрсенбі 12.04.2023	Бейсенбі 13.04.2023	Жұма 14.04.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды жайдары көңіл күймен қарсы алу. Баланың балабақшаға деген қызығушылығын арттыру. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сурет арқылы көрсетіп, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту) .				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың мінезі туралы анықтамалық ақпарат беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Пазлдармен үстел -үсті ойыны. Дидактикалық ойын: «Сиқырлы қалта», «Суретші қай жерде қателесті?», «Не жоқ?» . Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу. Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарату, (сөйлеуді дамыту) Табиғаттағы ауа райының жағдайын бақылауға және бақылаудың нәтижелерін табиғат күн тізбесінде белгілеуге үйрету. Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасату, оларды суару. Балармен жеке жұмыс. (қоршаған ортамен танысу)				
Таңертенгі жаттығу	Сәуір айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) .				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтқызу, ас қайырту. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Балалар бір біріне бүгін қандай әдемі болып тұрғанын сипаттап айтады. Қазақстанның ғарышкерлері туралы не білетінін сұрау? Олар туралы не білгісі келетінін анықтау. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша	Дене шынықтыру	Музыка

			Қазақ тілі Сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға баулу		
	Баяғы заманда адамдар жер бетін төрт бұрышты деп ойлаған. Көп адамдар жердің шетін тауып сол жерге барып жердің шетінде не бар екенін көргісі келген. Атпен немесе жаяу жолға шығып көп жер жүріп, суға тірелген. Кейбіреулер кемеге мініп ары қарай жүрген. Соңында қайта айналып өзінің шыққан жеріне келіп, адамдар жердің шар тәрізді екенін білген. Содан соң олар ғарыш әлемін зерттей бастаған деп ғарыш әлемінің макетін	Балаларды кітап орталығына шақырып, ғарышкерлердің суреттері бар кітапты қарап шығуын ұйымдастыру. Ғарышкерлердің есімдерін атау. Тоқтар Әубәкіровтың үлкендеу суретін көрсетіп, ғарышкер туралы айтып таныстыру. Ол қай қалада туылған? Қашан ғарышқа ұшты? Ол қазір қайда? Екені жайлы қызық әңгіме естітіндерін айту. Сосын балаларды орталықтарға бөлу (көркем әдебиет) Бірінші орталықта Тоқтар	Баяғы заманда адамдар кұстар сияқты ұшуды, жұлдыздардың не екенін және неге соншалықты жарқырағанын білуді армандаған екен. Ертегі кейіпкерлері аспанға немен барғаны естерінде болар: әуе шарында, сыпырғышта, ұшақ кілемінде. Ғасырлар өтті адамдар жердің әуе кеңістігін жаулап алды. Алдымен олар дирижабль ойлап тапты. Оның не екенін кім біледі? Тәрбиеші: Дирижабль ді таныстырады. Содан кейін адамдар аэроплан жасады, бірақ олардың орнына	Балалар қалай ойлайсындар, қыздар ғарышкер бола ала ма? Әлемдегі алғашқы әйел ғарышкер-Валентина Владимировна Терешкова. Балалар ғарыш әлемінде адамдар тамақ ішеді ма? Қалай тамақтанады? Қандай тамақтарды ғарышқа алып баруға болады?суреттер қарап әңгіме құрастыру (көркем әдебиет) Әр түрлі азық түлік заттардан жиын жасату, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды	Ләпбуктан ғарыш туралы көрсету. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: бейтаныс заттар, құбылыстар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атауды (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары- төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойыншатең) дамыту. Карточкалармен жұмыс. (математика негіздері) (сөйлеуді дамыту)

	көрсетіп не білетіндерін сұрау, әңгімелету. Осы ғарышқа немен барамыз? Ғарыш кемесін кім басқарады? Ғарышкерлер қандай болады? Әңгімелету. (көркем әдебиет) Байқоңыр туралы фильм көрсету, оның көрікті жерлері, қала өмірінің ерекшеліктері туралы айту. Ғарышкерлер қаласы екенін түсіндіру. (қоршаған ортамен танысу) Балаларға ғарыш кемесін құрастыру құралдарынан құрастыруды және Байқоңыр қаласының суретін салуды ұсыну. Балаларды орталықтарға бөліп жұмыс жасату.	Оңғарбайұлының туған ауылының қайда екенін анықтап, біздің қаладан қалай баруға болады, анықтап, жол салымыз. Ал екінші орталықта қашан және қалай ғарышқа ұшқанын анықтайтын боламыз. Қазақстанның картасынан Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданын көрсету. Қарқаралы ауданының бірнеше суреттерін көрсетіп немен баруға болады ойланып, картаға жолдар салу, поезд жол және поезд салу, жол және көлік, ұшақпен қарағандыға дейін ары қарай көлікті салу ұжымдық жұмысты жасату. (сурет салу) Ал екінші орталықта байқоңыр қаласының бейнесін көреді. Ол жерде 1991 жылы 2 қазанда Байқоңырдан «Союз ТМ-13»	жылдам ұшақтар мен тікұшақтар келді. Ақырында, адам инженерлері ең жылдам әуе көлігін жасады. Ол қандай көлік. Мынау не? (зымыран)деп оны таныстырады (сөйлеуді дамыту) Алғашқы Қазақстандық ғарышкер кім еді? Ал әлем бойынша ғарышқа алғаш ұшқан кім екенін білесіндер ме? Ғарышқа бірінші болып ұшқан орыс ғарышкер иттері Белка мен Стрелка болды. Ғарышқа ұшқан және Жерге аман-есен оралған алғашқы жануарлар. Олардың ұшуы 25 сағаттан астам уақытқа созылды, осы уақыт ішінде Кеме жерді 17 рет айналып өтті. Реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға	санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуін дамыту. (математика негіздері) Балаларға ғарышта сонымен қатар жатпланеталықтарда болатынын айту. «Томпақ» фильмінің бір бөлімін көрсету.	
--	---	--	---	--	--

	(құрастыру және сурет салу)	кемесімен ғарышқа ұшқаны жазылыпты. Балалар ғарыш кемесінің неше бөліктен тұратынын анықтап, табиғи қалдық заттардан ермексазdan құрастырады. (Мүсіндеу)	«нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. Карточалармен жұмыс (математика негіздері)		
Серуенге дайындық	Серуендеуде балалардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, еңбекке баулу, таза ауадағы ойындар арқылы белсенділіктерін күшейту. Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу. Балаларды ретімен (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуін бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарының киінуіне көмектесуге тәрбиелеу (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Ауа райын бақылап, күннің райын айта білуді қалыптастыру. Құстарға жем беру, өсімдіктерге гүлдерге күтім жасату. Өсімдіктерді сызғыштармен өлшеп, демалыс күндерде қаншаға өскенін анықтату. Бір бірімен салыстыру. (математика негіздері)	Балабақша ауласында серуенде жүрген кезде әр бір көрген заттарын сипаттап сөйлеуде сын есімдерді қолдану. Тоқтар Әубәкіров қазір қайда? Деген сұрақты қою. Ол кісінің Астана қаласында тұратынын айту. Оның халық хабарманы екенін және совет одағының батыры, ғалым екенін айтып суреттерін көрсету.	Спорттық жаттығулар: Екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылуды менгерту. Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Мұражайға бару. Қазақ халқының ұлттық	Балаларды ғарышкерлер және жатпланеталықтар етіп екі топқа бөліп эстафеталық ойындар ұйымдастыру. Сюжетті-рөлдік ойындар барысында жол қозғалысы ережелері туралы білімді бекіту. Ғарышта ереже бола ма? ой толғауна жағдай жасау.	Дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру Қимылды ойын Ауа райын бақылату. Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, кемпірқосақ) кеңейту. (қоршаған ортамен

	Қимылды ойын «Шымшықтар мен мысық» Дербес ойындар. Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау,	Батырлар қандай болады? Батыр болу үшін не істеу керек? сұрақтарына балалардан жауап сұрау (қоршаған ортамен танысу) Шынығу керек деп бірнеше жаттығу жасап қимылды ойындар ойнату. «Жалауға қарай жүгір» қимылды ойын ұйымдастыру	киімдерімен, әшекейлерімен таныстыру. (қоршаған ортамен танысу)	(қоршаған ортамен танысу) Қимылды ойын «Шымшықтар мен мысық» Алдын жаттаған әнін дауыстап және төмен дауыспен айтқызу (музыка)	танысу)
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Көктем туралы әнді қайталау және т.б. жаңа ән жаттау (көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу барысында көркем сөз қолдану. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдату. Топтағы кітап орталығынан балалар таңдаған ертегілер оқып беру (көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүруді. Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту (дене жаттығулар мен белсенділігі) Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің				

	көмегімен оларды тазалау, құрғату. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Ғарышкер мен оның командасын сахналауға үйрету. (сөйлеуді дамыту) Ғарыш кемесін ұлттық нақышта сәндеп көруді және ермексазdan ғарышкердің бас киімін жасап көруді ұсыну. Балаларды екі орталыққа қалаулары бойынша бөлу. Бір орталықта ермексазdan бас киім жасату (мүсіндеу) Екінші орталықта элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, ғарыш кемесін безендіру	Балаларға ғарышкер болуды ұсыну. Біз алыс планеталарға ұшу үшін ғарыш кемесіне барамыз. Ғарышкерлер ұшар алдында ұзақ уақыт бойы жерде жаттығады, әртүрлі сынақтардан өтеді. Олардың арасында ақылдылық сынақтары бар. Енді сондай сынақты балаларға ұйымдастыруі. Менде бірнеше суреттер (сөздер) бар. Бұл жиынтықтарда не артық деп ойлайсыңдар. Тез жауап беріп, жауапты дәлелдеу керек.» 1 нұсқа (көрнекілікке сүйене отырып). Балаларға төрт суреттің жиынтығын көрсету. Балалардың алдына жалпы схемаға сәйкес	«Мен ғарышкер боламын» Ж.Смақов Жаттауын жаттау. Аспан, аспан, арайлым, Саған жиі қараймын. Сені көзбен шоламын... Мен ғарышкер боламын. (көркем әдебиет) Балалар сендер білесіңдерде бүгін космонавттар күні. Неге бұл күні деп ойлайсыңдар? Себебі бұл күні ғарышқа алғаш адам ұшқан. 1962 жылы 12 сәуірде әлемде алғаш рет борттағы адаммен бірге "Шығыс" деп аталатын ресейлік ғарыш кемесі ұшты. Бұл Юрий Алексеевич Гагарин болатын. Оның ұшуы 1 сағат 48 минутқа созылды. Осы рейс үшін Юрий Алексеевич Гагаринге Кеңес Одағының Батыры атағы берілген Балаларды	Кітаптар қарату, өздері білетін ертегілерді сахналату. «Жеті лақ» ертегісіндегі ананың рөлі туралы әңгімелесу. Сахналық қойылымдарға қатысуға ынталандыру. (көркем әдебиет және сөйлеуді дамыту) Баларады орталықтарға бөлу. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Еркін тақырыпта жұмыс жасату (жапсыру) (сурет салу)	Апта бойы жасаған жұмыстарды қорытындылау. Өздеріне ұнаған жұмысты қайталап жасауға болатынын айтып, балаларды орталықтарға бөлу. сурет салу жапсыру немесе мүсіндеуді, Ұнататын әнін дауыстап және төмен дауыспен орындату (музыка)

	(жапсыру) Ортаға жиналып көңілді ән ортындап, би билету. (музыка)	келмейтін қосымша затты табу міндеті қойылады. 1. Күн, Юпитер, Венера, Африка 2. Зымыран, спутник, қайық, айкезуші машина 3. Комета, метеорит, жұлдыз, глобус 4. Ғарышкер, астроном, астролог, ғарышкер 5. Меркурий, Венера, Үлкен Аю, Марс (сөйлеуді дамыту) Тапсырманы орындап болған соң өз қалаулары бойынша ғарыш кемесін жасап, ұшу. Ғарышкер болып ойнау.	шығармашылық орталыққа алып барып, дербес шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыру. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)		
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Дидактикалық ойын «Ғажайып сандық» Сандықтан әр түрлі заттарды көрмей,	Қимылды ойын «Сақина жасыру.» Балабақша ауласына ұшып келген құстарды	Құмнан зымыран жасау. (құрастыру) Қимылды ойын	Еркін ойындар Қимылды ойын «Ханталапай»	Қимылды ойын «Сақина жасыру.» өзбетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік

	ұстап сезу арқылы табу. Еркін ойындар Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту	санау, салыстыру. (математика негіздері) Қимылды ойын «арқан тарту»	«Мысық пен тышқан»		беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. (құрастыру)
Балалардың үйге қайтуы	Апта бойы бала не үйренгені жайлы сұхбат, әңгімелесу.				

Тексерген әдіскер: 
Тәрбиеші: 

Сәуір айы 2023 жыл 3 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 17.04.2023	Сейсенбі 18.04.2023	Сәрсенбі 19.04.2023	Бейсенбі 20.04.2023	Жұма 21.04.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды көңілді көңіл-күй, әсем әуенмен қарсы алу.Баладан бақшаға келгенше не көргенін, қандай көңіл күймен келгенін, сыртта ауа райын қандай болып тұрғанын сұрау, оны жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша әңгімелесу, кеңес беру, логопед, психолог мамандардың кеңесіне жүгіну кестелерін еске салу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. (сөйлеуді дамыту) Дидактикалық ойын:«Көліктерді тап, сана», «Айырмашылығын тап», «Орнын тап» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптардан жануарлардың суреттерін қарау, Табиғат бұрышындағы өсімдіктер, оларға күтім жасау (топрағын қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту. (бөлме жануарларына күтім жасау) Балармен жеке жұмыс. Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну дағдысын қалыптастыру.				
Таңертенгі жаттығу	Сәуір айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін жетелдіру, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайырту. «Бата» жаттауға баулу (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын: Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Көктем мезгілінде неше ай бар? Қандай айлар атап беріндерші?				

	Көктемде не жауады? Балалардың жаңалықтарымен бөлісуін, жақсы тілектер тілеуін ұйымдастыру. «Жер ана туралы не білеміз?» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру. Қазақ тілі	Дене шынықтыру	Музыка
	Көктемнің екінші айы сәуір екенін. Сәуір болмай тәуір болмайды деген мақалдың мағынасын түсіндіру. Табиғаттағы өзгерістер. Қызғалдақ бәйшешек наркес гүлдері туралы ақпарат беру. (сөйлеуді дамыту) Балаларды үш гүлге сәйкес топтарға бөлу. Бір орталықта гүлдерге күтім жасау туралы ақпарат алып, топтағы гүлдерге күтім жасату. Ал екінші орталық гүлдер бағын	Ғажайып қорапшадан қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлері шығады. Балалар оларды атайды, содан соң санап салыстырады. Қандай қызмет атқаратынын, қандай дыбыс шығаратынын айтып беруді үйрету. Әшекей заттардан гүлдердің бейнесін табу. Сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде қолдана білуге үйрету (сөйлеуді дамыту, математика)	Балаларға бидай, тары, жүгері және гүл ұрықтарын көрсету. Танып атау, оларды қалай санауға болатын сұрау. Таразыны пайдалануды үйрету. (математика негіздері) «Қара жорға» әнін айтқызу, би қимылдарын қамшым ен жасату. (музыка)	Жер ананы қалай құрметтейміз? Ол үшін не істеуге болады? Серуенге шыққанда жасайтын іс әрекеттерімізді жоспарлап суретке салайық деп салғызу. Ал екінші топ күректер шелектерді дайындап, онымен қалай жұмыс жасайтынын ойлап, жасап үйреніп дайыналады. (сөйлеуді дамыту, сурет салу)	Қайырлы таң, балалар! Арайланып таң атты, Алтын шапақ таратты, Қайырлы таң, балалар! Жер бетінде тыныштық Болған әрбір күн ыстық! Қайырлы таң, балалар! Жарқырады қаламыз, Жайнай түсті даламыз, Қайырлы таң, балалар! Аман Отан – панамыз, Аман ата-анамыз, Қайырлы таң, балалар! Тақпағын жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық

Ересек топ «Сұңқар»

	кұрастырады. Үшінші топ гүлдерді қағаздан жасайды. (кұрастыру, жапсыру)	негіздері) Дайын әшекей бейнелеріне гүлдерді салу, бояу (сурет салу)			екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. (сөйлеуді дамыту)
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Серуенге қызығушылық туғызу. Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарына көмектесу дағдаларын жетілдіру. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Балақаша ауласында қандай гүлдер бар екенін анықтау. Бақылау, эксперимент және еңбек ету барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, өсімдік тұтастығының мәнін, олардың өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін анықтау. (қоршаған ортамен танысу) Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық	Жәндіктер туралы (қоңыз, көбелек, шыбын, құмырсқа) ұғымдарын кеңейту, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау. (қоршаған ортамен танысу) Қимылды ойын «Кішкентай маймылдар»	Ағаштың бұтақтарын жинап, үйшік құрастырту. (кұрастыру) Балабақша ауласындағы құстарды бақылату. Олардың тіршілігі туралы әңгімелету. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Қимылды ойын «Шымшықтар мен мысық»	Ауа райын бақылау, Балабақша ауласында еңбек әрекетін ұйымдастыру. Қанша ағашқа, қанша гүлге су құйғанын санау. (математика негіздері) Дидактикалық ойын «Дауысынан таны» жел жаңбыр, найзағайдың дауыстарын тану, атауды пысықтау. Қимылды ойын «Қояндар»	Балабақша ауласында өсіп тұрған гүлдерді санау, танып атау, оларға күтім жасату. Бормен олардың суреттерін салдырту. (қоршаған ортамен танысу, сурет салу, математика негіздері) Қимылды ойындар. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.

Ересек топ «Сұңқар»

	ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. (математика негіздері) Қимылды ойын «Автобус»				
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру.				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу дағдыларын жетілдіру. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану дағдыларын пысықтау. Өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айтуды үйрету. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету. Әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Қазақ халқының баяу күйлерін тыңдату (музыка)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүруді. Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Қалаулары бойынша шығармашылықпен айналысуға жағдай жасау Ермексаздан қызғалдақ жасату. Балалар ұнататын әндерін қайталап айтқызып, би билету (музыка)	Балаларды әдебиет орталығына алып бару. «Жалқау қыз» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет) Ертегілер желісі бойынша сюжеттік композиция құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісуін жетілдіру. (мүсіндеу) Құрылыс материалдарымен еркін ойындар (құрастыру)	Балаларды орталықтарға бөлу. Ер балаларға дәндерді жапсырып құмыраны сәндеу (мүсіндеу) Қыз балаларға кілемшені «қызғалдақ» оюларымен безендіруді үйрету. элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтауды қалыптастыру. (сурет салу) «Жалқау қыз» ертегісін сахналау. (көркем әдебиет)	Гүлдерді адамдар басып кетпес үшін, қоршау жасауды ұйымдастыру (құрастыру) Балалардың сұранысы бойынша кітаптан ертегі оқып беру. Әдебиет кейіпкерлердің әрекеттерін адамгершілік нормалары мен түсініктері тұрғысынан салыстырып бағалату (көркем әдебиет)	«Гүлдер саябағы» Құрылыс материалдарынан құрастыру ойындары. Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту. (құрастыру) Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету қызғалдақ гүлін мүсіндеуін ұйымдастыру. (мүсіндеу)
Балалармен жеке жұмыс					

Ересек топ «Сұңқар»

Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Қимылды ойын «Поезд» Құмда гүлдердің суретін салу. (сурет салу)	Еркін ойындар Қимылды ойын «Кішкентай маймылдар	Еркін ойындар Қимылды ойын «Шымшықтар мен мысық»	Еркін ойындар Қимылды ойын «Мекен мен балапандар»	Еркін ойындар Қағаздан гүлдердің пішінін жасау. (жапсыру) Қимылды ойын «Мысық пен тышқан»
Балалардың үйге қайтуы	Оқып берген ертегілерді сахналауды үйде қайталау. Жер анаға құрмет туралы әңгімелесуді оқып тыңдауды ұсыну.				

Тексерген әдіскер: 
Тәрбиеші: 

Сәуір айы 2023 жыл 4 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 24.04.2023	Сейсенбі 25.04.2023	Сәрсенбі 26.04.2023	Бейсенбі 27.04.2023	Жұма 28.04.2023
Балаларды қабылдау	Көңілді қарсы алып, көңіл-күйлерін, денсаулығын сұрау. Баладан өз отбасында қандай шаруамен айналысқаны жайлы айтып беруге тарту (сөйлеуді дамыту) .				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата –аналармен пікірлесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты сипап сезу арқылы анықтау, атын атау), «Ғажайып сандық». Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ермексазбен және түрлі түсті қағаздармен еркін өз бетінше жұмыстар. Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарату, суреттер бойынша әңгімелеу, ертегілер құрастыру. Балармен жеке жұмыс. Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасату, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру				
Таңертенгі жаттығу	Сәуір айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) . Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындату. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыруды пысықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Бір біріне жақсы тілектер айтқызу. Балалардың жаңалықтармен бөлісуін ұйымдастыру. «Бір шаңырақ астында» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру Кітаптан ертегілер,	Дене шынықтыру	Музыка

			көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің іс-әрекетіне өз ойын білдіруге баулу. Қазақ тілі		
Балалар біз демалыстан келгенше топтағы гүлдер шөлдеп. Ойыншықтар кірлеп қалған болар. Қане тобымызды ретке келтірейік. Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтауды, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру және жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасауға (өсімдіктерді қорғау, қыстап қалған құстарға жем беру) баулуды жетілдіру. (қоршаған ортамен танысу)	«Кім жылдам?» ойынын ойнату. Үстел үстіндегідей затпен бірдей немесе ұқсас заттарды жинату. Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), байыту. Оларды санату, салыстырғызу (сөйлеуді дамыту, математика негіздері)	Балаларға көрші ел Ресей туралы ақпарат беру. Олардың ұлты орыс екенін және олардың ұлттық киімдерін көрсету, киіп би билетіп ән айтқызу. (көркем әдебиет, музыка)	Ғажайып қоржындағы ойыншықтарды таныстыру. Дидактикалық ойын «Кім жылдам жұбын табады» ғажайып қоржындағы ойыншықтар шығару, балалар топтан соның жұбын тауып саластыру жағдайын жасату. (математика негіздері)	Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету.	
«Әтеш пен Бұлбұл» әңгімесін оқып беру.	Ұжымдық жұмыс. Алдын ала жасалған бәйтерекке жапырақтарын ермексаздан жасап	Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Орыс халқының ұлттық орамалына қарап, суретін салғызу. (сурет салу).	Топты сәндеуге арналған заттар жасату. Қағаздың бұрыштарын және қырларын біріктіру, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыруды үйрету (құрастыру)	Балалардың есімдеріне қарай теңеу айту ойыны. Асем ажарлы, Нұрали ақылды, Анель әдемі және т.б (сөйлеуді дамыту)	
				Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру,	

Ересек топ «Сұңқар»

	Әңгіменің негізі ойын балаларға түсіндіру. (көркем әдебиет)	жабыстыру. (мүсіндеу)			заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуін жетілдіру (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). Үстел үстінде бағыттар белгіленген карточкалармен ойын (математика негіздері)
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Балабақша ауласындағы ағаштарды санату. 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау. дағдысын дамыту (математика негіздері) Қимылды ойын «Хан талапай» Еркін ойындар	Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру. (қоршаған ортамен танысу) Жаңбырдың суын басып, құрғақ жерді басу арқылы іздер салғызу. Немесе бармен өз аяқтарын айналдыра сызу	Көктемгі ағаштарды бақылату. Олардағы өзгерістерді бақылау үшін әр балаға ағаштарды суретке түсіру. Алдыңғы айдағы суреттермен салыстыру. Белгілерін тани білуін қалыптастыру. (қоршаған ортамен танысу) Қимылды ойын «Жалауға қарай жүгір»	«Полиция» ойынын естеріне түсіріп жол ережелерін пысықтап ойын ойнату. (қоршаған ортамен танысу) Табиғи заттардан (қардан) әр түрлі құрылымдар құрастырту (құрастыру) Қимылды ойын «Өз түсінді тап»	Кітаптан балалардың сұранысы бойынша ертегі оқып беру. (көркем әдебиет) Табиғатты бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: көктемде көбелектер, қоңыздардың пайда болуы, құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықылықтауы, шиқылдауы, ұя салуы, балапан шығаруы жайлы әңгімелесу. (қоршаған ортамен

Ересек топ «Сұңқар»

		арқылы іздер салу. (сурет салу) Қимылды ойын «Поезд»			танысу) Қимылды ойын «Трамвай»
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттату (көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындату : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану. Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ереже айту. (сөйлеуді дамыту)				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдату. Өртүрлі, балалардың қалауы бойынша ертегілер оқып беру (көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүруді. Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				

Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітаптар қарату. Таныс ертегі қойылымын жасату. (сөйлеуді дамыту) Балаларды екі топқа бөліп ермексайдан әр балаға бір адам пішінін жасату Екінші топта қағаздан әр бала адам сұлбасын қиып алған соң ұжымдасып қиып алған адамдарын қол ұстатып қосып жапсыру. (мүсіндеу, жапсыру) Достық туралы жаттаған әнін айтқызу (музыка)	Халықтар достығы дегеніміз не? басқа ұлт өкілдерін қалай танымыз? Суреттер арқылы әңгімелесу. (көркем әдебиет) Балаларды орталықтарға бөліп Әр түрлі ұлттың халық әндерін тыңдатып, би билету. (музыка) Балалардың қалауы бойынша еркін тақырыпта жапсыру әрекетін жасату. (жапсыру)	Топтағы ойыншықтарды санату, салыстыру. Жиын жасату. (математика негіздері) «Үш аю» орыс халық ертегісін оқып беру. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру (мүсіндеу) Конструктордан үйшік құрастыру дағдыларын қалыптастыру (құрастыру)	Табиғи қалдық заттардан композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеруін қадағалау; (жапсыру) Таныс ертегінің кейіпкерлерінің бейнелерін сомдауға қажетті дауыс ырғағы және тілдің қарқынын қолдану дағдыларын қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Балалардың қалауы бойынша дербес әрекеттер. Құрастыру және шығармашылық бағытында кітаптар қарату, әңгімелесу. Топтағы ойыншықтарының суретін салу (Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру), мүсінін жасату, немесе қағаздан өздеріне ойыншық жасауына мүмкіндік беру. (сурет салу, құрастыру, мүсіндеу, жапсыру)
Балалармен жеке жұмыс					

Ересек топ «Сұңқар»

Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	Еркін ойындар Табиғи заттардан құрылымдар құрастыру. (Құрастыру) Қимылды ойын «Жоғары лақтыр»	Қимылды ойын «Шеңберге түсір»	Еркін ойындар Қимылды ойын «Жалауға қарай жүгір»	Еркін ойындар Қимылды ойын «Поезд»	Еркін ойындар Қимылды ойындар. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.
Балалардың үйге қайтуы	Бүгінгі күннің қызықты сәттері туралы сұрау. Апта бойғы қызықты сәттерді әңгімелеу.				

Тексерген әдіскер:

Тәрбиеші:

ТАҢЕРТЕҢГІ САУЫҚТЫРУ ЖАТТЫҒУЛАРЫНЫҢ КАРТОТЕКАСЫ

Сәуір айы

I-II аптасында

Шығыршықпен (обруч) жаттығу

- I Жүру, адымдап жүру, тізені жоғары көтеріп жүру, жүгіру, баған (колонна) болып қатарға тұру.
- II 1б.қ аяқ бірге, қол алдында 1-шығыршықты жоғары көтеру, 2б.қ оралу 4-5 рет қайталау.
2б.қ аяқтың арасы ашық, қол алдында 1-шығыршықты алға созу. 2 отыру. 3 тұру 4б.қ оралу 4-5 рет қайталау.
3б.қ аяқтың арасы ашық, қол алдында 1-шығыршықты алға созу. 2 оңға қарай созу. 3 солға қарай созу. 4б.қ оралу. 4-5 рет қайталау.
4б.қ аяқты созып отыру, қол алда. 1-оңға қарай бұрылу, 2б.қ оралу. 3 солға қарай бұрылу. 4б.қ оралу 4-5 рет қайталау.
5 Шығыршықты жоғары көтеріп секіру 7-8 секунд
- III Еркін тыныс алу жаттығулары

Сәуір айы

III-IV аптасында

- I Жүру, адымдап жүру, кедергілер арасымен жүру, жүгіру, жәй жүру, бағана бойынша қатарға тұру
- II 1б.қ аяқтың арасы ашық, таяқша төменде
1 таяқшаны жоғары көтеру, 2б.қ оралу 4-5 рет қайталау.
2б.қ аяқтың арасы ашық, таяқша кеудеде 1-таяқшаны алға созу, 2 отыру 3 тұру 4б.қ оралу 4-5 рет
3б.қ аяқтың арасы ашық, таяқ жоғарыда 1-еңкейіп таяқшаны жерге қою, 2-қолды жоғары көтеру,
3 еңкейіп таяқшаны жоғары көтеру 4б.қ оралу. 4-5 рет қайталау.
4б.қ аяқтың арасы ашық, таяқ жоғарыда. 1-оңға қарай тербелу, 2б.қ оралу. 3-солға қарай тербелу. 4б.қ оралу 4-5 рет 5 қос аяқпен секіру. 7-8 секунд
- III Еркін тыныс алу жаттығулары

ҚИМЫЛДЫ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫ

Күн шуақ және жаңбыр

Балалар залдың қабырғасынан бір шама алысырақ қойылған орындықтардың арт жағына жүрелерінен отырады да, терезеден қарайды (орындықтың артындағы саңылаудан) Тәрбиеші «Күн шуақ! Ойнап келіндер!»-дейді. Балалар алаңда жүгіреді. «Жаңбыр, тезірек үйге қайтыңдар!» -деген белгісі бойынша барлығы өз орындарына қарай жүгіреді және орындықтардың арт жағына келіп отырады.

Ойыншықты алып кел.

Ойыншықтарды (сылдырмақ, кішкене кубиктер) бөлімінің, алаңның қарама қарсы жағына орналастырады. Тәрбиеші балаларды өзіне шақырып алады да, ойыншықтарды алып келуін өтінеді. Оның нұсқауы бойынша балалар ойыншықтарға қарай жүреді немесе жүгіреді. Ойыншықтарды тәрбиешіге алып келеді. Ол балаларды мадақтайды, ойыншықтарын қайтадан апарып қоюын өтінеді.

Нұсқау

Ересек топ «Сұңқар»

Ойынды тапсырмалар қосып, күрделенуге болады. Ойыншықтарға тар жолмен немесе онша биік емес заттардың үстімен алып өту.

Кешікпе

Кубиктер мен сылдырмақтарды еденге шеңбер бойымен орналасады. Балалар кубиктердің жанына тұрады. Тәрбиешінің белгісі бойынша олар бірін-бірі қағып, соқпай және кубиктерге тиіп кетпей бөлмені айнала жүгіреді. «Кешікпе!» белгісі бойынша балалар өз кубиктеріне қарай жүреді және кубикерге тиіп кетпей бөлмені айнала жүгіреді. «Кешікпе!» белгісі бойынша балалар өз кубиктеріне қарай жүгіреді.

Тышқандар мен мысықтар

Балалар- тышқандар өз індерінде отырады. (бөлменің қабырғасын жағалай немесе алаңның жан-жағына қойылған орындықтарға) Алаңның бір бұрышында мысық отыр. Мысықтың рөлін тәрбиеші атқарады. Мысық ұйықтап кеткенде тышқандар бөлмеде жүгіреді. Бірақ, мысық оянады, керіліп созылады, мияулайды және тышқандарды ұстай бастайды. Тышқандар тез қашып кетеді және індеріне тығылып (орындықтағы өз орындарына отырады) қалады. Барлық тышқандар індеріне қайтып келген соң мысық қайта ұйқыға кіріседі. Ойын 5-6 рет қайталанады.

Нұсқау

Мысық көзін жұмып, ұйықтаған соң ғана, тышқандардың інінен жүгіріп шығуларына болады. Ал індеріне мысық оянып, мияулай бастағанда ғана оралады. Тәрбиеші барлық тышқандардың індерінен жүгіріп шығуын бақылайды. Ойынға ойыншық мысықты да қолдануға болады. Балалар өрмелеп шыға алатын кубиктерді де індері ретінде пайдалануға болады.

Жалауға қарап жүгіру.

Тәрбиеші балаларға екі түсті кішкене жалаушаларды таратып береді. Қызыл және көк түсті. Тәрбиеші бір қолына қызыл, екінші қолына көк жалаушаны алып, екі қолын екі жаққа жаяды. Түсіне қарай балалар екі топқа бөлініп тұра қалады. Бұдан кейін тәрбиеші балаларға алаңның ішінде қыдыруды, жүгіруді ұсынады. Балалар қыдырып жүргенде, Тәрбиеші бөлменің екінші жағына өтеді де: «Бір, екі, үш маған қарай жылдам ұш!» -дейді. Бұл кезде қолындағы жалалаушаларды екі жаққа сермейді. Балалар оған қарай жүгіреді және өз қолдарындағы жалаушалардың түстеріне қарай жалаушаның жанына жиналады. Балалардың бәрі жиналып болған соң, тәрбиеші жалаушаларды жоғары көтеріп, бұлғауды ұсынады.

Ойын 3-4 рет қайталанады.

Нұсқау.

Тәрбиешінің белгісі бойынша бұрын алаңның жан-жағына жүгіріп кетпеуі керек. Ол жалаушаларды бір қолынан екінші қолына ауыстырып отырады, өйткені балалар өз жалаушаларының түсіне қарай оның бірде сол жағына қарай жиналуы керек. Ойынға қосымша белгілермен тапсырмалар енгізуге болады. Мысалы: «Токта!» белгісі бойынша ойнаушылардың барлығы тоқтай қалуы, көздерін жұмуы немесе орындарына тұырып шыр көбелек айналуы немесе секіріп билеуі тиіс. Ал, бұл кезде тәрбиеші байқатпай басқа орынға кетіп қалады. Белгі бойынша тәрбиешінің жанына қайтадан жиналады. Жалаушалардың орнына балалардың қолына қол орамал немесе түстеріне сай кубиктер, ленталар беруге болады.

Өз түсіңді тап

Тәрбиеші балаларға 3-4 түсті кішкене жалаушаларды таратып береді.: қызыл, көк, сары, жасыл. Түсі бірдей жалаушасы бар балалар жалаушаның белгілі бір түсімен алдын ала белгіленген бөлменің әр бұрышына жиналады. Тәрбиешінің «ойнап келіңдер!» деген кезде балалар өз түстері бар жалаушаның қасына жиналады. Тәрбиеші қай топ бұрын жиналғанын белгілейді. Сонан соң ойын қайталанады.

(5-6 рет)

Нұсқау.

Бірнеше рет қайталанып, балалар ойынды жақсы игерген соң тәрбиеші серуен кезінде тоқталып, көздерін жұмғызып, сол уақытта бөлменің бұрышында

Ересек топ «Сұңқар»
тұрған жолаушыларды ауыстырып қояды.

Трамвай

Балалар бір-бірінің қолдарынан ұстап, екі-екіден калонаға тұрады. Бос қолдарымен олар ұшы байланған жіптен ұстайды. Яғни, кей бала жіпті оң қолмен, кей бала жіпті сол қолмен ұстайды. Бұл трамвай. Тәрбиеші екі қолына үш түрлі –сары, қызыл, жасыл жалау ұстап, бөлменің бір бұрышында тұрады. Ол жасыл түсті сигнал болғанда қозғалуға, қызыл, сары, түсте тоқтауға тиіс екендігін түсіндіреді. Тәрбиеші жасыл жалауды көтергенде- бұл трамвай келе жатыр деген белгі, балалар бөлмені, алаңды айнала жүгіреді. Тәрбиешіге, бағдаршамға дейін жүгіріп келіп, қай түс жанғанын бақылайды. Егер бұрынғыдай жасыл түс болса жүрісті жалғастыра береді. Ал егер сары мен қызыл жанса олар тоқтайды, жасылдың жануын күтеді.

Нұсқау

Ойын кезінде балаларды көшеде жүру ережесімен таныстыру. Егер ойынға балалар аз қатысса екі-екіден немесе бір калонаға тұрғызуға болады. Ойынның сюжетін дамыта түсуге болады; жолшыбай трамвайдың келуін күтіп отырған жолаушылардың аялдамасын ұйымдастырады, аялдамаға жақындағанда трамвай жүрісін баяулатады және тоқтайды. Жолаушылардың бір сыпырасы трамвайдан шығып, біраз жолаушы қайтадан мінеді. Трамвайға шығып-түсу үшін жіпті көтереді. Жіптің ұшына кішкене қоңырау байлаулы. Жүрер кезде бір бала (кондуктар) қоңырауды соғып, белгі береді.

Поезд

Балалар калонаға бір-бірден тұрады. (бір-бірімен қол ұстаспай) Біріншісі паравоз ал қалғандары вагондар. Тәрбиеші гудок береді де, поезд алға жылжи бастайды, ең әуелі баяу, кейін жылдам, жылдамырақ және ең соңында балалар жүгіруге айналады. «Поезд станцияға жақындап келеді» -дейді тәрбиеші. Балалар жүрісті бірте – берте баяулатады да, поезд тоқтайды. Балалар серуендеуге шығады. Олар жан-жаққа тарап, гүлдер, жеміс, саңырауқұлақтар тереді. Гудокты ести сала олар қайтадан калоннаға тұрады да, поездің қозғалысы жаңадан басталады. Ойын 4-5 рет қайталанады.

Нұсқау

Алғашында балалар калоннаға кез-келген ретпен тұрады, ал жылдың аяғында өз орындарын есте сақтауды - өз вагоныны табуды үйретеді. Ойынның сюжетін өзгертуге болады. Мысалы: поезд көлдің жанына тоқтайды, онда балалар қайықта серуендейді, балық аулайды. т.б. бейнелейді.

«Ұшты-ұшты»

Педагог балаларға ұшты-ұшты қарлығаш ұшты дегенде балалар қолдарын көтеріп ұшады, педагог ұшты-ұшты орындық ұшты десе отыра қалады.

«Хан талапай»

Ойынға 5-10 балаға дейін қатыса береді. Асық көп болу керек. Көп асықтың ішінен үлкенірек біреуін алып қызыл түске бояңдар. Осы асық «хан» болады. Алдымен санамақ арқылы ойын бастаушыны тағайындап алыңдар. Осы бала асықтың бәрін уысына жиып алып, отырған балалардың алдына шашып жібереді. Сендер «ханның» қалай түскенін байқап отырыңдар. Егер «хан» бүк, шік, тәйкі түссе, ойын бастаушы бала «ханның» түсуіне қарай жақын жатқан асықтарды бас бармақтың көмегі арқылы сұқ саусағымен итере-ыршытып біріне-бірін дәлдей отырып тигізеді. Тигізген асықтарды өзіне алады.

Орамал тастамақ

Балалар шеңбер жасап тұрады. Бастаушы(тәрбиеші) балаларды айнала жүріп бір баланың артына орамал тастап кетеді. Артына орамалды тастағанын сезген бала менің артымда деп жауап береді. Артына орамалдың тасталғанын сезбесе ол өлең, тақпақ айтып немесе билеп беруі керек. Балалар шеңбер бойында көздерін жұмып тұруы керек. Ойын осылай жалғаса береді.

Шымшықтар мен мысық

Ересек топ «Сұңқар»

Балалар алаңның бір жағына еденге қойылған скамейкалардың немесе үлкен кубиктердің үстіне шығып тұрады. Бұл үйдің төбесінде отырған шымшықтар. Шеткеріректе мысық отыр. (тәрбиеші немесе балалардың біреуі) Мысық ұйықтап жатыр. «Балапандар ұшты» -дейді тәрбиеші. Шымшықтар төбеден секіріп түседі, қанаттарын қомдап, жан-жаққа ұшып кетеді. Міне, енді мысық та оянды. Ол «Мияу-мияу» дейді және төбеде тығылып үлкен шымшықтарды ұстағысы келіп жүгіреді. Ұстаған шымшықты мысық өз үйіне қарай әкетеді. Ойын 5- рет қайталанады.

Нұсқау

Балалардың жерге жайылып түсуін, аяқтарының ұшымен секіруін және тізелерін бүгуін қадағалау керек.

Қимылды ойын: «Аққу – қаздар»

Ойынның мақсаты: Шапшаңдыққа, ептілікке баулу.

Ойын барысы:

Ойынға қатысушылар арасынан кімдер қасқыр мен қожайын рөлін ойнайтынын белгілеп, қалғандары аққу – қаздар болады. Алаңның бір жағында отағасы мен қаздар тұратын үй сызылып салынады, екінші жағында – қыр астында жасырынған қасқыр. Құс бағушы қаздарды көкке тойынып, бой жазып қайтуы үшін далаға шығарып жібереді. Қаздар үйден едәуір жер алыстап кетеді. Шамалы уақыт өткен соң құс өсіруші қаздарын шақырады. Сөйтіп отағасы мен қаздардың бір – біріне тіл қатысуы басталады:

- Қаздар, қаздар!
- Га – га – га.
- Қарындарың ашты ма?
- Иә, иә, иә.
- Аққу – қаздар қайтыңдар!
- Қыр астында қасқыр бар!
- Не істеп жатыр ол онда?
- Шіл жеп жатыр, ол онда.
- Ал үйге қарай қашыңдар!

Қаздар үйге қарай қашады, қасқыр оларды ұстап алуға ұмтылады. Ұсталғандар ойыннан шығады. Барлық қаздар ұсталған кезде ойын аяқталады. Соңында қалған ең епті және жүйрік қаз қасқыр болады.

Ойын тәртібі:

Қаздар тек алаңнан шықпай «ұшуға» тиіс. Қасқыр оларды «Алүйге қарай қашыңдар!» сөзінен кейін ғана ұстауға ұмтылады.

Тауықтар мен балапандар»

Мақсаты: Балалардың қимыл қозғалыстарын арттыру. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Ана мен бала арасындағы сүйіспеншілікке, адалдыққа, мейірімге, сыйластыққа тәрбиелеу. Ойынның шарты : Балалардың жартысы тауықтар , ал қалғандары балапандар болады. Балапандары аулада серуендеп,

Ересек топ «Сұңқар»

ойнап жүреді де, аналарынан тығылып қалады. Аналары балапандарын іздейді.

Қоймадағы тышқандар

Балалар тышқандарды бейнелейді. Олар алаңның бір жағындағы орындықтармен скамейкаларда отырады немесе түрегеліп тұрады. (тышқандар індерінде) Қарама-қарсы жақта биіктігі 40-50см шамасында жіп керілген, одан әріректе қойма бар. Ойнаушылардың бір жағында мысықтың ролін ойнаушы тәрбиеші отырады. Мысық ұйықтайды, ал тышқандар қоймаға қарай жүгіреді. Қоймаға кіріп бара жатып, олар жіптің астынан еңкейіп өтеді. Тышқандар қоймаға кіреді де, жүрелеп отырып қатқан нанды кеміре бастайды. Тышқандар қоймадан жүгіріп шығып, індерін тығылады. (Мысық тышқандарды ұстамайды. Ол тек ұстағысы келгенсиді) Сонан соң мысық өз орнына келіп, ұйқыға кіріседі, ойын жалғаса береді. Ойын 5-6 рет қайталанады.

Нұсқау.

Жіптің астынан өткенде оған тиіп кетпеу үшін төменірек еңкеюге тырысады.

Қояндар

Алаңның бір жағына бормен кішкене шеңбер сызылады (5-6) бұлар қояндардың үйшіктері. Олардың алдына орындықтар қойылады. Қарама-қарсы жағында күзетшінің үйі бар. (тәрбиеші отырған орындық) Үй мен қоян күркелерінің арасында қояндар серуендейтін кішкене шалғын бар. Тәрбиеші ойынға қатысушылардың бәрін 3-4 баладан шағын топтарға бөледі. Әрбір топ еденде сызылған шеңберлердің біріне барып отырады. Балалар тәрбиешінің нұсқауы бойынша жүрелерінен отырады. (қояндар күркелерінде отыр.) Тәрбиеші күркелеріне кезекпе-кезек барып, қояндарды шалғынға шақырады. Қояндар бірінен кейін бірі орындықтың астынан еңбектеп шыға бастайды. Шалғында жүгіріп, секіріп ойнау бастайды. Біраздан соң тәрбиеші «күркеге қарай жүгіріңдер» дейді. Қояндар үйге қарай асыға жүгіреді. Орындықтың астынан еңбектеп өз торларына кіреді. Күзетші оларды қайтадан серуенге шығарғанға дейін қояндар торда отыра береді. Ойын 4-5 рет қайталанады.

Нұсқау

Еңбек ету үшін орындықтың орнына планканың түреуіне қойылған доғаны немесе керулі жіпті пайдалануға болады.

Кішкене маймылдар

Тәрбиеші балаларға бір-бірден немесе екі-екіден гимнастикалық қабырғаға жақындауды, бетін қабырғаға қаратып тұрып 3-4 тақтайшаға өрмелеп шығуды ұсынады. Бұлар-кішкене маймылдар. Қалған балалар кішкене маймылдардың жемісті ағаштың басынан қалай теріп жүргендерін отырып немесе түрегеліп тұрып қарайды. Бұдан соң ағаштардың басынан басқа маймылдар өрмелейді.

Нұсқау

Балалардың кішкене сатымен өрмелеп шығуға және одан түсуге әбден жаттыққан соң, оларға қабырғаның бір ашық аралығынан келесі аралығына – ағаштан ағашқа тырымысып шығуды ұсына отырып, тапсырманы күрделене түсуі керек.

Ертегілер

Жалқау қыз

(башқұрт ертегісі)

Баяғыда әжесі мен оның немере қызы болыпты. Әжесінің қартайғаны сонша, ештеңе істей де алмапты. Ал немере қызы тіпті жалқау екен. Кемпір жылдан жылға қартайып, қажы беріпті. Көктемнен

Ересек топ «Сұңқар»

аман-есен шыққан соң ол: «Тамақ керек, жұрттың бәрі, әне, егін егіп жатыр, біздің де бірдеңе сепкеніміз жөн»,— деп ойлайды. Ол осы ойын немересіне айтады.

— Қажеті жоқ, әже, сен мүлдем қартайдың, күзде мүмкін о дүниелік боларсың, одан соң мені өз отбасына алатын бір мейірімді адамдар табылар. Бізге нанның не керегі бар? — дейді немересі.

Осылайша олар ештеңе де екпейді.

Күз келіп, жұрт алқаптағы егінін жинап алады. Кемпір өлмейді, немере қызды да бағып-қағуға алатын ешкім болмайды. Олар ашыға бастайды.

Бірде көршісі келіп қалады да, әжесі мен немере қыздың жейтін ештеңесі жоқ екенін көріп:

— Келіп ең құрығанда кішкене болса да, тары алып кеткендеріңде ғой!

— дейді. Көрші кетіп қалған соң әжесі немересіне:

— Барып тары алып келсеңші! — дейді. Ал немересі оған:

— Алудың қажеті бар ма? Мүмкін оның тарысы жақсы емес шығар... —деп жауап қатады.

Қыс бойы кемпір мен немересі қатты ашығып, аштан өліп қала жаздайды. Көктем шығысымен немере қыз егістікке жұмысқа шығады.

— Жұмыс істеп қайтесің? — деп күледі көршілері. — Әжең сенің қартайды, төрінен көрі жуық. Ал сені тәрбиелейтін біреу табылар. Нан сендерге неге керек?

— Жоқ, болмайды, мен енді түсіндім. «Қыстың қамын жаз ойла»,— деп қариялар бекер айтпаған екен, — дейді немересі.

Орыс тілінен аударған Байбота Қошым-Нозай.

Әтеш пен бұлбұл

Ерте, ерте, ертеде әтеш пен бұлбұл араларынан қыл өтпейтін тату дос болыпты. Ол кезде екеуінің дене тұрқы да ұқсас екен. Күндердің күнінде тау қойнауындағы ұяларының қасынан өтіп бара жатқан аспан перизаты әтеш пен бұлбұлдың:

- Біз әнші болсақ қандай жақсы болар еді? — деп армандап отырғандарын естіп қалыпты. Ол мұны естігеннен кейін олардың қасына келіп әнші болуды қаласа, үйрететіндігін айтыпты. Әтеш пен бұлбұл қуана келісіпті.

Сонымен олар әнші перизаттан өнер үйрене бастапты. Бұлбұл орнынан таң сәріде тұрып, өнерге жаттығумен айналысады екен де, әтеш ұйқышылдау болып, кеш тұрады екен. Оның үстіне ол өзінің қызыл айдарын мақтан көріп, өзін бұлбұлдан артық санап жүріпті. Екеуіне бір жыл өнер үйреткен әнші

Ересек топ «Сұңқар»

перизат оларға:

- Сендер көп өнер үйрендіңдер, ендігі мәселе, сол өнерлеріңді өздерің дамытуларың керек, үзбей жаттықсаңдар, өрелі өнерге ие боласыңдар, мен енді бір жылдан кейін келіп, екеуіңнен сынақ аламын, - депті де көзден ғайып болыпты.

Әтеш пен бұлбұл ақылдасып, екеуі екі тауда тұрып, жағы талғанша сайрайтын болыпты, тіпті бұлбұлдың үнін ормандағы аңдар мен құстар да қызыға тыңдайды екен, ал әтеш болса өзінің даусының зорлығына сеніп, күні бойы ұясына кіріп ұйықтаумен болыпты. Ол үнемі ұйықтағандықтан,

бұғағы салақтап, семіре бастапты әрі құйрығы да ұяда үнемі жатқандықтан, қайырыла-қайырыла қайқая дөңгеленіпті. Сөйтіп, ол біржылдың өткенін де сезбей қалыпты. Уағдалы уақытта бұлбұл мен әтешті әнші перизат іздеп келіпті. Ұйықтап жатқан жерінен оятып алса да, әтешті әзер таныпты. Әтеш болса ерекше семіргендіктен, әуелгідей ұзаққа ұша алмайтын болыпты.

Әнші перизат бұлбұл мен әтешті қатар тұрғызып, жеке-жеке сынақ алыпты. Бұлбұл құйқылжыта сайрағанда, әтеш шаңына да ілесе алмай қалыпты. Бұлбұлдың соншама өнер үйренгеніне қайран қалумен бірге өзінің күні бойы ұйқымен болғанын ойлап, қатты ұялыпты. Ол іштей ұйқысын азайтуға ант етіпті, әрі содан бастап әр күні ертемен тұрып, өзінің зор дауысы арқылы басқаларды оятып, ізгілікті іс істеу байламына келіпті. Сөйтіп өз кінәсін мойнына алуды ойлапты.

Сол күннен бастап әтеш ұша алмайтын болып қалыпты да, оның есесіне таңнан тұрып шақыратын болыпты. Ал бұлбұл өзінің өнерін қанағат тұтпай, күні бүгінге дейін жаттығады екен.

Ж. Жәкен

Мамыр айы 2023 жыл 1 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 01.05.2023	Сейсенбі 02.05.2023	Сәрсенбі 03.05.2023	Бейсенбі 04.05.2023	Жұма 05.05.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды ыстық мейірімен қарсы алу . Жылы амандасумен оң көңіл күй дағдыларын жетілдіру. Баланың бүгінгі денсаулығы туралы сұрау және жеке пікірін білдіруге баулу. Далада қандай ауа райы болып тұрғанын сұрау. Топқа лабиринт жолымен жүріп, дұрыс жолды тауып, өтуін тапсыру. (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланың шығармашылық дағдыларының даму деңгейлері туралы ақпарат беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)		Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (пазлдар, домино, суретті карточкалар, дидактикалық ойындар). Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету, отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу, өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру дағдысын жетілдіру.	Өнер орталығында сурет салу , суретті карточкаларды бояу, дербес шығармашылық іс әрекеттерді ұйымдастыру. Табиғи құрастыру материалдарымен құрастыру, кітаптарды қарау, еңбек әрекеті бойынша әңгімелесу	Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару. (қоршаған ортамен танысу) Балалармен жеке жұмыс.	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, Табиғи құрастыру материалдарымен құрастыру, кітаптарды қарау, еңбек әрекетін ұйымдастыру

		(қоршаған ортамен танысу)			
Таңертенгі жаттығу	Мамыр айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату. Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) пайдасы туралы түсінікті кеңейту.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жуу дағдысын пысықтау. Қол орамалды пайдалана білуді бекіту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Тамақтану әдебін сақтау. Өз-өзіне қызмет жасау дағдыларын жетілдіру. Кезекшілікті ұйымдастыру. Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету: нан салғыштарды, кружкаларды, тәрелкелер мен майлықтарды, ас құралдарын (қасықтар, шанышқылар) ретімен қоюды пысықтау.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбері (балалардың сүйкімді мінездері туралы айту) Балалардың сезінген әсерлерімен, жаңалықтармен бөлісу. Көктемгі көңіл күйлері қалай екенін сұрау? «Достық туралы не біледі? Балалардың ойын тыңдау. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша	Музыка маманының жоспары бойынша	Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша Үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдерді құрай білуге үйрету. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Қазақ тілі	Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша	Музыка маманының жоспары бойынша

		Балалармен кеше қандай мерекені тойлағандығы жайлы әңгімелесу. Олардың барлығы бір бірімен доспа? Сұрау. Топтағы ойыншықтар бір бірімен дос па? деп сұрау. Ендеше ойыншықтар тұратын достар қалашығын құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастырайық. Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыруды үйрету. (құрастыру) Не құрастырып жатқандары жайлы бір біріне айтып,	Балалардың кеше жасаған қалашығына алып бару, құрылыс нысандарын ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша салыстыру. (математика негіздері) Қалашыққа жетпей тұрған шатырлар, ағаштарды қағаздан жасап, қалашықты толықтыру. (жапсыру)	Балаларды кітап орталығына жинап «Жаман жолдас» әңгімесін оқып беру. Өз бетінше қайталап айтуын, сахналауын ұйымдастыру. (сөйлеуді дамыту) Аюдың суретін салу. Пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. (сурет салу)	Балаларды жарты шеңбер етіп отырғызу. Суреттердің бір бөлігін көрсетіп, оның не зат екенін табу. Ол затты тапқан бола ол туралы ән тапқақ немесе ойдан ертегі құрап немесе ол қалай пайда болды айтып беруін ұйымдастыру (көркем әдебиет) Сергіту сәті Балаларды екі орталыққа бөлу. Бір орталықта «Біздің достарымызбен келетін балабақша» тақырыбында сурет салдыру. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын байқауды және сүйрет салуда қолдануды үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа. (сурет салу) Екінші орталықта геометриялық

		оның қандай болатыны, ол жерде не істейтінін айтып отыруына жағдай жасау. (сөйлеуді дамыту) Достар әнін магнитофоннан қосып сергіту сәтін жасату. (музыка)			денелерді(куб, шар, цилиндр) танып, атап тапқан затымен сәкестендіру. «Кім тапқыр» ойынын ойнату. Топтағы осы денелерге ұқсас заттарды көп табуға ынталандыру. (математика негіздері)
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану дағдыларын пысықтау. Құлап қалған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге, науқастанған кезде ересектерге жүгінуге баулу. (Салауатты өмір салтын қалыптастыру) Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. Шкафтарынан киімдерін ретімен алып, дұрыс киіну және достарына киінуіне көмектесу дағдыларын қалыптастыру. Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге үйрету. Серуенге бара жатқанда айналасына қарап, өзгесітерді байқау және атауды дамыту. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен		айналаға зейінмен қаратып, көктемнің қандай белгілерін көріп тұрғаны жайлы сұрау. (қоршаған ортамен танысу) Балаларға қалаулары бойынша бормен ойдан сурет салуды ұсыну. (Сурет салу)	Ауа райын бақылау. Желдің бар жоғын анықтау. Өздерінің отырғызған өсімдіктеріне күтім жасату. (қоршаған ортамен танысу) «Жылдам жаса» ойынын ойнау. Үш бала жүргізуші,	Алып шыққан ойыншықтармен жеке және топтық ойын «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарын қою арқылы сану салыстыру дағдыларын дамыту (математика негіздері) Балабақша	Ағаштардың жапырақтарын бұтақтарын лупамен қарау, метрмен, сызғышпен өсімдіктерді өлшеу. Ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, су, тас, саздың қасиеттерін анықтау дағдысын бекіту.

		Спорттық жаттығулар: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу дағдыларын жетілдіру	қалғандары орындаушы. Етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір). Балалардың бірі отыр, жүр, жүгір дегенді ретімен ауысытып айтады. Балалар орындайды. Дұрыс жасамаған бала ән немесе тақпақ айтып айыбын өтеп береді. (сөйлеуді дамыту) Қимылды ойын: «Кім жылдам»	ауласындағы табиғи заттардан үйшік құрастыру. Құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру (құрастыру) Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыка сүйемелдеуімен орындату (музыка)	(қоршаған ортамен танысу) Қимылды ойын «Кешікпе» Сурет бойынша «Жаман жолдас» ертегісін балаларға айтқызу. (сөйлеуді дамыту)
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды жетілдіру. Өз –өзіне қызмет ету дағдыларын топта қиетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Ертеңгіліктерде айтатын әндерін тақпақтарын қайталап айту және т.б. жаттату. (көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындату: қолды дұрыс жууды, өз орамалының орнын білуін, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , аузына тамақ толтырып сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюын қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды				

	қалыптастыру. Өз төсек орнын тауып жату дағдысын бекіту. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Ұйқыға жатқызу барысында балаларға достық туралы ертегілер оқып беру және жайлы музыка қойып тыңдап тынығуына жағдай жасау (көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүргізу. Тыныс алу жолдарын жаттығулар жасатып, шынықтыруды дамыту (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киінуді, түймелерін қадауды, сырмаларын сыруды, аяқ киімдерін дұрыс киюді пысықтау. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) (Мәдени-гигиеналық дағдылар) . Қолдарын жууды, құрғатып сүртуді, сүлгіні өз орнына іліп қоюды жетілдіріп бекіту				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. Өз өзіне қызмет ету дағдыларын пысықтау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)		Балаларды екі орталыққа қалауы бойынша бөлу. Қағаздан үйшік жасау және ермексаздан топтағы ойыншықтардың мүсіндерін жасауды ұсыну (мүсіндеу және жапсыру) Жасаған заттарын ортадағы үстел үстіне қою. Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі,	Балаларды кітап орталығына жинап «Атасының ақылы» әңгімесін оқып беру. Естеріне түсіру. (көркем әдебиет) Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлу. Ермексаздан достардың ойыншықтарын жасату. мүсіндеу) Екінші орталықта «Оригами» үлгісі бойынша гүлдердің пішінін құрастыруға	Балаларды орталықтарға бөлу. Қалаулары бойынша дербес шығармашылық әрекеттер ұйымдастыру. (мүсіндеу) (жапсыру)	Ұнатып айтатын әндерін, билейтін билерін қайталап пысықтау. (музыка) Балабақша ғимаратын құрастыру. Құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау дағдысын дамыту. (құрастыру)

		өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуін дамыту. (математика негіздері)	ынталандыру. (кұрастыру)		
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылық туғызу. Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау және ойыншықтарды алып шығу. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен		Достық туралы суреттерді кітаптан қарау, оларды әңгімелеу, танитын кейіпкерлердің іс әркетін сахналау. (көркем әдебиет) Қимылды ойын: «Мысық пен	Қимылды ойын «Трамвай» Ұнатып айтатын әндерін билерін пысықтау. (музыка)	Балалардың сұранысы бойынша ертегі оқып беру. Суреттер бойынша әңгімелесу (көркем әдебиет) Еркін ойындар	Балаларды орталықтарға бөлу. Балалардың дербес шығармашылық әрекеттерін ұйымдастыру. Апта бойы жасалған жұмыстардың ішінен ұнағанын қайта жасауға

		тышқан»			мүмкіндік беру. (мүсіндеу) (жапсыру) Қимылды ойын «Хан талапай»
Балалардың үйге қайтуы	Балаларға «Достық» туралы әңгімелесуді ұсыну. Қызықты ойындарды үйде ойнауға ұсыну. Апта бойы жасалған жұмыстармен таныстырып отыру.				

Тексерген әдіскер: 

Тәрбиеші: 

Мамыр айы 2023 жыл 2 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 08.05.2023	Сейсенбі 09.05.2023	Сәрсенбі 10.05.2023	Бейсенбі 11.05.2023	Жұма 12.05.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды жайдары көңіл күймен қарсы алу. Баланың балабақшаға деген қызығушылығын арттыру. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сурет арқылы көрсетіп, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту) .				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың мінезі құлқындағы өзгерістер туралы анықтамалық ақпарат беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)			Дидактикалық ойын: «Сикырлы қалта», «Суретші қай жерде қателесті?», «Не жоқ?» . Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояту.	Табиғаттағы ауа райының жағдайын бақылауға және бақылаудың нәтижелерін табиғат күн тізбесінде белгілеуге үйрету.	Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару. Балармен жеке жұмыс. (қоршаған ортамен танысу)
Танертенгі жаттығу	Мамыр айына арналған танертеңгі жаттығуларды орындату. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыка сүйемелдеуімен орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) .				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнау дағдысын дамыту. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтқызу, ас қайырту. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Балаларға бір біріне бүгін қандай әдемі болып тұрғанын сипаттап айтқызу. Қазақ батырлары туралы не білетінін сұрау? Олар туралы не білгісі келетінін анықтау. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру маманының жоспары	Дене шынықтыру	Музыка

			бойынша Қазақ тілі Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе білуге, еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсетебілуге мүмкіндік беру.		
			Балалар демалыс күндері біз қандай мереке тойладық. Батырлар мен әскерлердің суретін көрсету. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Отан қорғаушылар, Қазақстан Республикасының әскері туралы ұғымдарын кеңейту. Отанды сүюге, патриотизмге тәрбиелеу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Топта ойыншық	Балалардан қалай ойлайсындар.Қыздар сарбаз бола ала ма?, Мәншүк Мәметова, Алия Молдагулова, Хиуаз Доспанова және т.б фото суреттерін көрсетіп. Олар туралы айтып беру. (көркем әдебиет) Топтағы қуыршақтарды сарбаз секілді қатарға тұрғызу, санату. Оңға солға бұрып, команда орындату (математика негіздері) Сарбаздар туралы мультфильм көрсету,балалардың пікірін тыңдау.	Кітаптардан Қазақстан республикасының әскерді туралы суреттер көрсетіп ақпарат беру. «Сарбаз» тақпағын айту, «Сарбаз» әнін қайталап айтқызу. (сөйлеуді дамыту, музыка) «Ғажайып сандық» дидактикалық ойын. Сандықтан әр түрлі заттар шығартып, сипаттауда сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атауды (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең) дамыту.

			әскерлерді қатарға тізіп қою. «Қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету. 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. Карточкалармен жұмыс. (математика негіздері)		Карточкалармен жұмыс. (математика негіздері)
Серуенге дайындық	Серуендеуде балалардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, еңбекке баулу, таза ауадағы ойындар арқылы белсенділіктерін күшейту. Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу. Балаларды ретімен (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуін бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарының киінуіне көмектесуге тәрбиелеу (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен			Спорттық жаттығулар: Екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылуды жетілдіру. Сарбаз боламыз деп, қатарға тұру, оңға солға бұрылу дағдыларын бекіту. Қимылды ойындар. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, Ойын ережелерін саналы түрде сақтауға	Қазіргі таңда полицияда да қыздар жұмыс жасайтынын айтып, таныстыру. Олардың қандай қызмет атқаратынын түсіндіру. Сюжетті-рөлдік ойындар барысында жол қозғалысы ережелері туралы балалардың білімдерін бекіту. (қоршаған ортамен танысу) Ағаштардан автомат пистолет жасау (құрастыру) Қимылды ойын	Дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру Қимылды ойын Ауа райын бақылау. Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, кемпірқосақ) кеңейту. (қоршаған ортамен танысу) Сарбаз болып

			баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту. «Ән сал, сарбаз!» әнін балаларға айтқызу, қимылдар жасату. (музыка) Қимылды ойын «Арқан тарту»	«Шымшықтар мен мысық» «Ән сал, сарбаз!» Алдын жаттаған әнін дауыстап және төмен дауыспен айтқызуды ұйымдастыру (музыка)	командаларды орындатып ойнату.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Көктем туралы әнді қайталау және т.б. жаңа ән жаттау (көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу барысында көркем сөз қолдану. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы айтып беру.				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдату. Топтағы кітап орталығынан балалар таңдаған ертегіні оқып беру (көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүруді ұйымдастыруі. Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту (дене жаттығулар мен белсенділігі) Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киінуін жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға және жинауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				

Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)			Сарбаз Қорғаған орман, тауын, көлін Қатардағы ол жауынгер. Шайқасар жаумен бетпе-бет Ол дағы өшпес жалынды ер. (көркем әдебиет) Балаларды шығармашылық орталыққа алып барып, дербес шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыру. Балалар қалаулары бойынша сарбаздардың суретін салып, олардың қаруларын ермексаздан жасап, жеңіс туралы композиция жапсырады (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)	«Сарбаз» тақпағын жаттау.Сөйлеуде дауыс қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу (сөйлеуді дамыту) Баларады орталықтарға бөлу. Дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып алып композицияны құрастырып жапсыруға мүмкіндік беру. Еркін тақырыпта жұмыс. (жапсыру) (сурет салу)	Апта бойы жасаған жұмыстарды қорытындылау. Өздеріне ұнаған жұмысты қайталап жасауға болатынын айтып, балаларды орталықтарға бөлу. сурет салу жапсыру немесе мүсіндеуді, Ұнататын әнін дауыстап және төмен дауыспен орындату (музыка)
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Реттілік сақтап киімдерін дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				

Серуен			Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтауды қалыптастыру. (құрастыру) Қимылды ойын «Мысық пен тышқан»	Еркін ойындар Ермексازдан сарбаздардың заттарын жасату. Оны ойыншық сарбаздардың қолына қыстырып қоюға мүмкіндік беру (мүсіндеу) Қимылды ойын «Ханталапай»	Қимылды ойын «Сақина жасыру.» Өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. (құрастыру)
Балалардың үйге қайтуы	Апта бойы бала не үйренгені жайлы сұхбат, әңгімелесу. Ата- анарға отбасында сарбаздар, батырлар туралы әңгімелесуді ұсыну.				

Тексерген әдіскер: 

Тәрбиеші: 

Мамыр айы 2023 жыл 3 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 15.05.2023	Сейсенбі 16.05.2023	Сәрсенбі 17.05.2023	Бейсенбі 18.05.2023	Жұма 19.05.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды көңілді көңіл-күй, әсем әуенмен қарсы алу. Баладан бақшаға келгенше не көргенін, қандай көңіл күймен келгенін, сыртта ауа райын қандай болып тұрғанын сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту) .				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша әңгімелесу, кеңес беру, логопед, психолог мамандарының кеңесіне жүгіну кестелерін еске салу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілету (суық, жылы, күн шуақты, жаңбыр жауды, жел соқты), оған сәйкес киіну дағдысын қалыптастыру.	Табиғат бұрышындағы өсімдіктер, оларға күтім жасау (топрағын қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту. (бөлме жануарларына күтім жасату) Балармен жеке жұмыс.	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындарын ойнату. (сөйлеуді дамыту)	Дидактикалық ойын: «Көліктерді тап, сана», «Айырмашылығын тап», «Орнын тап» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,	Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптардан жануарлардың, құстардың суреттерін қарату.
Таңертеңгі жаттығу	Мамыр айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындату. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін жетелдіру, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. «Бата» жаттауға баулу(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Жыл мезгілі жайлы сұрақтарға жауап алу Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Көктем мезгілінде неше ай бар? Қандай айлар атап беріңдерші? Көктемде не жауады? Келесі жыл мезгілі қандай? Балалардың жаңалықтарымен бөлісуін, жақсы тілектер тілеуін ұйымдастыру. «Гүлдер туралы не білеміз?» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	Музыка
			Артикуляциялық әрекет пен дауыс ырғағын қолдануды, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Қазақ тілі		
	Көктемнің үшінші айы мамыр екенін. Табиғаттағы өзгерістер. Қызғалдақ сирень және т.б гүлдері туралы ақпарат беру. Фонематикалық қабылдау дағдыларын	Ғажайып қорапшадан қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлері шығарылады. Балалар оларды атайды, содан соң санап салыстырады. Қандай қызмет	Көктем ханшайымының қонаққа келуі Ол. балаларға себетке гүл теріп жүріп адасып қалғанын айтады. Балаларға өз үйіне қайтуға көмектесуін сұрайды. Біз саған	Топтағы гүлдерге күтім жасату, олардағы өзгерістерді байқату. Гүлдерге қарап сурет салуды немесе ермексازдан мүсінін жасауды ұсыну. (мүсіндеу, сурет салу)	Алтын сандықтың ішінен әр түрлі ертегі кейіпкерлерінің киімі шығару. Балалардың қалаулары бойынша киім таңдап алып, ойдан ертегі құрап, қойылымдарды сахналату дағдысын

	қалыптастыру. белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету. «Дыбысты тап» дидактикалық ойын ұйымдастыру (сөйлеуді дамыту) Екі түрлі гүлдерге сәйкес балаларды топтарға бөлу. Бірінші орталықта гүлдерге күтім жасау туралы ақпарат алып, топтағы гүлдерге күтім жасауды ұйымдастыру. Екінші орталықта балалар гүлдер бағын құрастырады. (оригами) (құрастыру, қоршаған ортамен танысу)	атқаратыны жайлы айтып беруді үйрету. Әшекей заттардан гүлдердің бейнесін таптырту. Сөйлеуде сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде қолдана білуге үйрету (сөйлеуді дамыту, Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша топтағы гүлдерді салыстыру. Топтағы екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыруға машықтандыру (математика негіздері) «Ғажайып кілемше». Дайын әшекей бейнелеріне гүлдерді салу, бояу. Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың	қалай көмектесеміз деп балалар сұрайды. Сендер мына менің себітімдегі гүлдер қай жерде өсетінін білесіңдер ме? Сендер сол жерлердің суретін салып берсеңдер мен сол сурет бойынша тауып барар едім дейді. Балалар келіседі. Олар екі орталыққа бөлінеді. Бірінші орталық плакатқа сурет салса, екінші орталықта қыздар себеттегі гүлдерді санап, олар туралы не білетінін айтады. Оригами әдісімен көктем ханшаймына қағаздан гүл жасап ұсынады. Ал ол балаларға өз гүлдерін сыйлайды. (математика негіздері, құрастыру, сурет салу) Сосын барлығының көңіл көтеріп «Аппак гүлдер» әнін айтып, би қимылдарын жасап көңіл көтеруін ұйымдастыру (музыка)	«Гүлдер таласы» ертегісін оқып беру. Балаларға өз бетінше ертегі мазмұнын айтуды дағдыландыру. (көркем әдебиет)	дамыту. (сөйлеуді дамыту) «Қызыл раушан» әнін айтқызу, би қимылдарын жасату. көңіл көтерулеріне жағдай жасау (музыка)
--	--	---	--	---	---

		арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту. (сурет салу)	Көктем ханшайымын далаға дейін шығарып салып, серуенге шығару.		
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Серуенге қызығушылық туғызу. Балалардың өз-өзіне қызымет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарына көмектесу дағдаларын жетілдіру. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Балақаша ауласында қандай гүлдер бар екенін анықтау. Бақылау, эксперимент және еңбек ету барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, өсімдік тұтастығының мәнін, олардың өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін анықтату. Құстардың көбеюін	Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: жемістер, көгөністер, жидектер (орман, бақша), гүлдер (бөлме, бақша, шабындық), бұталар және ағаштар (бақша, орман). Балабақша ауласында өсетін өсімдіктерге күтім жасату. (қоршаған ортамен танысу)	Балабақша ауласындағы гүлдерді, құстарды бақылату. Олардың тіршілігі туралы әңгімелету. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Қимылды ойын «Шымшықтар мен мысық»	Ауа райын бақылау, Балабақша ауласында еңбек әрекетін ұйымдастыру. Қанша ағашқа, қанша гүлге су құйғанын санату. (қоршаған ортамен танысу, математика негіздері) Дидактикалық ойын «Дауысынан таны» жел жаңбыр, найзағайдың дауыстарын тану,	Балабақша ауласында өсіп тұрған гүлдерді санау, танып атау, оларға күтім жасату. Бормен олардың суреттерін салғызу. (қоршаған ортамен танысу, сурет салу, математика негіздері) Қимылды ойындар. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін

	салыстыру, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау дағдысын пысықтау. (қоршаған ортамен танысу) Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. (математика негіздері) Қимылды ойын «Автобус»	Қимылды ойын «Кішкентай маймылдар» Құмда әр түрлі гүлдер бағының қоршауларын құрастыру.		атауды пысықтау. Қимылды ойын «Қояндар»	саналы түрде сақтауға баулу.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру.				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу дағдыларын жетілдіру. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану дағдыларын пысықтау. Өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айтуды үйрету. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету. Әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				

	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату. Қазақ халқының баяу күйлерін тыңдату (музыка)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүруді. Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту (дене жаттығулар мен белсенділігі) Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға, жинауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Қалаулары бойынша шығармашылықпен айналысуға жағдай жасау. Ермексازдан қызғалдақ жасату. Балалар ұнататын әндерін қайталап айтқызып, би билету (музыка)	Балаларға «әдебиет» орталығында «Торғай мен көбелек» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет) «Гүлдер бағы» тақырыбында Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды жасап мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. (мүсіндеу)	Көктем аруының себетін жасауды ұсыну. Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету. (мүсіндеу) Балалардың ұнататын ертегісін сахналату. (көркем әдебиет)	Гүлдерді адамдар басып кетпес үшін, оларға қоршау жасату (құрастыру) Қағаздарды симетриялы етіп кию арқылы гүлді қиып алуға жағдай жасап, жапсырту. (жапсыру)	«Гүлдер саябағы» тақырыбында құрылыс материалдарынан құрастыру ойындары. Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту. (құрастыру) Ағаштағы гүлдерді мүсіндеу. Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды

					сақтау, бөліктерді біріктіру әдістерін қолдануды дамыту. (мүсіндеу)
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Қимылды ойын «Поезд» Құмда гүлдердің суретін салу. (сурет салу)	Еркін ойындар Ләпбута гүлдер бағын әр бетіне сәйкесінше жапсыру (жапсыру) Қимылды ойын «Кішкентай маймылдар	Еркін ойындар Қимылды ойын «Шымшықтар мен мысық»	Еркін ойындар Қимылды ойын «Мекен мен балапандар»	Еркін ойындар Қағаздан гүлдердің пішінін жасату. (жапсыру) Қимылды ойын «Мысық пен тышқан»
Балалардың үйге қайтуы	Оқып берген ертегілерді сахналауды үйде қайталау. Гүлдер туралы әңгімелесуді ұсыну.				

Тексерген әдіскер: 

Тәрбиеші: 

Мамыр айы 2023 жыл 4 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 22.05.2023	Сейсенбі 23.05.2023	Сәрсенбі 24.05.2023	Бейсенбі 25.05.2023	Жұма 26.05.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды көңілді көңіл-күй, әсем әуенмен қарсы алу. Баладан бақшаға келгенше не көргенін, қандай көңіл күймен келгенін, сыртта ауа райын қандай болып тұрғанын сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша әңгімелесу, кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілету (суық, жылы, күн шуақты, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну дағдысын қалыптастыру.	Табиғат бұрышындағы өсімдіктерді тамашалап, оларға күтім жасату (топрағын қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту. (бөлме жануарларына күтім жасату) Балармен жеке жұмыс.	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындарын ойнату. (сөйлеуді дамыту)	Дидактикалық ойын: «Көліктерді тап, сана», «Айырмашылығын тап», «Орнын тап» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу,	Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптардан жануарлардың, құстардың суреттерін қарату.
Таңертеңгі жаттығу	Мамыр айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін жетелдіру, тамақтану мәдениетін қалыптастыру.				

	Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. «Бата» беруге баулу(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын: «Әр қашан күн сөнбесін» әнін айтқызу. Балалардың жаңалықтарымен бөлісуін, жақсы тілектер тілеуін ұйымдастыру. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру Артикуляциялық қимылдар мен дауыс ырғағын сөйлеуде және тыныс алуда дұрыс қолдануға баулу. Фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде оларды анық айтуға баулу. Қазақ тілі	Дене шынықтыру	Музыка
	Балалардан бүгінгі көңіл күйі туралы сұрау. Сүйікті ойыншығы мен ойыны туралы сұрау. Ол ойыншықты не үшін жақсы көретіндерін айтқызу. (сөйлеуді дамыту)	Ғажайып қорапшадан Құмда ойнайтын ойын құралдарын шығару. Балалар оларды атату, содан соң санату салыстырғызу. Қандай қызмет атқаратынын айтып беруді үйрету. Сан	Дидактикалық ойын «Бұл не зат?» суреттің төрттен бір бөлігін танып не зат екенін тауып атау. Оны топтан тауып келу. Ол заттың атауы қандай дыбыстан басталып тұрғанын, не үшін қолданатынын айтуын	Топтағы гүлдерге күтім жасату. Олардағы өзгерістерді байқату. Гүлдерге қарап сурет салуды немесе ермексаздан мүсінін жасауды ұсыну. (мүсіндеу, сурет салу)	Алтын сандықтың ішінен әр түрлі ертегі кейіпкерлерінің киімдерін шығару. Балаларға қалаулары бойынша таңдатып ойдан ертегі құрап, қойылымдарды қойып сахналауға мүмкіндік жасау

	Балаларды екі топқа бөлу. Бірінші топтағылар «ойын» орталықта ойыншықтарды жуып күтім жасайды, ал екінші «өнер» орталықтағылар қағаздан кеме құрастырады. Сосын балалардың орталықтармен ауысуына жағдай жасау. (құрастыру, қоршаған ортамен танысу)	есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде қолдана білуге үйрету (сөйлеуді дамыту, Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша қорапшадан шығарылған заттарды салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша айырмашылығын табуға машықтандыру (математика негіздері)	жетілдіру. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу) «Әр қашан күн сөнбесін» әнін айтыңдар, би қимылдарын жасату көңіл көтеріп сезімдерін танытуға жетелеу. (музыка)	«Гүлдер таласы» ертегісін оқып беру. Балаларға өз бетінше ертегі мазмұнын айтуын және саханалауын ұйымдастыру, жетілдіру. (көркем әдебиет)	(сөйлеуді дамыту) Көңіл көтеріп. «Бақытты балалар» әнін айтыңдар, би қимылдарын жасату. (музыка)
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Серуенге қызығушылық туғызу. Балалардың өз-өзіне қызымет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарына көмектесу дағдаларын жетілдіру. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Балақаша ауласында қандай құстар бар екенін анықтату. Құстардың көбеюін салыстыру, олардың тіршілік етуіне	Балабақша ауласында өсетін өсімдіктерге күтім жасату. (қоршаған ортамен танысу)	Балабақша ауласындағы гүлдерді, құстарды санату. Оларға табиғи заттардан астау жасату. (математика	Ауа райын бақылату, Балабақша ауласында өсіп тұрған гүлдерді еңбек әрекетін санату, танып атату, ұйымдастыру. Қанша ағашқа, қанша гүлге су құйғанын санату.	Балабақша ауласында өсіп тұрған гүлдерді санату, танып атату, оларға күтім жасату. Құмда олардың суреттерін салғызу.

	қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау дағдысын пысықтау. (қоршаған ортамен танысу) Құстар мен ағаштарды салыстыру. Санау. Қанша құсқа қанша ағаш сәйкес келетінін анықтату. (математика негіздері) Қимылды ойын «Автобус»	Қимылды ойын «Кішкентай маймылдар» Құммен ойынайтын құралдарымен әр түрлі суреттерді салғызу (сурет салу)	негіздері, құрастыру) Бормен құстардың суретін салғызу (сурет салу) Қимылды ойын «Шымшықтар мен мысық»	(қоршаған ортамен танысу, математика негіздері) Дидактикалық ойын «Дауысынан таны» жел жаңбыр, найзағайдың дауыстарын тану, атауды пысықтау. Қимылды ойын «Қояндар»	(қоршаған ортамен танысу, сурет салу, математика негіздері) Қимылды ойындар. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру.				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу дағдыларын жетілдіру. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану дағдыларын пысықтау. Өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айтуды үйрету. «Бата беру», «Ас қайтару» дәстүрлерін үйрету. Әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы, баяу музыка тындату. Қазақ халқының баяу күйлерін тындату (музыка)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүруді. Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету.				

	Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Қалаулары бойынша шығармашылықпен айналысуға жағдай жасау. Ермексازдан «кеме» жасату. Балаларға ұнататын әндерін қайталап айтқызып, би билету (музыка)	Балаларға «Әдебиет» орталығында ұнатқан кітаптарынан ертегі суреттерін тамашалатып, таңдаған ертегіні оқып беру. (көркем әдебиет) Ермек саздан құм салатын шелектер жасату. (мүсіндеу)	Күн бейнесін мүсіндеу (мүсіндеу) Балалар ұнатып, таңдаған ертегісін сахналату. (көркем әдебиет)	Лего ойыншықтары арқылы «Достар қалашығын» ұжымдасып құрастыруға жұмылдырып орындату (құрастыру) Лэпбук арқылы балалардың дербес шығармашылық жұмысын орындауға жағдай жасау (жапсыру)	«Гүлдер саябағы» тақырыбында құрылыс материалдарынан құрастыру ойындарында. құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою дағдыларын қалыптастыру. Құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту жағдайларын ұйымдастыру. (құрастыру) Ағаштағы гүлдерді мүсіндеу. Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндету, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді

					біріктіру әдістерін қолдануды дамыту (мүсіндеу)
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Қимылды ойын «Поезд» Құмда кемеңіз суретін салғызу. (сурет салу)	Еркін ойындар Қимылды ойын «Кішкентай маймылдар» Ләпбукте құрылыс құралдары мен заттардың сәйестігін тауып сәйкестендіріп жапсырту (жапсыру)	Еркін ойындар Қимылды ойын «Шымшықтар мен мысық»	Еркін ойындар Қимылды ойын «Мекен мен балапандар»	Еркін ойындар Қағаздан гүлдердің пішінін жасату. (жапсыру) Қимылды ойын «Мысық пен тышқан»
Балалардың үйге қайтуы	Оқып берген ертегілерді сахналауды үйде қайталау. Достық, бейбітшілік туралы әңгімелесуді ұсыну.				

Тексерген әдіскер: 
Тәрбиеші: 

Мамыр айы 2023 жыл 5 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 29.05.2023	Сейсенбі 30.05.2023	Сәрсенбі 31.05.2023		
Балаларды қабылдау	Балаларды жайдары көңіл күймен қарсы алу. Баланың балабақшаға деген қызығушылығын арттыру. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сурет арқылы көрсетіп, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту) .				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың мінезі туралы анықтамалық ақпарат беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Табиғаттағы ауа райының жағдайын бақылауға және бақылаудың нәтижелерін табиғат күн тізбесінде белгілеуге үйрету. Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасату, оларды суару. Балармен жеке жұмыс. (қоршаған ортамен танысу)	балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, пазлдармен үстел үсті ойындарын ойнату. Дидактикалық ойын: «Сикырлы қалта», «Суретші қай жерде қателесті?», «Не жоқ?» .	Өнер орталығында сурет салғызу, суретті кітапшаларды бояту. Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындарын ойнату, кітаптарды қарату кезінде. сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйретуді жетілдіру (сөйлеуді дамыту)		
Таңертенгі жаттығу	Мамыр айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) .				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып				

	отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтқызу, ас қайырту. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Балалар бір біріне бүгін қандай әдемі болып тұрғанын сипаттап айтады. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша Қазақ тілі Танысу сухбатын ұйымдастырып. Бір-біріне неге, не үшін? деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, өзі жайлы әңгімені еркін талқылауға мүмкіндік беру.	Дене шынықтыру	Музыка
	Балаларға көктем мен жаздың айырмашылығын қалай білуге боладтыны жайлы әңгімелету. Осы аптада бізде үш күн көктем айынікі, ал қалған күндері жаз айының күндері болатынын таныстырып түсіндіру (көркем әдебиет)	Балаларды «кітап» орталығына шақырып, жаз мезгілінің суреттері бар кітапты қарап шығуна жағдай жасау. <i>Ә.Ахметов</i> Тақпағын жаттау Жаз еді Өзен жай ағады, Жағасы балауса. Көбелек қағады, Қанатын жалауша. (көркем әдебиет) Балаларды «Өнер» орталығында екі шағын	Су жағасында шомылып жатқан балалардың суреттерін көрсету. Балалардың сурет бойынша әңгіме жүргізуін дамыту. (сөйлеуді дамыту) Суға қай кезде түсуге болады. Күн тәртібінде көрсетілген кестемен жұмыс жасату.. Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың		

	Көктем мен жаз туралы суреттерді қарату. ерекшеліктерін танып, атауын үйрету. (қоршаған ортамен танысу) Балаларды екі орталыққа бөліп, бірінші «Ашық алаң» орталығында жазғы ойын алаңын құрастыруды орындауды, екінші «өнер» орталығында жайдары жаздың суретін салғызу (құрастыру және сурет салу)	топқа бөлу Бірінші топ балаларына көбелектің суретін бояту (сурет салу) Ал екінші топтағыларға көбелекті мүсіндету (Мүсіндеу)	сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. (математика негіздері)		
Серуенге дайындық	Серуендеуде балалардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, еңбекке баулу, таза ауадағы ойындар арқылы белсенділіктерін күшейту. Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу. Балаларды ретімен (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуін бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарының киінуіне көмектесуге тәрбиелеу (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Ауа райын бақылап, күннің райын айта білуді қалыптастыру. Құстарға жем беру, өсімдіктерге гүлдерге күтім жасау. Өсімдіктерді сызғыштармен өлшеп, қаншаға	Балабақша ауласында серуендеп жүрген кезде әр бір көрген заттарын сипаттап сөйлеуде сын есімдерді қолдану. Көбелектерді іздеу. Олардың қай жерлерде болатынын анықтау дағдыларын	Спорттық жаттығулар: Екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу амалдарын меңгерту Қоршаған орта заттары,		

	өскенін анықтаумен, салыстыруды дамыту. (математика негіздері) Қимылды ойын «Шымшықтар мен мысық» Дербес ойындар. Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын ұйымдастырып қолдау,	жетілдіру (қоршаған ортамен танысу) «Жалауға қарай жүгір» қимылды ойын.	олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Балабақша ауласындағы бассейнмен таныстыру. (қоршаған ортамен танысу) Қимылды ойын «Мысық пен тышқан»		
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыларып пысықтау. Асықпай бір-бірін итермей жүруді қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Көктем туралы әнді қайталау және т.б. жаңа ән жаттату (көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сұрту, орамалды ілу барысында көркем сөз қолдану. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) Ас қайырып бата беруді дамыту. Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы, баяу музыка тыңдату. Топтағы кітап орталығынан балалар таңдаған ертегіні оқып беру (көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүруді. Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту (дене жаттығулар мен белсенділігі) Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға, жинауға				

	үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	«Әдебиет» орталығында «Гүлдер таласы» ертегісін сахналауды пысықтау. (сөйлеуді дамыту) «Өнер» орталығында балаларды екі шағын топқа бөлу. Бірінші топ балаларына гүлдерді ермексаздан жасату. (мүсіндеу) Екінші топ балаларына ұлттық ою-өрнек элементтерінің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтаумен пішінін ескере қолданып, кілемшені безендіру дағдысын дамыту (жапсыру) Ортаға «Ашық алаңға» жиналып көңілді ән орындатып би билету. Сергіту	«Менің көбелегім болса» тақырыбында балалармен әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту) Көбелек қанаттарын әр түрлі заттармен безендіріп жасату	«Жаз еді» Ә.Ахметов Жаттауын жаттату. Өзен жай ағады, Жағасы балауса. Көбелек қағады, Қанатын жалауша. (көркем әдебиет) «Өнер» орталығында балаларға шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыру. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)		

	(музыка)				
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Дидактикалық ойын «Ғажайып сандық» Сандықтан әр түрлі заттарды көрмей, ұстап сезу арқылы табу. Еркін ойындар Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту Қимылды ойын «Ханталапай»	Қимылды ойын «Сақина жасыру.» Балабақша ауласына ұшып келген көбелектерді санату, салыстыру. (математика негіздері) Қимылды ойын «Арқан тарту»	Құмнан бассейн жасау. (құрастыру)		
Балалардың үйге қайтуы	Апта бойы бала не үйренгені жайлы сұхбат, әңгімелесу.				

Тексерген әдіскер:

Тәрбиеші:



ТАҢЕРТЕҢГІ САУЫҚТЫРУ ЖАТТЫҒУЛАРЫНЫҢ КАРТОТЕКАСЫ

Мамыр айы I-II аптасында

Доппен

- I Жүру, аяқтың ұшымен, өкшемен, жүгіру, жәй жүру, колонна болып қатарға тұру.
- II 1б.к аяқтың арасы ашық, доп төменде 1-допты алға созу, 2б.к оралу. 4-5 рет
2б.к аяқтың арасы ашық, доп кеудеде 1-допты жоғары көтеру, 2 б.к оралу. 4-5 рет
3б.к аяқтың арасы ашық, доп алда. 1-оңға бұрылу, 2б.к оралу. 3-солға бұрылу. 4б.к оралу. 4-5 рет
5 аяқ бірге, доп кеудеде, қос аяқтап секіру. 7-8 секунд
- III Еркін тыныс алу жаттығулары

Мамыр айы III-IV аптасында Шығыршықпен

- I Жүру, кедергілердің арасымен жүру, жүгіру, жүру, колонна болып тұру.
- II 1б.к аяқтың арасы ашық, шығыршық кеудеде 1-шығыршықты алға созу, 2б.к оралу, 4-5 рет қайталау.
2б.к аяқтың арасы ашық, шығыршық алда 1-оңға бұрылу, 2б.к оралу, 3 солға бұрылу, 4б.к оралу 4-5 рет
3б.к аяқтың ашық шығыршық төменде 1-еңейіп шығыршықты алу. 2 қайта қою, 5 рет қайталау.
4б.к аяқтың арасы ашық, шығыршық жоғарыда
1-оңға қарай тербелу, 2б.к оралу. 3-солға қарай тербелу. 4б.к оралу
5 Аяқты алмастырып секіру. 7-8 секунд
- III Еркін тыныс алу жаттығулары

ҚИМЫЛДЫ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫ

Күн шуақ және жаңбыр

Балалар залдың қабырғасынан бір шама алысырақ қойылған орындықтардың арт жағына жүрелерінен отырады да, терезеден қарайды (орындықтың артындағы саңылаудан) Тәрбиеші «Күн шуақ! Ойнап келіңдер!»-дейді. Балалар алаңда жүгіреді. «Жаңбыр, тезірек үйге қайтыңдар!» -деген белгісі бойынша барлығы өз орындарына қарай жүгіреді және орындықтардың арт жағына келіп отырады.

Ойыншықты алып кел.

Ойыншықтарды (сылдырмақ, кішкене кубиктер) бөлімінің, алаңның қарама қарсы жағына орналастырады. Тәрбиеші балаларды өзіне шақырып алады да, ойыншықтарды алып келуін өтінеді. Оның нұсқауы бойынша балалар ойыншықтарға қарай жүреді немесе жүгіреді. Ойыншықтарды тәрбиешіге алып келеді. Ол балаларды мадақтайды, ойыншықтарын қайтадан апарып қоюын өтінеді.

Нұсқау

Ойынды тапсырмалар қосып, күрделенуге болады. Ойыншықтарға тар жолмен немесе онша биік емес заттардың үстімен алып өту.

Кешікпе

Кубиктер мен сылдырмақтарды еденге шеңбер бойымен орналасады. Балалар кубиктердің жанына тұрады. Тәрбиешінің белгісі бойынша олар бірін-бірі қағып, соқпай және кубиктерге тиіп кетпей бөлмені айнала жүгіреді. «Кешікпе!» белгісі бойынша балалар өз кубиктеріне қарай жүреді және кубикерге

тиіп кетпей бөлмені айнала жүгіреді. «Кешікпе!» белгісі бойынша балалар өз кубиктеріне қарай жүгіреді.

Тышақандар мен мысықтар

Балалар- тышқандар өз індерінде отырады.(бөлменің қабырғасын жағалай немесе алаңның жан-жағына қойылған орындықтарға) Алаңның бір бұрышында мысық отыр. Мысықтың рөлін тәрбиеші атқарады. Мысық ұйықтап кеткенде тышқандар бөлмеде жүгіреді. Бірақ, мысық оянады, керіліп созылады, мияулайды және тышқандарды ұстай бастайды. Тышқандар тез қашып кетеді және індеріне тығылып (орындықтағы өз орындарына отырады) қалады. Барлық тышқандар індеріне қайтып келген соң мысық қайта ұйқыға кіріседі. Ойын 5-6 рет қайталанады.

Нұсқау

Мысық көзін жұмып, ұйықтаған соң ғана, тышқандардың інінен жүгіріп шығуларына болады. Ал індеріне мысық оянып, мияулай бастағанда ғана оралады. Тәрбиеші барлық тышқандардың індерінен жүгіріп шығуын бақылайды. Ойынға ойыншық мысықты да қолдануға болады. Балалар өрмелеп шыға алатын кубиктерді де індері ретінде пайдалануға болады.

Жалауға қарап жүгіру.

Тәрбиеші балаларға екі түсті кішкене жалаушаларды таратып береді. Қызыл және көк түсті. Тәрбиеші бір қолына қызыл, екінші қолына көк жалаушаны алып, екі қолын екі жаққа жаяды. Түсіне қарай балалар екі топқа бөлініп тұра қалады. Бұдан кейін тәрбиеші балаларға алаңның ішінде қыдыруды, жүгіруді ұсынады. Балалар қыдырып жүргенде, Тәрбиеші бөлменің екінші жағына өтеді де: «Бір, екі, үш маған қарай жылдам ұш!» -дейді.Бұл кезде қолындағы жалалаушаларды екі жаққа сермейді. Балалар оған қарай жүгіреді және өз қолдарындағы жалаушалардың түстеріне қарай жалаушаның жанына жиналады. Балалардың бәрі жиналып болған соң, тәрбиеші жалаушаларды жоғары көтеріп, бұлғауды ұсынады.

Ойын 3-4 рет қайталанады.

Нұсқау.

Тәрбиешінің белгісі бойынша бұрын алаңның жан-жағына жүгіріп кетпеуі керек. Ол жалаушаларды бір қолынан екінші қолына ауыстырып отырады, өйткені балалар өз жалаушаларының түсіне қарай оның бірде сол жағына қарай жиналуы керек. Ойынға қосымша белгілермен тапсырмалар енгізуге болады. Мысалы: «Тоқта!» белгісі бойынша ойнаушылардың барлығы тоқтай қалуы, көздерін жұмуы немесе орындарына тұырып шыр көбелек айналуы немесе секіріп билеуі тиіс. Ал, бұл кезде тәрбиеші байқатпай басқа орынға кетіп қалады. Белгі бойынша тәрбиешінің жанына қайтадан жиналады. Жалаушалардың орнына балалардың қолына қол орамал немесе түстеріне сай кубиктер, ленталар беруге болады.

Өз түсінді тап

Тәрбиеші балаларға 3-4 түсті кішкене жалаушаларды таратып береді.: қызыл, көк, сары, жасыл. Түсі бірдей жалаушасы бар балалар жалаушаның белгілі бір түсімен алдын ала белгіленген бөлменің әр бұрышына жиналады. Тірбиешінің «ойнап келіңдер!» деген кезде балалар өз түстері бар жалаушаның қасына жиналады. Тәрбиеші қай топ бұрын жиналғанын белгілейді. Сонан соң ойын қайталанады.

(5-6 рет)

Нұсқау.

Бірнеше рет қайталанып, балалар ойынды жақсы игерген соң тәрбиеші серуен кезінде тоқталып, көздерін жұмғызып, сол уақытта бөлменің бұрышында тұрған жолаушыларды ауыстырып қояды.

Трамвай

Балалар бір-бірінің қолдарынан ұстап, екі-екіден калонаға тұрады. Бос қолдарымен олар ұшы байланған жіптен ұстайды. Яғни, кей бала жіпті оң қолмен, кей бала жіпті сол қолмен ұстайды. Бұл трамвай. Тәрбиеші екі қолына үш түрлі –сары, қызыл, жасыл жалау ұстап, бөлменің бір бұрышында тұрады. Ол жасыл түсті сигнал болғанда қозғалуға, қызыл, сары, түсте тоқтауға тиіс екендігін түсіндіреді. Тәрбиеші жасыл жалауды көтергенде- бұл трамвай келе

жатыр деген белгі, балалар бөлмені, алаңды айнала жүгіреді. Тәрбиешіге, бағдарламға дейін жүгіріп келіп, қай түс жанғанын бақылайды. Егер бұрынғыдай жасыл түс болса жүрісті жалғастыра береді. Ал егер сары мен қызыл жанса олар тоқтайды, жасылдың жануын күтеді.

Нұсқау

Ойын кезінде балаларды көшеде жүру ережесімен таныстыру. Егер ойынға балалар аз қатысса екі-екіден немесе бір калонаға тұрғызуға болады. Ойынның сюжетін дамыта түсуге болады; жолшыбай трамвайдың келуін күтіп отырған жолаушылардың аялдамасын ұйымдастырады, аялдамаға жақындағанда трамвай жүрісін баяулатады және тоқтайды. Жолаушылардың бір сыпырасы трамвайдан шығып, біраз жолаушы қайтадан мінеді. Трамвайға шығып-түсу үшін жіпті көтереді. Жіптің ұшына кішкене қоңырау байлаулы. Жүрер кезде бір бала (кондуктар) қоңырауды соғып, белгі береді.

Поезд

Балалар калонаға бір-бірден тұрады. (Бір-бірімен қол ұстаспай) Біріншісі паравоз ал қалғандары вагондар. Тәрбиеші гудок береді де, поезд алға жылжи бастайды, ең әуелі баяу, кейін жылдам, жылдамырақ және ең соңында балалар жүгіруге айналады. «Поезд станцияға жақындап келеді» -дейді тәрбиеші. Балалар жүрісті бірте – берте баяулатады да, поезд тоқтайды. Балалар серуендеуге шығады. Олар жан-жаққа тарап, гүлдер, жеміс, саңырауқұлақтар тереді. Гудокты ести сала олар қайтадан калоннаға тұрады да, поездің қозғалысы жаңадан басталады. Ойын 4-5 рет қайталанады.

Нұсқау

Алғашында балалар калоннаға кез-келген ретпен тұрады, ал жылдың аяғында өз орындарын есте сақтауды - өз вагоныны табуды үйретеді. Ойынның сюжетін өзгертуге болады. Мысалы: поезд көлдің жанына тоқтайды, онда балалар қайықта серуендейді, балық аулайды. т.б. бейнелейді.

«Ұшты-ұшты»

Педагог балаларға ұшты-ұшты қарлығаш ұшты дегенде балалар қолдарын көтеріп ұшады, педагог ұшты-ұшты орындық ұшты десе отыра қалады.

«Хан талапай»

Ойынға 5-10 балаға дейін қатыса береді. Асық көп болу керек. Көп асықтың ішінен үлкенірек біреуін алып қызыл түске бояңдар. Осы асық «хан» болады. Алдымен санамақ арқылы ойын бастаушыны тағайындап алыңдар. Осы бала асықтың бәрін уысына жиып алып, отырған балалардың алдына шашып жібереді. Сендер «ханның» қалай түскенін байқап отырыңдар. Егер «хан» бүк, шік, тәйкі түссе, ойын бастаушы бала «ханның» түсуіне қарай жақын жатқан асықтарды бас бармақтың көмегі арқылы сұқ саусағымен итере-ыршытып біріне-бірің дәлдей отырып тигізеді. Тигізген асықтарды өзіне алады.

Орамал тастамақ

Балалар шеңбер жасап тұрады. Бастаушы(тәрбиеші) балаларды айнала жүріп бір баланың артына орамал тастап кетеді. Артына орамалды тастағанын сезген бала менің артымда деп жауап береді. Артына орамалдың тасталғанын сезбесе ол өлең, тақпақ айтып немесе билеп беруі керек. Балалар шеңбер бойында көздерін жұмып тұруы керек. Ойын осылай жалғаса береді.

Шымшықтар мен мысық

Балалар алаңның бір жағына еденге қойылған скамейкалардың немесе үлкен кубиктердің үстіне шығып тұрады. Бұл үйдің төбесінде отырған шымшықтар. Шеткеріректе мысық отыр. (тәрбиеші немесе балалардың біреуі) Мысық ұйықтап жатыр. «Балапандар ұшты» -дейді тәрбиеші. Шымшықтар төбеден секіріп түседі, қанаттарын қомдап, жан-жаққа ұшып кетеді. Міне, енді мысық та ояны. Ол «Мияу-мияу» дейді және төбеде тығылып үлкен шымшықтарды ұстағысы келіп жүгіреді. Ұстаған шымшықты мысық өз үйіне қарай әкетеді. Ойын 5- рет қайталанады.

Нұсқау

Балалардың жерге жайылып түсуін, аяқтарының ұшымен секіруін және тізелерін бұтуін қадағалау керек.

Қимылды ойын: «Аққу – қаздар»

Ойынның мақсаты: Шапшаңдыққа, ептілікке баулу.

Ойын барысы:

Ойынға қатысушылар арасынан кімдер қасқыр мен қожайын рөлін ойнайтынын белгілеп, қалғандары аққу – қаздар болады. Алаңның бір жағында отағасы мен қаздар тұратын үй сызылып салынады, екінші жағында – қыр астында жасырынған қасқыр. Құс бағушы қаздарды көкке тойынып, бой жазып қайтуы үшін далаға шығарып жібереді. Қаздар үйден едәуір жер алыстап кетеді. Шамалы уақыт өткен соң құс өсіруші қаздарын шақырады. Сөйтіп отағасы мен қаздардың бір – біріне тіл қатысуы басталады:

- Қаздар, қаздар!
- Га – га – га.
- Қарындарың ашты ма?
- Иә, иә, иә.
- Аққу – қаздар қайтыңдар!
- Қыр астында қасқыр бар!
- Не істеп жатыр ол онда?
- Шіл жеп жатыр, ол онда.
- Ал үйге қарай қашыңдар!

Қаздар үйге қарай қашады, қасқыр оларды ұстап алуға ұмтылады. Ұсталғандар ойыннан шығады. Барлық қаздар ұсталған кезде ойын аяқталады. Соңында қалған ең епті және жүйрік қаз қасқыр болады.

Ойын тәртібі:

Қаздар тек алаңнан шықпай «ұшуға» тиіс. Қасқыр оларды «Алүйге қарай қашыңдар!» сөзінен кейін ғана ұстауға ұмтылады.

Тауықтар мен балапандар»

Мақсаты: Балалардың қимыл қозғалыстарын арттыру. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Ана мен бала арасындағы сүйіспеншілікке, адалдыққа, мейірімге, сыйластыққа тәрбиелеу. Ойынның шарты : Балалардың жартысы тауықтар , ал қалғандары балапандар болады. Балапандары аулада серуендеп, ойнап жүреді де, аналарынан тығылып қалады. Аналары балапандарын іздейді.

Қоймадағы тышқандар

Балалар тышқандарды бейнелейді. Олар алаңның бір жағындағы орындықтармен скамейкаларда отырады немесе түрегеліп тұрады. (тышқандар індерінде) Қарама-қарсы жақта биіктігі 40-50см шамасында жіп керілген, одан әріректе қойма бар. Ойнаушылардың бір жағында мысықтың рөлін ойнаушы тәрбиеші отырады. Мысық ұйықтайды, ал тышқандар қоймаға қарай жүгіреді. Қоймаға кіріп бара жатып, олар жіптің астынан еңкейіп өтеді.

Тышқандар қоймаға кіреді де, жүрелеп отырып қатқан нанды кеміре бастайды. Тышқандар қоймадан жүгіріп шығып, індерін тығылады. (Мысық тышқандарды ұстамайды. Ол тек ұстағысы келгенсиді) Сонан соң мысық өз орнына келіп, ұйқыға кіріседі, ойын жалғаса береді. Ойын 5-6 рет қайталанады.

Нұсқау.

Жіптің астынан өткенде оған тиіп кетпеу үшін төменірек еңкеюге тырысады.

Қояндар

Алаңның бір жағына бормен кішкене шеңбер сызылады (5-6) бұлар қояндардың үйшіктері. Олардың алдына орындықтар қойылады. Қарама-қарсы жағында күзетшінің үйі бар. (тәрбиеші отырған орындық) Үй мен қоян күркелерінің арасында қояндар серуендейтін кішкене шалғын бар. Тәрбиеші ойынға қатысушылардың бәрін 3-4 баладан шағын топтарға бөледі. Әрбір топ еденде сызылған шеңберлердің біріне барып отырады. Балалар тәрбиешінің нұсқауы бойынша жүрелерінен отырады. (қояндар күркелерінде отыр.) Тәрбиеші күркелеріне кезекпе-кезек барып, қояндарды шалғынға шақырады. Қояндар бірінен кейін бірі орындықтың астынан еңбектеп шыға бастайды. Шалғында жүгіріп, секіріп ойнау бастайды. Біраздан соң тәрбиеші «күркеге қарай жүгіріңдер» дейді. Қояндар үйге қарай асыға жүгіреді. Орындықтың астынан еңбектеп өз торларына кіреді. Күзетші оларды қайтадан серуенге шығарғанға дейін қояндар торда отыра береді. Ойын 4-5 рет қайталанады.

Нұсқау

Еңбек ету үшін орындықтың орнына планканың түреуіне қойылған доғаны немесе керулі жіпті пайдалануға болады.

Кішкене маймылдар

Тәрбиеші балаларға бір-бірден немесе екі-екіден гимнастикалық қабырғаға жақындауды, бетін қабырғаға қаратып тұрып 3-4 тақтайшаға өрмелеп шығуды ұсынады. Бұлар-кішкене маймылдар. Қалған балалар кішкене маймылдардың жемісті ағаштың басынан қалай теріп жүргендерін отырып немесе түрегеліп тұрып қарайды. Бұдан соң ағаштардың басынан басқа маймылдар өрмелейді.

Нұсқау

Балалардың кішкене сатымен өрмелеп шығуға және одан түсуге әбден жаттыққан соң, оларға қабырғаның бір ашық аралығынан келесі аралығына – ағаштан ағашқа тырымысып шығуды ұсына отырып, тапсырманы күрделене түсуі керек.

Ертегілер

Атасының ақылы

—Төкенмен келісе алмай қалушы едің, қазір араларыңнан қыл өтпейтін болыпты ғой, Еркінім?! - деді бірде атасы.

— «Қыл өтпейді» дегенді түсінбедім, ата? - деп таңырқады немересі.

— «Тату-тәтті дос болыпсың» дегенім ғой.

— Кездескен сайын кәмпит берсе, онымен кім дос болмайды!

—Мен ешкіммен тамақ үшін дос болып көргенім жоқ, балам. Достықтың тамыры тереңде. Адал, ақылды балалармен дос бол! Адамға жақсылық жасаудың өзің бақыт санайтын адамдармен ғана дос бол! - деді атасы сонда.

С. Сейтенов

Жаман жолдас

Екі дос кісі жолдастасып келе жатып, бір аюға ұшырапты. Бұл екікісінің біреуі әлсіз, ауру екен, екіншісі мықты, жас жігіт, аюды көрген соң бұл жігіт, ауру жолдасын тастап, өзі бір үлкен ағаштың басына шығып кетті дейді. Ауру байғұс ағашқа шығуға дәрмені жоқ, жерге құлады да созылып, өлген кісі болды да жатты: есітуі бар еді, аю өлген кісіге тимейді деп. Аю бұл жатқан кісінің қасына келіп иіскелеп тұрды да, дыбысы білінбеген соң тастап жөніне кетті. Мұнан соң манағы жолдасы ағаштан түсіп, аурудан сұрапты:

- Достым, аю құлағыңа не сыбырлап кетті? Ауру айтты дейді:
- Аю құлағыма ақыл сыбырлады, екінші рет тар жерде жолдасын тастап қашатын достармен жолдас болма деді, — дейді.

Ы. Алтынсарин

Торғай мен көбелек

Балабақша ауласында қызыл, сары, ақ гүлдер өскен әп-әдемі гүлзар бар еді. Сонда бір теңбіл қанат ақ көбелек гүлден-гүлге қонып, шырын сорып жүрген. Оны бір қу торғай көре қалды да, ұстап жегісі келіп, қуа жөнелді. Көбелек гүлзар үстінде жоғары-төмен, оңға-солға бұлтартып қаша берді, қаша берді. Торғай да қыр соңынан қалмай, қанаты пыр-пырлап қуа берді, қуа берді. Жанталасқан көбелек бір гүлге барып қорғалып еді, қу торғай оны қақшып кете жаздады. Одан тағы да қайта ұшып, әрлі-берлі бұлтақтай қашып жөнелді. Біреуі аз болғандай, енді оған екінші торғай келіп шүйілді. Екеуі пыр-пыр етіп таласа кеп қуды. Бір торғайдың қанаты қағып, біреуінің тұмсығы да тиіп өтті. Міне, осы қиын сәтте ақ көбелек сонда жүрген бір кішкентай қыздың көйлегіндегі гүлге барып қона қалды.

Содан мысы құрыған екі торғай енді оған жуый алмай, жай-жайына кетісті.

Ақ көбелек болса қайтадан гүлзарға барып, гүлден-гүлге қонып, тағы да шырын сора бастады.

Т. Жексенбай

Гүлдер таласы

(ертегі)

Бағзы ерте заманда өсімдіктер патшалығында Қызғалдақ, Раушан гүлі, Бақытгүлі өмір сүріп жатады. Күндердің бір күнінде үшеуінің арасында «Қайсымыз жаз мезгілінде гүлдеуге лайықпыз?» - деген талас туады. Сонда шыдамсыздау Қызғалдақ бәрінен бұрын:

- Мен гүлдеймін жазда, - дейді.

Осы кезде тікенектері тікірейіп, жан-жағына тәкәппарлана қараған Раушан гүлі:

- Жоқ, жазда мен гүлдеуім керек! Менің өте жақсы жұпар иісім бар, - дейді.

Сабыр сақтап тұрған, шыдамды Бақытгүлі ең соңында баяу үнмен:

- Менің де жаз мезгілінде гүлдегім келеді, - деп өтінеді.

Бәрін сырттай бақылып тұрған, көп жыл жасаған Шырша былай дейді:

- Табиғаттың әр мезгілі өзінше ерекше сондықтан сендер былай істедер! – деп ақылын айтады.

- Қызғалдақ, сен суыққа төзімдісің. Сол себепті көктем мезгілінде гүлдеуің керек.

- Ал сен Раушан гүлі, жаздың аптап ыстығына төзе білесің. Саған шыдамдылық танытып, қапырық күн астында жаздай гүлдеуіңе тура келеді.

- Бақытгүлі, саған сабырлы қалпыңнан айнымай, күз басталғаннан қар түскенге дейін гүлдеген жарасады. Өзге гүлдің бәрі қурап, жер бетінен жоғалғанда сен ғана өз сұлулығыңмен жұрттың көзін тамсандырып, мейірім нұрын шашып тұратын боласың! – дейді.

- Ал мен сендермен таласпай-ақ, жыл он екі ай жасыл қалпымда тұра берейін, - деп Шырша өзіне келгенде табиғат сыйын көбірек алады.

- Содан бері көктем шыға даланы Қызғалдақ басып, бірақ сәл өкпесі бар болғандықтан аз уақыт гүлдеп жоғалып кететін көрінеді.

- Ал, Раушан гүлі күн нұрына малынып, ала жаздай ұзақ гүлдеп тұратын болыпты. Бақытгүлі болса гүлдеу мезгілін көп күтіп, күздің алғашқы күнінен қар жауғанға дейін гүлдеп, басқа гүлдерді жоқтатпай тұрады екен.

- Өзінің тапқырлығына риза болған Шырша, көктемде Қызғалдақтың әдемілігіне сүйсініп, жаз бойы Раушанның хош иісінен қуат алып, күздей әр түсті Бақытгүлінің көркіне қызығып, қысы-жазы жасыл түсті болып ғұмыр кешеді екен.

Г. Құлжабаева